Fundamental changes in society dictate new requirements for higher schools. A modern specialist should possess modern information technologies, possess communication methods, be able to transform the acquired knowledge into innovative technologies and work in a team, have the skills to independently acquire knowledge and improve their skills. In this regard, the assimilation of students a certain system of knowledge and professional skills is insufficient, there is a need to make a turn to training that takes into account the individual psychological capabilities of each student. The realization of this goal assumes that in a modern higher school the educational process should acquire the character of independent work of students, outside of independent work it is impossible to prepare an active person, a specialist necessary for modern society and production.

Key words: independent work, stimulate, modern education, forms, methods of work

Қазіргі заманымызда қоғамға өз бетімен жұмыс атқаратын, еркін де, кеңінен ойлайтын, өздігінен алдына мақсат қойып, оған жетудің әдіс-тәсілін анықтап, оны қолдана алатын кәсіби-маман қажет. Мұндай тұлғаның дамуына бағытталған білім беру кезінде, тұлғаның өздігінен білім алуы, өзін-өзі тәрбиелеуі, өзін жетілдіру процесі жатады.

Білім берудің жаңа сапаға жетудегі басты мақсаты - әлеуметтік белсенді шығармашыл тұлғаны қалыптастыру болып отыр.

Білімгердің өзіндік жұмысын ұйымдастырудың педагогикалық-психологиялық, әдістемелік негіздері білім беру жүйесінің барлық кезеңдерінде қарастырылады.

Жоғары оқу орындарында да оқу процесінде білімгерлердің өзіндік жұмысын ұйымдастыру сұрақтары нақты шешімін таппаған өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Білімгерлердің өзіндік жұмыстарының басқа жұмыстардан ерекшелігі –білімгер өз алдына мақсат қояды, оған жету үшін жұмыс түрін, тапсырманы таңдайды. Білімгерлердің өзіндік жұмысы - әрбір білімгердің дара және топтық іс-әрекетінің ең жақсы түрі, яғни оқытуға белсенді бағытталу, репродуктивті және шығармашылық жұмыстарды қалыптастыру және дамыту [1, 47 б.].

Тек белсенді өзіндік іс-әрекет нәтижесінде ғана жаңа білім мен дағдыны меңгеруге және жаңа білімге деген шығармашылық, ізденімпаздық қасиеттерді бекітуге болады. Білімгерлерді болашақ мамандыққа дайындауға, сонымен қатар болашақ маманның шығармашылық сапасын кәсіби дағдының негізінде қалыптастыруға аудиториядан тыс жұмыстардың қосар үлесі өте жоғары. Өз бетінше орындайтын жұмыстардың негізгі бағыттары – лекция материалдарын оқуға, кезекті практикалық және зертханалық сабақтарға, курстық жұмыстарды орындауға, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу т.с.с. септігін тигізеді.

Білімгерлерге өзіндік жұмыстар тек аудиториялық сабақ кезіндегі білім мен дағдыларды бекіту үшін ғана емес, дер кезінде ағымдағы тапсырмаларға есеп беру үшін емес, өзбетінше жұмыстарды орындау барысында білімгер оны ұйымдастырудың тиімді жолдарын, кітаппен жұмыс істеуді үйрену, өзбетінше білімін толықтыру, өз білімін ұштау, өз ойын тұжырымдау және жеткізе білуге үйренеді. Мұндай жұмыс барысында білімгер әртүрлі техникалық, педагогикалық ситуацияларды талдау және олардың дұрыс шешімдерін табуға үйренеді.

Білімгерлердің бойында қалыптасатын сапаларға өмірдің жаңа жағдайларына икемделе білуі, игерілген білім мазмұнын, оқу-танымдық әрекеттегі тәжірибесін пайдалана білуі және өз бетімен танымдық-практикалық шешім қабылдау, құндылық бағдарлы және коммуникативтік міндеттерді шеше білуі кіреді. Білімгерлердің өзіндік әрекетін жобалау және жүзеге асыру формалары мен тәсілдері тұрақтала бастаған кезде жалпы оқыту жаңа педагогикалық шешімдер мен түзетулерді, жан-жақты ойлануды талап етеді. Бұл алдымен, білімгерлердің өзінің іс-әрекетін ұйымдастыру мен өзіндік білім алу дағдыларын қалыптастыратын ақпараттық және телекоммуникациялық таным процесіне тарту жағдайында өзіндік әрекетінің аясын кеңейтеді.

Жалпы білімгерлердің өзіндік жұмысын ұйымдастыру мәселесі күн тәртібінен түскен емес. Дегенмен, білімгерлердің өзіндік жұмысын ұйымдастыруға үйрету тәсілдері бүгінгі күнге дейін өзектілігімен ерекшеленеді.

Бүгінгі күні еліміздің білім жүйесінде оқыту үдерісін тың идеяларға негізделген жаңа мазмұнмен қамтамасыз ету міндеті тұр. Жалпы жоғары білім берудің жалпыұлттық деңгейдегі басты мақсаты – Қазақстан Республикасының әлеуметтік, экономикалық, қоғамдық-саяси өміріне белсенді араласуға дайын, құзыретті тұлғаны қалыптастыруға ықпал ету. Білім берудің әлемдік озық тәжірибелерге сүйеніп әзірленген оқытуда жоғары оқу орын түлектерден күтілетін нәтиже - негізгі құзыреттіліктердің қалыптасуымен айқындалады.

Құзыреттілік – білімгердің әрекет тәсілдерін жан-жақты игеруінен көрінетін білім нәтижесі. Бұл білімгердің оқу-танымдық әрекетіндегі өзіндік қызметін анықтауына, өзінің бағдары мен өз іс-әрекетіне баға беруіне, іс-әрекет нәтижесін өзгемен салыстыруға мүмкіндік туғызады.

Білімгерлердің өзіндік әрекет дағдыларын қалыптастыруда бір-бірімен тығыз байланысты екі міндетті шешу қажет. Бірі – білімгерлердің танымдық көзқарасын қалыптастыра отырып дамыту, екіншісі - өзінің практикалық іс-әрекетін бағалауға, өзіндік қорытынды шығаруға, шешім қабылдауға баулу.

Өзіндік жұмыс терең де берік білім алу құралы бола отырып, білімгердің азамат, маман ретінде өмірден өз орнын табуға кепіл бола алады.

Бүгінгі күнге дейінгі тәжірибеде қолданып келе жатқан білімгерлердің өзіндік жұмысын ұйымдастыру және жүзеге асыру процесі бүгінгі күннің талабын толық қанағаттандыра алмай отыр. Оның басты себебі оқу-тәрбие процесінде білімгерлердің өзіндік әрекетін ұйымдастыра білуге баулу ісін жаңа, тың идеяларға негізделген озат технологияларды қажет етуінде.

Қазіргі таңда жоғары оқу орындарының оқу жоспарында білімгерлердің өзіндік жұмыстарына бөлінген сағат аз емес. Сол жұмыстағы кемшіліктердің бірі - кітапханалардағы білімгерлерге өзбетінше дайындалуға қажетті электронды оқулықтардың аздығы. Сол себептен қазіргі кезде осындай электронды оқулықтардың санын көбейту мәселесі туындап отыр. Білімгерлердің өзіндік жұмыстарын тиімді ұйымдастыру-білімгерлердің танымдық қызығушылығын арттыра отырып, өзінің әрекетін жоспарлауға, нәтижесіне жету жолдарын бағдарлауға мүмкіндік туғыза отырып, жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуына жағдай жасайды, білікті, бәсекеге қабілетті маман болып қалыптасуына үлкен әсерін тигізеді.

Білімгерлердің танымдық қызметі барысында өзіндік жұмыстарын ұйымдастырудың маңызы зор. Бұл мәселеге көптеген ғалымдар Ястребова Е.Б., Ерецкий М.И., Гарунов М.Г., Блохина Р.А., Сабодашев В.П., Вербицкий А., т.б үлкен мән беріп, зерттеген. Бұл зерттеулердің өзектілігі – білімгерлердің теориялық және практикалық білімді саналы игеріп, интеллектуалдық қызмет жасай білуге тәрбиелеу. Сондай-ақ, білімгерлер беріліп жатқан дайын біліммен қаруланып ғана қоймай, білімді тауып, ізденіп алуына, яғни білімгерлерді оқи білуге үйрету маңыздырақ.

Білімгерлердің өзіндік жұмысының (СӨЖ) басқа жұмыстардан ерекшелігі – білімгер өз алдына мақсат қояды, оған жету үшін жұмыс түрін, тапсырманы таңдайды.

«Өзіндік жұмыс» бәрінен бұрын басқа оқу жұмыс түрлерінің міндеттерін аяқтайды. Адамның ешбір білімі, егер де ол өзінің қызметінің объектісіне айналмаса, қажетті нәтиже бере алмайды, дейді Петровский [2, 77 б.].

Инновациялық білім беру – тұлғаға бағытталу, білім берудің негізділігі, шығармашылық, кәсіби бағдар, ақпараттық технологияларды қолдану деген түсініктердің жиынтығы. Сондықтан оқытушыны білімгерлердің қандай қасиеттерін, сапаларын дамыту керек, қалайша өзін-өзі дамыта білуіне көмектесуге болады деген сұрақтар толғантуы керек. Білімгерлердің ең алдымен, өзін-өзі дамыту, өзін-өзі тәрбиелеу, өз білімін жетілдіру, өзін-өзі бақылау мен бағалау әдет-дағдысын қалыптастыру тұлғаның шыңға (акме-шын, акмеология) жету жолы болмақ.

Жоғары оқу орындарындағы білімгерлердің өзіндік жұмысы оқыту лекция, практикалық, лабораториялық жұмыстар арқылы жүзеге асады. Лекция ақыл-ой әрекетінің тек 1-деңгейін, (тану) және біліммен танысу деңгейін қамтамасыз етеді. Ал білімгердің өзіндік жұмысы ақыл-ой әрекетінің 2-деңгейін: қабылдау мен қайта жаңғырту және білім көшірмесін игеруін қамтамасыз етеді. Одан әрі ол алған білімді практикада қолдану, ептілік, шығармашылық қабілеттерін дамыта алады. Оқытушы білімгердің білім алуға деген мотивін дамытуға, ішкі ынта-ықыласымен білім алуға ұмтылуына көмектеседі.

Оқытушының өзіндік жұмысты ұйымдастыруды жетілдіру бағытындағы жұмыстары:

- білімгерлердің зерттеушілік іскерлігі мен дағдысын қалыптастыру;
- өткен материалдарды жалпылай және қайталау алуы;
- алған білімді қолдану, оларды толықтыру, кеңейту дағдысын қалыптастыру;
- оқытушы білімгердің психофизиологиялық және академиялық үлгерімін ескере отырып, өз бетімен жұмыс жасауға бағыт-бағдар беріп, олардың дербестігінің дамуына мүмкіндік жасауы;

- білімгермен бірлескен іс-әрекет барысында оқытушы – білімгердің уақытын тиімді пайдалануға беретін түсіндірмелі-иллюстративті (схема, таблица, тезис, т.б.) материалдарды қолдануды үйрету, қажетті әдебиетті іздеу жолдарын көрсетуі;

- өзіндік белсенділігін, дербестігін дамыту үшін проблемалық баяндау, шығармашылық ізденіс әдістерін қолдануы;

- оқытушы білімгерге жеке тапсырма таңдауға (курстық жұмыс, реферат, ғылыми баяндама, үлгі сабақ жоспарын құруға) көмектесуі;

- әдебиеттермен қамтамасыз болуға, олармен жұмыс жасай білуі;

- тиімді әдіс-тәсілдер, тапсырма орындау жолдарын қолдана білуге үйретуі;

- жеке не бірнеше білімгерге кеңес беруі, білімгерлердің бір-бірімен жұмыс жасауын үйлестіруі.

Жоғары оқу орындарындағы білімгерлердің өзіндік жұмысы (СӨЖ) барлық оқу бағдарламасының басым бөлігін құрағандықтан, оның тиімді болуы маманның кәсіби бағыттылығының талаптарына сай жасалған өзіндік жұмысты ұйымдастыру үлгісінің дұрыс құрылуына байланысты болады [3, 87-88 б.].

Өзіндік жұмыстың тиімді ұйымдастырылуы тек өзіндік жұмыстың жүйесіне ғана емес, сонымен қатар **педагогикалық шарттардың** орындалуына да байланысты:

- білімгердің аудиториядағы және өзіндік жұмысының көлемінің дұрыс үйлесімі, білімгердің оқу жүктемесінің тиімді болуы, сабақ кестесінің дұрыс құрылуы, оқытушының өзіндік жұмыстың күрделілігін анықтауда білімгердің уақытын, орындау мүмкіндігін, оқу әдістемелік әдебиетпен қамтылуын ескеруі білімгердің өзіндік жұмыс нәтижесіне үлкен әсер етеді;

- әдістемелік тұрғыдан білімгердің аудиториядағы және одан тыс өзіндік жұмысын дұрыс ұйымдастыру, өзіндік жұмысты орындауға оқу орынның материалдық-техникалық базасының, оның қызметкерлерінің лайықтылығы. Білімгерлердің өзіндік жұмысын ұйымдастыруға қатысушылардың өз қызметтерін дұрыс атқаруы;

- білімгерлердің өзіндік жұмысының процесін шығармашылық процеске айналдыру мақсатында білімгерді қажетті әдістемелік материалдармен қамтамасыз ету. Оқу орынның кітапханаларында қажетті оқу әдебиеттерінің қорының, электрондық оқу құралдары мен электронды оқыту бағдарламасының және қазіргі таңдағы мықты ақпарат көздерінің бірі – интернеттің болуы.

- білімгер мен оқытушы арасындағы қатынасты білімгер белсенділігімен оның өз бетімен білім алуға ұмтылуы бағытына өзгерту жұмыстарын ұйымдастыру, сондай-ақ соған сәйкес білімгердің өзіндік жұмысын ұйымдастырудың тиімді әдістерін, формаларын, түрлерін, құралдарын дұрыс таңдау және қолдану.

- білімгерлердің өзіндік жұмысын ұйымдастыруға, яғни оқу формасына (күндізгі, сырттай), білім деңгейіне, оқу курсына, мамандыққа, пәнге, орындалу орнына байланысты ерекшеліктерді ескеру.

- білімгердің өзіндік жұмыс мәселелерін шешуде білім алушылардың жеке ерекшеліктерін ашуға, ой қабілеттерін дамытуға жағдайлар жасау.

Олай болатын болса, ғылыми негіздегі ұйымдастырылған білімгерлердің өзіндік жұмысы мен білімгерлердің оқу-танымдық әрекеттерін басқару жұмысы олардың саналы белсенділігін, жоғары оқу-кәсіби мотивациясын, оқу процесінің сапасын қамтамасыз етеді [4, 157 б.].

Өз бетімен орындайтын жұмыстары біріншіден, білімгерлердің ақыл-ойын таным белсенділігін, екіншіден сабаққа ынталарын, қызығушылығын, үшіншіден ешкімнің көмегінсіз дербес жұмыс істеу қабілеттерін дамытады.

Өз бетімен жұмыс істей алатын білімгер, тек білім, білік, дағдысы ғана емес, сонымен бірге ойлау қабілеті, еркін сөйлеу мәдениеті, саяси сауаттылығы өзіне деген сенімділігі, пәнге деген қызығушылығы, шығармашылық қабілеті оянады.

Білімгердің өзіндік жұмысы – математика пәнін оқуға өзіндік жұмыстың орындалу әдістерінің қалыптасуына бағытталғанымен, бұл жұмыс – білімгердің ғылыми, оқу кәсіби қызметін қалыптастырып, мәселелерді өзіндік шешуіне оптималды шешімдерді қабылдауға, дағдарыстық жағдайлардан шығуға арналған.

Жоғары оқу орындарында білімгер білімді өзі жинап, ғылымды өзі таниды, ал оқытушы тек білімгерлердің танымдық қызметін ұйымдастырады және бақылайды. Сондықтан, білімгердің өзіндік жұмысы – оқыту қызметінің барлық түрлерінің міндеттерін анықтайды.

Сонымен қатар, білімгерлердің өзіндік жұмыстарының тәрбиелік мағынасы өте зор. Өйткені, бұл жұмыс – білімгердің білім алудағы жеке жұмысын ғана емес, қазіргі замандағы жоғары кәсіби маманды тұлға ретінде қалыптасуына мүмкіндік береді.

Білімгерлердің өзіндік жұмысын ұйымдастыру жоғары оқу орындарындағы негізгі нормативті құжаттармен сәйкестендіріліп жүзеге асады, сонымен бірге жұмыс бағдарламасы, өзіндік оқуға берілген пән бөліктерінің материалдарымен іске асады. Білімгерлердің өзіндік жұмыс материалдары кафедра мүшелерінің профессор – оқытушыларымен өңделеді және өзіне келесідей құжаттарды қосады:

- бүкіл оқу пәндеріне есептелген СӨЖ графикасы;
- негізгі типтік бөлімдермен және жұмыстың оқу бағдарламасымен сәйкестендірілген тапсырмалар жүйесі;
- рефераттар, баяндамалар және шығармашылық жұмыстар тақырыптарын;
- семестрлік, курстық дипломдық жұмыстар тақырыптарын;
- негізгі және қосымша әдебиеттер тізімін;
- кеңестік көмек түрлерін;
- бағалаудың түрлерін, ұсынылатын жұмыс көлемін;
- бақылаудың түрлері мен формаларын т.б.

Білімгерлердің өзіндік жұмысын меңгеруді ұйымдастыру жағдайына келетін болсақ оны төмендегідей етіп жіктейміз: басшылық жасау жолымен меңгеру және әдістемелік жолмен меңгеру болып жіктеледі [5, 56-57 б.].

Басшылық жасау жолымен меңгеру деканат және кафедра деңгейінде өтеді. Деканат деңгейінде іске асуы жалпы басшылық пен бақылау жасауға келіп тіреледі. Оқытуды ұйымдастыру, оны әдістемелік және материалды – техникалық қамту, білімгерлердің өзіндік жұмысына стимул жасау, жоспарлау және тікелей бақылау сияқты жұмыстар кафедра деңгейінде басшылық жасауды көрсетеді.

Әдістемелік меңгеру:

1) Факультеттің оқу-әдістемелік кеңесі, кафедраның әдістемелік комиссиясы деңгейінде білімгерлердің өзіндік жұмысын ұйымдастырудың әдістемелік негізін құру және жұмыс қалпын бақылау.

2) Белгілі бір пәннің берілу деңгейінде білімгерлердің өзіндік жұмысының жоспарлауын, жетекшілік жасалуын және орындалуын бақылауды іске асыру.

Оқытушының қатысуымен іске асырылатын білімгерлердің өзіндік жұмысының түрлері, көлемі, формасы мен мерзімі және оны өткізу жағдайы мен СӨЖ кестесі білімгерлер мен оқытушыларға оқу жылының басында хабарланады. Білімгерлердің өзіндік жұмысының орындалуын бақылау кафедра меңгерушісінің жауапкершілігіне жүктеледі [6, 127 б.].

Білімгерлердің өзіндік жұмысын әдістемелік қамту мен меңгеруді іске асыру үшін кафедра пәннің бағдарламасы негізінде аудиториялық және аудиториядан тыс өзіндік жұмыстардың мазмұнын айқын ашып көрсететін, қажетті оқу-әдістемелік әдебиеттермен қамтылған болуы шарт. Осы мақсатпен кафедра мүшелері оқылатын пәндер бойынша оқу құралдары мен өз бетімен әзірленуге арналған әдістемелік нұсқаулар дайындайды. Олардың қатарына семинар, зертханалық, сарамандық сабақтардың мамандық ерекшелігін, білімгерлер контингентін, өзіндік жұмыс көлемі мен мазмұнын, бақылау формасын ескере отырып құрған әдістемелік нұсқауларды жатқызуымызға болады.

Жоғарғы оқу орнында өзіндік жұмысты тиімді ұйымдастыру оқытушы-профессорлар жағынан кеңессіз жүзеге асырылмайтыны белгілі. Білімгерлердің өзіндік жұмысы оқу жұмысының құрамдас бөлігі бола тұрып, алған білім, білік, икемділік дағдыларын бекітіп, тереңдету мақсатында және жаңа білім негізін алуға, оқу тапсырмаларын орындауға, сынақтар мен емтихандарға әзірленуге бағытталады. Білімгерлердің оқытушы басшылығымен өтетін өзіндік жұмысын мамандарды әзірлеуші кафедра ұйымдастырып, бақылайды.

Тағы атап өтейік, жалпы білімгерлердің өзіндік жұмысы - оқу іс-әрекеті тұрғысынан, аудиториялық оқу іс-әрекетін дұрыс ұйымдастыруға негізделеді. Соның ішінде бұл оқытушының сыртқы қадағалауынан білімгердің өзін-өзі қадағалауына және де сыртқы бағалаудан оның өзін-өзі бағалауының қалыптасуына өтуі мен олардың байланысына қатысты және бұл, өз кезегінде, оқытушының бақылау мен бағалауды жетілдіруін ұйғарады.

Бағалаудың ең басты мақсаты, ол білімгердің өсіп жетілуін анықтап, білімгердің қай деңгейге жеткенін бағалап, оқу бағдарламасындағы дәрістерді солардың талаптарына сай етіп, әр білім алушының тәжірибесінің табысты болуына себін тигізу. Ерекше талаптары бар қосымша көмек немесе араласуды қажет ететін білімгерді анықтау бағалаудың тағы бір себебі болып келеді. Дұрыс жасалған бағалау, нұсқау беру әдісі нені үйреніп, нені жаттап жатқандығы арасындағы белсенді байланысты қамтамасыз етуі керек.

Әр білімгердің кеміс жерлерін тапқаннан гөрі, олардың жетістіктерін атап көрсету, нұсқауды мәлімдеу арқылы балаға нені оқыту керектігімен қалай оқыту керектігін көзге түртіп көрсетуі, нұсқаудың үздіксіз және жүйелі жасалып, бірізділікті сақтап отыру, баланың әлеуметтік, әсершіл, танымдық даму процестеріне бағытталып, жан - жақты болып ескерілуі оқытушы мен білім алушылар арасындағы бірлескен белсенді қарым - қатынастың қамтамасыз етілуі, оқып үйренудің маңыздылығын айтып отыру керектігі. Білімгерлердің тиімді білім алуына және табысқа жетуіне қолайлы жағдай туғызылуы.

Жазбаша формада өзіндік жұмыс нәтижесі, тестілеу, конспект, реферат, баяндама, шығармашылық, бақылау, курстық, диплом жұмыстары, ғылыми мақала, шығарма, аудио, видеосепп түрінде болады.

Өзіндік жұмыс нәтижесін ауызша бақылау коллоквиум, конференция, іскер ойын, шығарма, мәлімдеме, жеке әңгіме және т.б. түрде болады.

Педагогикада модельдеу ғылыми теорияларды талдау негізінде дамып отырған, ал керісінше оларды жалпылап қорытындылауға, жинақтауға мән берілмей келеді.

Біз модельді қарастыруда объект процестері мен модель арасындағы үйлесімділікті сақтауға назар аудардық. Сондықтан да модельдеуде зерттеу проблемасының мақсатын, міндеттерін, мазмұнын, құралын, әдістерін, технологиясын, ұйымдастыру формаларын өзара байланыста қарастыра отырып, эксперименттен өткізіп, талдау-жинақтау негізінде жүргізілу қажет деп түйіндейміз.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. Педагогика. Алматы, 2000, 47 б.
2. Педагогика. Дәріс курсы. Алматы: Нұрлы әлем, 2003, 77 б.
3. Харламов И.Ф. «Педагогика» - 2000, 57 с.
4. М.Я. Виленский, П.И.Образцов, А.И.Уман. Технология профессионально-ориентированного обучения в высшей школе. Москва: Педагогическое общество России, Москва, 2005, 87-88 стр.
5. Асанов Н. Өзіндік жұмыстардың ерекшеліктері. Алматы, 2013, 157 б.
6. Р.Б.Исмаилова Білімгерлермен жүргізілетін өзіндік жұмыстарды ұйымдастырудың ерекшеліктері, 2012, 56-57 б.
7. Кулекеев Ж.А., Пивень Г.Г., Нургужин М.Р., Каланова Ш.М., Падиярова И.П. Системы менеджмента качества организаций высшего профессионального образования. Теория и практика. – Караганда: Издательство КарГТУ, 2014, 127 с.

ӘОЖ 373.2

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ КОММУНИКАТИВТІ ДАҒДЫЛАРЫН ОЙЫН АРҚЫЛЫ ДАМУЫ

Дүйсен А. Д., магистрант, Абитова Г. Т., PhD, қауымдастырылған профессор
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ.

E-mail: duysen.aygerim@mail.ru

Бұл мақалада мектеп жасына дейінгі балалардың коммуникативтік дағдылары, оны зерттеген ғалымдар, және оны дамытудың жолдары туралы жазылған. Сонымен қатар мектеп жасына дейінгі балалардың ойын арқылы коммуникативтік дағдыларының дамуына көңіл бөлінген.

Тірек сөздер: *Коммуникация, коммуникативтік дағдылар, ойын, мектепке дейінгі жас, сюжетті-рольдік ойындар*

В этой статье описываются коммуникативные навыки дошкольников, ученых, изучающих их, и способы их развития. Также уделяется внимание развитию коммуникативных навыков дошкольников в игровой форме.

Ключевые слова: *Коммуникация, коммуникативные навыки, игра, дошкольный возраст, сюжетно-ролевые игры*

This article describes the communication skills of preschoolers, the scientists who study them, and how to develop them. Attention is also paid to the development of communication skills of preschoolers in a playful way.

Key words: *Communication, communication skills, game, preschool age, story-role-playing games*

Қазіргі ХХІ ғасыр ғылыми технологиялық революцияның дамып, келешек жаңа ұрпақтың болашаққа нақты білім мен ғылымды пайдаланып алға нық қадам басуы үлкен еңбек пен қажырлықты талап етеді. Жаңа дәуір - педагогикалық қоғамдастықтың алдына жаңа міндеттер қояды, келешек ұрпақты заманауи дүниетаныммен қаруландыру, сәт санап емес сағат санап өзгеріп жатқан жаңа ақпараттық қоғамға дайындайды. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында «Күллі жер жүзі біздің көз алдымызда өзгеруде. Әлемде бағыты әлі бұлыңғыр, жаңа тарихи кезең басталды. Күн санап өзгеріп жатқан дүбірлі дүниеде сана-сезіміміз бен дүниетанымымызға әбден сіңіп қалған таптаурын қағидалардан арылмасақ, көш басындағы елдермен тереземізді теңеп, иық түйістіру мүмкін емес. Өзгеру үшін өзімізді мықтап қолға алып, заман ағымына икемделу арқылы жаңа дәуірдің жағымды жақтарын бойға сіңіруіміз керек» деп өз ойын білдірген болатын[1]. Осы мақсатқа қол жеткізу үшін назар аударатын бағыттардың бірі – мектеп жасына дейінгі балалардың коммуникативті дағдыларын дамыту болып табылады.

Еліміздің болашағы – жас ұрпақты тәрбиелеуде бірінші бесік – отбасы, ата-ана тәрбиесі болса, екінші бесік – мектепке дейінгі білім беру ұйымы. Мектепке дейінгі кезеңдегі тәрбие – адам қалыптасуының алғашқы баспалдағы. Мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеу дағдысы – мектеп жасына дейінгі ұйымдарда қалыптасатындығы барлығымызға мәлім және ол қазіргі таңда өзекті мәселелердің бірі. Соңғы уақытта тәрбиешілер мен ата-аналар көптеген балалар құрдастарымен қарым-қатынаста үлкен қиындықтарға тап болатынын алаңдаушылықпен атап өтті. Бұл, әдетте, серіктестік қарым-қатынас орната алмау немесе қалыптасқан байланысты сақтау және дамыту, кез-келген іс-әрекет барысында өз іс-әрекеттерін үйлестіру, белгілі бір балаға жанашырлық таныту іс-әрекеттерін орындау барысында қабілетсіздігі көрінеді.

Олай болса, мектепке дейінгі ұйымда бала өз ана тілін меңгеру барысында тілдік қатынастың аса маңызды түрі – ауызша сөйлеп үйреніп жатады, ол сөздерді байланыстырып айту арқасында жүзеге асады. Сөздің байланысты айтылуы баланың тілдік және ақыл-ой дамуымен біртұтас жүреді. Педагогика ғылымының тарихына үңілсек, баланың сөздерді дұрыс байланыстыра сөйлеуін дамытуда зор үлес қосқан Я.А.Коменский, К.Д. Ушинский, С. Л. Рубинштейн, А. М. Леушина, Т. Тихеева және т.б. зерттеушілердің еңбектерінен аңғаруға болады. Елдігімізді жариялаған сәттен бастап, жаңа заман талабына сай келетін қазақ тілінде жазылған бала тілін дамытуда зерттеулер жүргізген ғалымдар Б. Баймұратова, А. Меңжанова, М. Мұқанов, А. Бакраденова және т.б. еңбектерін де назар аудартуға тұрарлық. Бала тілінің дамуы қарым-қатынастың ең негізгі түп тамыры. Еліміз егемендігін қолға алып жас ұрпақтың болашағына маңызды жол ашып, білім нәрін сусындатып, тілдік құзіреттілікті дамытуды ең маңызды түйінге айналдырды.

Коммуникация (лат. communication байланысамын, қатынасамын) – адамдардың танымдық еңбек процесінде қатынас жасау, пікір алысу, ой бөлісу – олардың бір-бірімен әрекет жасауының айрықша формасы болып табылады. Коммуникация - қатысушының екеуіне де ақпараттың түсініктілік шарты орындалған кезде бір қатысушыдан екінші қатысушыға ақпаратты жеткізудің екі жақты процесі: екі немесе одан да көп адамдардың әлеуметтік психологиялық өзара әрекет ету процесі.

«Қарым-қатынас» термині көп мағыналы және көптеген зерттеулерде әртүрлі анықтама берілген. С.Л. Рубинштейннің шығармашылығында қарым-қатынас сөз мазмұнын тілдің көмегімен хабарлау немесе жеткізу деп түсіндірілген[2]. И.А. Зимняя қарым-қатынасты - өзара түсіністікке ықпал ететін бір-бірімен ақпарат алмасу процесі деп айтады [3].

Көптеген ғалымдар коммуникацияны және коммуникативті дағдыларды өздерінің зерттеу бағыты ретінде алынған болатын. Коммуникацияның психологиялық негіздері А. Б. Добрович, Е. Н. Ильин, А. А. Леонтьев, М.И. Лисина, А. Г. Рузская және т. б. зерттеулерінде қарастырған болатын. Мектеп жасына дейінгі балалардың коммуникативтік дағдыларын тікелей қалыптастырумен Л.Р. Мунирова, С. В. Проняева, Е. Г. Савина, О. С. Степина, О. А. Черенкова және т.б. айналысты. Олар қарапайым қарым-қатынас дағдыларының болмауы баланың құрдастарымен және ересектермен қарым-қатынасын қиындатады және алаңдаушылықтың артуына әкеледі деп атап өтті.

Мектеп жасына дейінгі балалардағы коммуникативті дағдылары дегеніміз - баланың өз құрдастарымен және ересектермен байланысқа түсуі, олармен қарым-қатынасты ұйымдастыру мүмкіндігі, қоршаған ортамен байланыс орнатудың ережелері мен заңдылықтарын білуі. Аталған коммуникативтік дағдылар мектеп жасына дейінгі балаларда бірлескен қызмет болған кезде дами алады. Мұндай қызметке қол жеткізуге мүмкіндік беретін негізгі іс-әрекет түрлерінің бірі – ойын.


Мектеп жасына дейінгі балалардың іс-әрекетінде - ойын жетекші рөл атқарады, сондықтан бұл жағдайды балаға қажетті барлық білім, білік, дағдыларды, оның ішінде қарым-қатынас, қимыл, шығармашылық дағдыларын дамытуда қолдану ең тиімді әдістердің қатарында.

Ойын сөйлеудің дамуына үлкен әсер етеді: кейбір балалар 6 айдан бастап сөйлей бастайды. Екі жасында балалардың көпшілігінде жеке сөздік қорында 1000-ға жуық сөзді қолдана алады және оларды өзінің қажеттіліктерін, ойлары мен сезімдерін білдіру үшін қарапайым сөйлемдерді қолдана бастайды. Осы уақытта балалардың әлеуметтік дағдылары бірінші, параллель ойын арқылы, кейін бірлескен ойынға ауыса бастайды. Алайда ойынның барлық кезеңдері тілдің ерте дамуына ықпал етеді.

Жалғыз ойын бала өз ойынына толығымен назар аударып, ешкіммен араласпаған кезде пайда болады. Бұл баланың белгілі бір уақыт аралығында шоғырлану және мұқият назар аудару қабілетін сақтай отырып, зейіні мен қабылдау дағдыларын ынталандырады. Бұл дағды балаға басқалармен сөйлесу үшін қажет, оған не айтылғанын тыңдайды. Параллель ойын сонымен қатар қарым-қатынас дағдыларын дамытудағы маңызды қадам

болып табылады және балаларға басқалармен тікелей бірге ойнаусыз араласуға мүмкіндік береді. Бірлескен ойын балаға құрдастарынан үйренуге мүмкіндік беру арқылы қарым-қатынасты одан әрі жақсартыады. Ойын балаларға өздері үйренген тілдік дағдыларды қолдануға және кеңейтілген сөздік қорын дамытуға мүмкіндік береді. Ересектермен және құрдастарымен өзара әрекеттесу балаларға басқаларды тыңдау арқылы сөйлеу дыбыстарын жақсартуға мүмкіндік береді.


Ойын – адамның өмір танымының алғашқы қадамы. Халық даналығында «Ойнай білмеген, ойлай да білмейді», «Ойында озған, өмірде де озады» деген аталы сөздер сырына жүгінсек, мектепке дейінгі жастағы баланың ойынға деген қарым-қатынасы, мінез-құлық көріністері олар өсіп есейгенде де жалғаса береді және балалардың қарым-қатынас дағдыларын дамуында елеулі орын алады.



А.М.Горький : «Ойын арқылы бала дүниені таниды» - десе, А.С.Сухомлинский: «Ойынсыз ақыл – ойдың қалыпты дамуы жоқ және болуы мүмкін емес. Ойын дүниеге қарай ашылған үлкен жарық терезе іспетті, ол арқылы баланың рухани сезімі жасампаз өмірмен ұштасып, өзін қоршаған дүние туралы түсінік алады. Ойын дегеніміз – ұшқын, білімге құмарлық пен еліктеудің маздап жанар оты» - дейді.

Н.К.Крупная ойынның байқағыштыққа ептілікке және басқа мінездерге тәрбиелейтінін атап өткен. Ол адамның дербестігін, ұйымдастырушылық дағдыларын дамытады.

Л.С.Выготский, А.Н.Леонтьев, Д.Б.Эльконин сияқты белгілі психолог ғалымдар: «Ойын баланың өзіндік өмірі» - деген ортақ тұжырымға келген.



С. А. Шмаков көптеген ойындарға тән келесі белгілерді анықтады: еркін жүргізілетін іс-әрекет, адамның қалауы бойынша жүзеге асырылады, бұл әрекет тек нәтижені көріп қанағаттану үшін емес, ойын барысынан, болып жатқан іс-әрекеттен ләззат алуға бағытталған («іс-әрекеттен рахаттану»); бұл әрекет шығармашылық, көбінесе импровизациялық сипатта жүргізілуі («шығармашылық аймағы»); іс-әрекеттің көтеріңкі көңіл-күйде жүргізілуі, бәсекелестікке бағытталған жарыс түрінде өтуі («эмоционалды шиеленіс»); ойынның мазмұны, оның дамуының логикалық және уақытша реттілігін көрсететін тікелей немесе жанама ережелердің болуы [4].

Мектеп жасына дейінгі балалардың коммуникативті дағдыларын қалыптастыруда тиімді және жетекші формалардың бірі – сюжетті-рөлдік ойындар. Психолог Д.Б.Эльконин сюжеттік-ойындарға мынадай анықтама берді: «Рөлдік немесе мектеп жасына дейінгі баланың шығармашылық ойыны дамыған түрде балалар өздеріне үлкендердің рөлін алатын және жалпы түрде арнайы жасалған ойын жағдайында үлкендердің әрекетін және олардың арасындағы қарым-қатынасты қайталау әрекеті» деп көрсетті.

Сюжетті рөлдік ойындардың көзі-балаларды қоршаған әлемдегі заттар, адамдар, табиғат, өздері мен үлкендердің өмірі мен әрекеттері. Ол мектеп жасына дейінгі бала үшін ең қызық ойын, ойында бала іштей еркіндіктің сезімін, өзіне бағынышты заттарды, амалдарды, қатынастарды басынан өткізеді. Сюжетті рөлдік ойынның ерекшелігі-оны балалардың өздері жасайды, ал олардың ойын әрекеті шығармашылық сипатта айқын көрінеді. Ойын баланың есте сақтау қабілетін, зейінін және ойлауын, қабылдауын қалыптастыруға ықпал етеді. Ойын баланың оқу іс-әрекетіне сәтті өтуі үшін қажетті көптеген дағдылар мен қабілеттердің дамуына нақты жағдай жасайды[5]. Осы ойға А. С. Макаренконың : «Бала өмірінде ойынның маңызы зор, ересек адам үшін, еңбектің, жұмыстың, қызметтің қандай маңызы болса, нақ сондай маңызы бар. Бала ойында қандай болса, өскен соң жұмыста да көп жағынан сондай болады. Сондықтан келешек қайраткерді тәрбиелеу алдымен ойыннан басталады» пікірі дәлел бола алады. Ойында бала үлкендердің кез келген ісін табысты істей алады, кез-келген ситуацияға кіре де алады, қалаған оқиғасын бастан өткізеді. Бұл мүмкіндіктер баланың практикалық әлемін кеңейтеді, дамуына жағымды эмоционалды рең береді. Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған сюжеттік-рөлдік ойындарының тізімі көрсете аламыз: «Көше» сюжеттік-рөлдік ойыны; «Аурухана» сюжеттік-рөлдік ойыны; «Мектеп» сюжеттік-рөлдік ойыны; «Шаштараз» сюжеттік-рөлдік ойыны; «Дүкен» сюжеттік-рөлдік ойыны; «Кітапхана» сюжеттік-рөлдік ойыны; «Отбасы» сюжеттік-рөлдік ойыны; «Құрылысшы» сюжеттік-рөлдік ойыны; «Ателье» сюжеттік-рөлдік ойыны; «Шекарашы» сюжеттік-рөлдік ойыны; «Ғарышкер» сюжеттік-рөлдік ойыны.

Келесі «Аурухана» сюжеттік-рөлдік ойыны мысалға келтіру арқылы ойын барысында жүргізілетін іс-әрекеттерді көре аламыз: Балалардың дәрігер мамандығы жайлы білімдерін кеңейтуге мүмкіндік алады: балалар дәрігері (педиатр), мейірбике, жедел жәрдем дәрігері, окулист (көз дәрігері), хирург, лоринголог, терапевт, стоматолог (тіс дәрігері), фармацевт. «Емхана» ойынын басқа ойындармен байланыстыру арқылы толықтыру және дамыту. Медициналық терминдермен балалардың сөздік қорын кеңейту. Топтарда ойынды ұйымдастыруға үйрету барысында достық қарым-қатынасты нығайту. Рөлдерге өз қалауларымен бөлуді үйрету. Ұжымдық ойында басқарушылық іскерліктерін қалыптастыра отырып, бірлестікке, ынтымақтастыққа тәрбиелейді. Балалар дәрігері жас балаларды емдейтінін және ол өте мейірімді жан екенін түсіндіру жұмыстарын жүргізе аламыз және қосымша К.И. Чуковскийдің «Дәрігер Айболит» ертегісінен үзінді оқып береміз.

Қорытындылай келе, мектеп жасына дейінгі балаларда коммуникативті дағдыларды қалыптастыруда және балалардың бір-бірімен қарым-қатынасын дамытуда сюжетті-рөлдік ойынның рөлі өте зор. Сюжетті-рөлдік ойын барысында балалар бір-бірімен диалогтік және монолог сөйлемдерді айту кезінді сөйлеу дағдысы дамиды; сөздік қоры

байытылады; жазбаша сөйлеудің алғышарттары қалыптасады, ең бастысы, мұндай ойындарға қатысу баланың сөйлеу белсенділігін, өз ойын еркін жеткізуге ынталандырады.

Педагогикада бала ойынына әрдайым ерекше мән беріліп келеді. Өйткені балалық шақтың түйсігі мен әсері адамның көңіліне өшпестей із қалдырады. Бала ойын арқылы өзін толықтырған бүгінгі қуанышын, ренішін, асқақ арманын, мұрат-мүддесін бейнелесе, күні ертең сол арман қиялын өмірде жүзеге асыруға мүмкіндік алады. Ойын баланың көңілін өсіріп, бойын сергітіп қана қоймай, оның өмір құбылыстары жайлы түсінігіне әсер етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Н.Ә.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру»/ https://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy
2. А.Г.Рубинштейн Основы общей учеб. пособие. СПб.: «Питер», 1999. 418 с.
3. И.А.Зимняя психология. М.: «Логос» 2004. 384 с.
4. Вавилова Л.Н., Кузина Т.С. Методические рекомендации / Под общ.ред. В.М. Паниной. – Кемерово: Изд-во ГОУ «КРИПО», 2007. - 94 с.
5. Менджерицкая, Д. В. Воспитателю о детской игре / Под ред. Т. А. Марковой. – М., 1982-145 с.

ӘОЖ 371.1

Ы. АЛТЫНСАРИННИҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МҰРАЛАРЫНДАҒЫ НЕГІЗГІ ИДЕЯЛАР

Ермекбай Ә., 6B01101 «Педагогика және психология» мамандығының 1 курс студенті

Ғылыми жетекшісі: **Сейдаева А. Н.** – п.п.ғ.м., оқытушы

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент қ.

Бұл мақалада Ы. Алтынсариннің педагогикалық мұраларындағы негізгі идеялар жайында қарастырылады. Сонымен қатар, жас ұрпақты тәрбиелеу ісінде оның педагогикалық еңбегінің құндылықтары нақтыланады.

Тірек сөздер: *Ы. Алтынсарин, педагогика, мұра, идея, жас ұрпақ, тәрбиелеу, еңбек, құндылықтар.*

Основные идеи в педагогическом наследии И. Алтынсарина. Кроме того, в деле воспитания молодого поколения уточняются ценности его педагогического труда.

Ключевые слова: *И. Алтынсарин, педагогика, наследие, идея, молодое поколение, воспитание, труд, ценности.*

The main ideas in the pedagogical heritage of I. Altynsarin. In addition, the values of his pedagogical work are specified in the education of the younger generation.

Key words: *I. Altynsarin, pedagogy, heritage, idea, young generation, education, work, values.*

Ыбырай Алтынсарин – қазақ халқының тағдырына ерекше көңіл бөлген ұлы ағартушы және педагог. Ы.Алтынсарин мұрасының басты идеяларының бірі – адами қарым-қатынас, жастарды еңбекке баулу. Ы. Алтынсарин – жас тәртіптің ұлттық білімін қалыптастыру мен жетілдіру ғасырлар бойы білім беру саласындағы қазақ халқының бай тәжірибесіне негізделуге тиіс деп санайтындардың бірі. Оның дүниетанымының қалыптасуына қазақ мәдениеті мен өнерінің терең білгірі, Жоғары интеллектісі, шешендігі мен елге деген құрметі бар атасы Балғожа ерекше әсер етті. Ыбырай бала кезінен халық

педагогикасында алған білім беру қызметі арқылы қазақ балаларына үлгі бола білді. Ы.Алтынсарин ұлттық эстетикалық тәрбие мәселелеріне қатысты ешқандай арнайы еңбектер жазған жоқ, бірақ Ы.Алтынсариннің ұлттық эстетикалық тәрбиеге байланысты педагогикалық қызметінде көрініс тапты[1].

Ы.Алтынсариннің еңбектері халқымыздың салт-дәстүрін сипаттайтын этнографиялық мәнге ие. Ы.Алтынсарин жастарға білім беру мен өнер мәселелеріне тоқтала отырып, құрғақ насихатқа бой алдырмайды, ол студенттердің санасына өз пікірін сіңіру үшін оқытудың әртүрлі әдістерін қолданады.

Ы. Алтынсарин өзінің еңбектерінде тәрбиелік және насихаттық мәнге ерекше көңіл бөлді. Ол өскелең ұрпақты адамгершілік пен ізгілікке, еңбек пен зейінге, өнер мен білімге тәрбиелеуге бағытталған. Оның пікірінше, адамдарға қажет білім мен өнерді игерудің негізгі тәсілі – бұл қарапайым мектептер. Ы. Алтынсариннің қызметіндегі ерекше орын балаларға білім беру және тәрбиелеу жұмыстарымен айналысады. Мұғалім мектепте оқу және тәрбие процесін жүргізетін адам ретінде танылады. Алтынсарин ғалымның қоғамдық маңыздылығын, надандықтың зиянын түсіндіреді. Бұл әсіресе «талаптың пайдасы» және т. б. әңгімелерінде байқалады.

Ыбырай Алтынсарин жазған «Қазақ антологиясы» 1879 жылы, яғни 137 жыл бұрын Орынборда басылып шыққан. Ол орыс әліпбиі негізінде жазған, бұрын қазақ кітаптары татар тілінде жарық көрген, арап және парсы сөздерінің қосындысымен жазылған және оқушыға түсініксіз болған. Ы.Алтынсариннің айтуынша: «... Азия халықтарында олар жоқ екенін есте сақтай отырып, біз осындай жетекші оқу құралдарын жақын орыс тілінде іздеуге тура келді; сондықтан біз бұл кітапты орыс хатымен басып шығаруды ұйғардық, сондықтан біз басып шығаратын кітап өзінің мақсатына сәйкес келеді және ғылыми және жалпы пайдалы орыс кітаптарына тікелей жол ашады. Шынында да, осы кітаптың негізінде студенттерге арналған оқулықтар шығарыла бастады. Адамгершілік, еңбексүйгіштік, парасаттылық пен қадір-қасиет, көңіл мен парасат, ата-ана, ел мен халыққа деген сүйіспеншілік, осы кітаптың шығармаларындағы құрмет идеялары мәңгілік мұра болып табылады. Бірнеше рет жаңартылған кітап әр кезеңдегі оқырманға түсінікті жазуда жарияланады. Кеңес заманында ол бірнеше рет мектеп әдебиет оқулықтарында және жеке коллекцияларда басылып шыққан. Социализмнің идеологиялық саясатына байланысты автордың (Құдай, пайғамбар) кейбір сөздері алынып тасталды. Алғашқы атауы «Қырғыз хрестоматиясы» болды. Кітаптың алғашқы редакторлары Ресей азаматтары ретінде қазақ сөздерін естігенде бұрмалаған. «Қалай болғанда да, бұл кітап – таза қазақ тіліндегі қазақ кітап шығару тарихындағы алғашқы кітап. Ол біздің еліміздің рухани алтын қорындағы әдеби мұра болып саналады», - делінген 2007 жылы «Білім» баспасында басылып шыққан «Қазақ антологиясы» кітабында.

Кітаптардың арасында Ы.Алтынсариннің табиғат туралы өлеңдері бар, олар көркем білім алуға шақырады, оларды бастауыш сынып оқушылары мазмұны жағынан оңай игеріп, есте сақтау оңай. Аударма тарихы, Ыбырайдың өзі жазған әңгімелер бар, мақал-мәтелдер де жазылған. Білім беру мағынасы балаларды сүйіспеншілікпен, адалдықпен және мейірімділікпен шабыттандыра бастайды. Бүгінгі білім беру бағдарламасы сонымен қатар оқу материалдарының оқушының жас ерекшеліктеріне сәйкес келуін талап етеді. Бұл бүгінгі күнмен сабақтастық.

«Қазақтарға орыс тілін үйретудің негізгі құралы» – бұл орыс графикасына негізделген ең алғашқы оқулық. Ол 1879 жылы Орынборда дүниеге келген. Бұл орыс грамматикасының қысқаша курсын қамтитын оқулық. Оқулық жеті бөлімнен тұрады:

- 1) заттардың атаулары (зат есімдер). Қазіргі аты;
- 2) зат есімдер-бекіту қасиетінің атаулары (сын есім);
- 3) аттарды есептеу (Сан). Аты нөмірі;
- 4) "орын" сөзінің бөлінуі (есімдік);
- 5) соңында, өзгермейтін сөздер (үстеулер, тіректер). -Білмеймін, - деп жауап бердім.;

6) предлог сөзінің бөлімі (жасыру);

7) етістік (етістік) сөзінің бөлігі.

Қазақ тілінен орыс тіліне көшіруге арналған сөздер. Оқулықтың алғы сөзінде оқулықты қалай оқыту керектігі туралы нұсқаулар берілген (оқыту әдісі бөлімдерден кейін де көрсетілген). Әр бөлім сөздіктен тұрады. Олардың әрқайсысынан кейін орыс грамматикасының негізгі және негізгі ережелері ұсынылады (мысалы, кейстер, көпше, сингулярлық тип, жыныс, тон жұрнақтары, зат есімдердің сын есімдері, зат есімдердің түрлері, етістіктердің шақтары және т.б.).

Ережелер қабылдауға ыңғайлы нұсқаулықта көрсетілген. Арнайы әдістемелік мақсат сөздер мен грамматикалық ережелердің тізімдерін ұсыну үшін қарастырылған: әдеби оқуды меңгермес бұрын студент сөздердің жеке топтарымен, бастапқы, негізгі ережелердің түрлерімен танысады және жүйелі оқу курсынан өтеді. Оқулықта бірде-бір орыс сөзін білмейтін қазақ баласы үшін тілді қайдан бастау керек деген сұрақ көтеріледі. Бұл кезеңнің орыс грамматиктері мен әдіскерлері айналыспаған күрделі жұмыс. Тілді үйрену кезінде бала бір уақытта екі бірдей дағдыларды үйренеді. Оқулықта орыс және қазақ тілдерінің грамматикасын салыстырмалы зерттеу қажеттілігі баса айтылған. Бұл нұсқаулық сол кезең үшін де, қазіргі заманғы талаптар тұрғысынан да терең негізгі лингвистикалық және әдістемелік жұмыс болып табылады. Мұнда шет тілін нөлден үйренуге арналған оқулықтың сипаты қандай болуы керек деген мәселе шешілуде. Сонымен бірге екі тілдің грамматикасын ұштастыру мәселесі алғаш рет Алтынсарин заманында зерттелген. Шет тілінде дұрыс жазуды үйрету және тілді оқыту мәселелері көтеріледі. Алтынсарин басшылығы тілді үйрену базалық тілдің лексикалық жүйесіне негізделуі тиіс деген қорытындыға келді.

Алтынсариннің пікірінше, мектептерге арнап жазылған оқу кітаптары олардың идеялық мазмұны мен нақты материалдары тұрғысынан ана тілінің бай қазынасына, халық даналығына негізделуі тиіс. 1868 жылы Орынбор губерниясы екіге бөлінді: бірі – Торғай, екіншісі – Орал облысы, Сол кезде Ы.Алтынсарин Торғай аудандық сотының уақытша қызметкері болған. Осы лауазымда жұмыс істей жүріп, ол қазақ даласында болып жатқан әділетсіздіктің куәсі болды. Ол қорғансыз қарапайым адамдарға көмектесті. Ең қарапайым очерктердің бірі болып табылатын «жұт туралы» шығармада біз ақ патшаға халыққа көмек сұрап жүгінген, егін егуге және мал жаюға жарамсыз тасты жерде тұруға мәжбүр болған қазақтардың өмірін сипаттайтын халық азаматының бейнесін көреміз. [3]

Алтынсарин өзінің мақалаларында жерді пайдалану, қазақтардың отырықшылыққа көшуі және т.б. мәселелерді көтерді, 1880 жылы «Орынбор парағы» газетінде ол Ресей империясының қазақ даласын отарлау, қазақ жұмысшыларының жерлерін мемлекеттік қорға алу туралы Заңының жобасына наразылығын білдірді. Ол сонымен қатар этнографиялық очерктер жазды. Мұнда адамның өлімімен байланысты Қазақ дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары, құда түсу дәстүрі егжей-тегжейлі сипатталған.

Педагог жаңа дәуірде қазақ әдебиетінің қалыптасуына елеулі үлес қосты. Ол қазақстандық жастарды, ең алдымен, оқуды, өнерді, білім мен технологияны меңгеруге шақырды. Ол ұңғыманы инемен қазып алғандай, еңбекқорлық, табандылық пен шыдамдылықты қажет ететінін ескертеді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Ыбырай Алтынсарин. Шығармалар жинағы. – Алматы: 1955. – 413 б.
2. «Ыбырай Алтынсарин мұрасының әлеуметтік, педагогикалық, өнегелі әлеуеті және қазіргі заман». Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдар жинағы. Қостанай, 2011. – 227 б.
3. Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы: Оқулық. – Алматы: Санат, 1997. 859-б.

ӘОЖ 159.9:378.144

БОЛАШАҚ МАМАНДАРЫДЫҢ КӘСІБИ ӨЗІН-ӨЗІ ДАМУЫҒА ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІК ӘСЕРІ

Есбергенова Г. Б., аға оқытушы, Сейилбаева Ж. Ж., 1 курс студенті
Еуразиялық Технологиялық Университеті, Алматы қ.

Мақалада психологиялық құзыреттілік мәселесі және оның болашақ мамандардың кәсіби өзін-өзі дамуына әсері талданады. Психологиялық құзыреттілік социномдық профильдегі мамандардың кәсіби маңызды сапасы ретінде қарастырылады, психологиялық білімнің болуын, сонымен қатар практикалық сауаттылықты болжау кәсіби шешуге ықпал ететін тұлғааралық өзара әрекеттесу әдістері міндеттері және жеке және кәсіби өзін-өзі дамыту шарттарының бірі болып табылады. Жеке және кәсіби өзін-өзі дамыту синергетикалық көзқарас тұрғысынан талданылады, бұл қажеттіліктерден туындайтын интегралды өзін-өзі дамытатын жүйе ретінде.

Өзін-өзі өзгерту және жеке өсу және жеке және кәсіби маңызды мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған мінез-құлық пен әрекеттерді өзін-өзі реттеу барысында жүзеге асырылады.

Психологиялық құзыреттілік - бұл процестің когнитивті және инструменталды негізі өзін-өзі өзгерту және өзін-өзі жетілдіру үшін рефлексивті және конативті ресурстарды ұсынатын әлеуметтік профильдегі мамандардың жеке және кәсіби өзін-өзі дамытуына қажеттілігі көрсетілген.

Тірек сөздер: жеке және кәсіби өзін-өзі дамыту, психологиялық құзыреттілік, болашақ мамандар, мотивациялық дайындық, рефлексия, өзіндік тиімділік, өзін-өзі актуализациялау.

В статье анализируется проблема психологической компетентности и ее влияния на профессиональное саморазвитие будущих специалистов. Психологическая компетентность рассматривается как профессионально важное качество специалистов социномического профиля, предполагающее наличие психологических знаний, а также свободное владение практическими способами межличностного взаимодействия, способствующими решению профессиональных задач и являющееся одним из условий личностно-профессионального саморазвития. Личностно-профессиональное саморазвитие анализируется с точки зрения синергетического подхода как целостная саморазвивающаяся система, которая порождается потребностями в самоизменении и личностном росте и осуществляется в ходе саморегуляции поведения и деятельности, направленной на достижение личностно и профессионально значимых целей. Установлено, что психологическая компетентность является когнитивной и инструментальной основой процесса личностно-профессионального саморазвития специалистов социномического профиля, обеспечивающей рефлексивные и конативные ресурсы самоизменения и самосовершенствования.

Ключевые слова: личностно-профессиональное саморазвитие, психологическая компетентность, будущие специалисты, мотивационная готовность, рефлексия, самоэффективность, самоактуализация.

The article analyzes the problem of psychological competence and its impact on the professional self-development of future specialists. Psychological competence is considered as a professionally important quality of specialists of a socionomic profile, assuming the presence of psychological knowledge, as well as fluency in practical methods of interpersonal interaction that contribute to solving professional problems and is one of the conditions for personal and professional self-development. Personal and professional self-development is analyzed from the point of view of the synergetic approach as an integral self-developing system, which is generated

by the needs for self-change and personal growth and is carried out in the course of self-regulation of behavior and activities aimed at achieving personally and professionally significant goals. It is established that psychological competence is a cognitive and instrumental basis for the process of personal and professional self-development of specialists of a socionomic profile, providing reflexive and conative resources for self-change and self-improvement.

Keywords: *personal and professional self-development, psychological competence, future specialists, motivational readiness, reflection, self-efficacy, self-actualization.*

Болашақ мамандарды кәсіби даярлаудың маңызды міндеттерінің бірі жоғары мектеп - бұл құзыреттілікті, ойдағыдай шешуге қабілеттілікті қалыптастыру кәсіби міндеттер болып табылады. Құрылымдағы әлеуметтік сала мамандары үшін жалпы кәсіби құзыреттілік психологиялық білім құзыреттілігі адамдар және олармен тиімді өзара әрекеттесу мүмкіндігі. Психологиялық зерттеу мәселесі қазіргі кезде құзыреттілік өте жоғары әлеуметтік мамандықтар мамандарының кәсіби қызметі процесінде оның ерекше рөліне байланысты өзекті болып табылады.

Бұл мәселені теориялық талдау зерттеудің көптеген әдістемелік тәсілдерінің бар екендігін көрсетеді шығармалардағы психологиялық құзыреттілік отандық психологтар ойлары. Сонымен, Л.А.Колмогорова қарастырады психологиялық құзыреттілік кәсіби және жалпы компонент ретінде мәдениет. Кәсіби психологиялық құзыреттілік пен жалпы құзыреттіліктің арасындағы айырмашылық шешілетін міндеттер мен мәселелер ауқымында, және сонымен қатар оларды шешу деңгейінде [9]. Автор психологиялық құзыреттілікті былай сипаттайды негізделген (сыртқы және ішкі) іс-әрекеттің тиімділігі, сындарлылығы арқылы дегенді білдіретін психологиялық сауаттылық білім, білік дағдыларын тиімді қолдану адам проблемаларын шешу және проблемаларды болдырмау. Психологиялық құзыреттілік интегративті ақыл-ой тәрбиесі Л.П.Урванцевтің жұмысында қарастырылған және Н.В. Яковлева «жетістік деңгейі қызметтің проблемалық жағдайларын шешу»[11, б. 67].

Жалпы құзыреттіліктің ұқсастығы бойынша олар психологиялық құзыреттілікті өкілдік ретінде анықтайды жеке тұлғаның санасында проблемалық жағдайлардың психологиялық мазмұны және оларды шешу әдістерін иелену. Н. В. Яковлева психологиялық құрылымы екенін ескертеді. Біліктілік, сонымен қатар кәсіби, белгілі бір қызмет түрлері үшін ерекшеленеді, өйткені ол проблемалы түрде анықталады нақты жағдай мамандықтар [13]. Кей көзқарас шеңберінде А.А.Деркач пен В.Г.Зазыкин психологиялық құзыреттілікті кәсіпқойдың негізгі компоненті деп санайды. Оның құрылымына олар әлеуметтік-перцептивті, әлеуметтік-психологиялық, аутопсихологиялық, коммуникативті және психологиялық-педагогикалық жатады [5]. Пән тұрғысынан студенттердің мансаптық құзыреттілігінің проблемасы тәсілді А.Н.Яшкова қарастырады [14]. Коммуникативті ұғымдармен қатар, психологиялық әдебиеттегі психологиялық құзыреттілік деген ұғым бар аутопсихологиялық құзыреттілік.

Атап айтқанда, А.С.Гусева мен В.В.Лешин аутопсихологиялық құзыреттілікке баса назар аударады, бұл үшін маңызды. Прогрессивті жеке және кәсіби дамуды жүзеге асыру [4]. Олардың зерттеулері интроспекцияның сапасы, адекваттығын көрсетеді өзін-өзі бағалау, өзін-өзі реттеу деңгейі, өзін-өзі тиімділік және басқа да маңызды қасиеттер. Н.В. Кузьмина аутопсихологиялық құзыреттілікті дайындық ретінде анықтайды және жеке тұлғаның мақсатты психологиялық жұмысқа өзгеру қабілеті тұлғалық ерекшеліктері мен мінез-құлық ерекшеліктері [8, б. 56]. Аутопсихологиялық құзыреттіліктің рөлі әсіресе үлкен оның ішінде өзін-өзі дамытуды жүзеге асыру жеке және кәсіби.

Акмеологиялық тұрғыдан аутопсихологиялық құзыреттілік жеке тұлғаның дайындығы мен қабілеттілігі ретінде қарастырылады мақсатты психологиялық жұмысқа жеке тұлғаның қасиеттерін, оның мінез-құлқын, әрекеті мен қарым-қатынасын

прогрессивті жеке және кәсіби бағытта өзгерту туралы даму. Бұл сондай-ақ нәтиже тұлғаишілік кеңістіктегі мақсатты бағдарлау қабілеті.

Аутопсихологиялық құзыреттілік адамның пайдалану және өз ресурстарын дамыту, сондықтан ол жататын психологиялық қызметтің ерекше түрінің нәтижесі болып табылады тұлға ішілік белсенділік сыныбы. Ол субъект - адамның өзін-өзі дамытуы және өзін-өзі жетілдіруі [4].

Біз психологиялық құзыреттілік социномикалық саланың мамандары белсенділік тұрғысынан психиканың арнайы тәрбиесі ретінде қарастырылады, бұл сәтті факторлардың бірі кәсіби қызмет [3].

По словам доктора философских наук, профессора кафедры иностранных языков Евразийского Национального Университета имени Л.Н. Гумилева, Тажибаевой С.Ж.:

«Республика Казахстан осуществляет кардинальную модернизацию системы образования, активно внедряет политику полиязычия в образовательный процесс. Лишь немногие страны СНГ развивают полиязычие на государственном уровне. Большинство постсоветских республик из разряда стран с ярко выраженным двуязычием повернули свою языковую политику в сторону монолингвизма. В Казахстане полиязычие развивается на государственном уровне в соответствии с задачами, поставленными Президентом РК Н.А.Назарбаевым. Реализуется инициатива Главы государства – проект «Триединство языков». Полиязычие, как стратегически важная задача образования поставлена и в Государственной программе развития образования на 2011-2020 годы. К 2020 году 100% населения Казахстана должны владеть казахским языком, 95% — русским и 25% — английским, но есть и промежуточные точки отчета» [2].

Данная направленность, несомненно, имеет свою высокую ценность, но она не затрагивает вопрос «качества знания языков. Владение языком весьма абстрактное понятие. Оно может подразумевать как и свободное использование бытовой речи, так и высокий академический уровень знаний языков, позволяющий излагать свое мнение на вопросы из разных сфер деятельности человека.

Первый аспект данного вопроса, это, несомненно, сам контекст данной программы. Ее методика противоречит самой цели проекта Главы государства «Триединство языков». На основании статьи Тажибаевой С.Ж. можно заключить, что целью является чтобы 100% населения свободно владело казахским языком, 95% - владело русским языком, а 25% - английским. Если для русского и казахского языков эта направленность и имеет определенный смысл и способы действительной реализации, то для английского языка и его участия в жизни жителей Республики Казахстан такая направленность фатальна.

Целью политики полиязычия все же должен являться 100% охват населения республики, из которых 25% могут иметь достаточно высокий уровень знаний иностранного языка, но а остальным необходимо получить хотя бы уровень B1 (Intermediate Level) английского языка согласно международному стандарту. Так как невозможно заставить целую страну овладеть иностранным языком за одно или два поколения, но можно построить качественный фундамент, который поможет всем 100% населения, с течением времени, овладеть этим языком. Смысл политики должен заключаться не в 25% граждан владеющих в совершенстве английским языком, а в 100% населения страны, которые могут создать говорящее на трех языках сообщество, в котором языки, со временем, выйдут на совершенно другой качественный уровень использования.

Следующий фактор - это сама языковая политика государства 2020-2025. На основании Постановления Правительства Республики Казахстан от 31 декабря 2019 года №1045 о государственной программе по реализации языковой политики в стране на 2020-2025 годы, доля участников письменной коммуникации, использующих латиницу должна составлять в: 2022 году – 10%, 2023 году – 20%, 2024 году – 30%, 2025 году – 50%.

Доля населения, владеющего государственным языком: в 2020 году – 90,5%, в 2021 году – 91%, в 2022 году – 92%, в 2023 году – 93%, в 2024 году – 94%, 2025 году – 95%.

Доля казахоязычного контента в государственных средствах массовой информации: в 2020 году – 74%, в 2021 году – 75%, в 2022 году – 76%, в 2023 году – 77%, в 2024 году – 78%, в 2025 – 79%.

Доля населения, владеющего тремя языками (казахским, русским и английским): в 2020 году – 26%, в 2021 году – 27%, в 2022 году – 28%, в 2023 году – 29%, в 2024 году – 30%, в 2025 году – 31% [3].

Согласно этим данным, можно заметить, что доля участников письменной коммуникации, использующих латиниграфический алфавит должна составлять на 2022 год всего 10%, а доля населения, владеющего тремя языками составляет всего 27%, на момент 2021 года, то есть меньшинство. Тогда, исходя из вышеперечисленного, можно заключить, что вопрос перехода на новый алфавит несвоевременный и не имеет достаточной академической базы английского языка для внедрения. Представлять процесс перехода на латиниграфический алфавит по частям, составляющим некоторые из многих категорий всего населения не представляется логичным и возможным к осуществлению в ближайшее десятилетие, в частности, больше всего это касается сферы образования.

Для полноценного использования и внедрения латиниграфического алфавита в полиязычную образовательную среду Республики Казахстан необходимо понимать, что первостепенной проблемой является создание материальной базы в виде дидактического и методического материала, использующего данный вид алфавита. На данный момент это не представляется быстро разрешимым вопросом, так как для успешного внедрения требуется как минимум перевести большую часть предыдущих учебных пособий, книг, материалов и заданий согласно новому алфавиту.

Даже частичное внедрение латиниграфического алфавита в небольшие группы населения будет нуждаться в полной подготовке всего учебного материала.

В разрезе преподавания и обучения, данное решение представляет собой не просто вопрос, имеющий ряд недоработок, но трудоемкий и, скорее, негативный учебный процесс. Каждому преподавателю придется пройти курс достаточно длительный курс переподготовки для того, чтобы адекватно взаимодействовать с новым алфавитом. Тем не менее основная проблема будет заключаться в подготовке материала согласно новому стандарту нового алфавита. Если ранее преподаватели пользовались специальной литературой одобренной МОН РК, то после внедрения латиниграфического алфавита и отсутствия достаточной методической базы, каждому придется выполнять роль не только педагога, но и методиста, что является чрезмерной нагрузкой, которая скажется резко негативно на всем процессе обучения.

Далее следует рассмотреть вопрос владения тремя языками (казахским, русским и английским). Согласно предыдущим данным, процентная доля населения владеющего всеми тремя языками является - 26%. В Республике Казахстан, по данным портала Kazakhstan Life на данный момент проживает 18 миллионов человек.

Следующий - пункт 3, гласит о «Развитии языкового капитала граждан Республики Казахстан» и пункт 3.2 также гласит о «Развитии языков этнических групп».

Все вышеперечисленные пункты конфликтуют между собой по смысловому содержанию и идут вразрез с политикой Главы Государства о «Триединстве языков».

Этот смысловой конфликт можно заметить и в разделе «Целевые индикаторы», в котором планируется рост казахоязычного контента в государственных средствах массовой информации с 74%, в 2020 году, до 79% в 2025.

Предыдущая политика повлияла на демографический отток русскоязычного населения и увеличение процентных долей населения тюркской языковой группы. Это является негативным фактором для полиязычной среды в Республике Казахстан, так как наблюдаются демографические потери среди носителей разных этнических групп, для которых регрессия русского языка в языковом поле Казахстана являлась одним из факторов в пользу эмиграции из республики [4].

Далее следует отметить, что согласно данным портала Informburo «Больше всего в Казахстане учителей в возрасте от 36 до 49 лет (54%)». Это говорит о том, что 54% учителей являются изначально гражданами СССР, в котором образовательная система и язык преподавания базировались в основном на русском языке и, после обретения независимости Республики Казахстан, произошла кадровая переподготовка специалистов с ориентиром на государственный язык обучения - казахский. На момент 1991 года и по сей день, алфавитом и основой казахского языка являлась кириллица. Это означает, что вся учебная и научная литература, дидактический и методические материалы были написаны на кириллице, на протяжении более 30 лет. Работа над переводом зарубежной и советской литературы и разработка собственного материала на кириллице проводится и по сей день [5].

Следовательно, можно заключить, что переход на новый алфавит потребует от себя значительного времени для реализации и потребует от себя перехода не только самого казахского языка и предметов обучения на нем, но и русского языка, который также остается языком межнационального общения и коммуникаций.

ЛИТЕРАТУРА:

1. (<https://www.zakon.kz/5013772-utverzheny-pravila-pedagogicheskoy.html>)
2. (<http://repository.enu.kz/bitstream/handle/123456789/7824/Poliazichnoe-obrazavania-v-RK-problemi-i-perspektivi..pdf>)
3. (<https://primeminister.kz/assets/media/gosudarstvennaya-programma-po-realizatsii-yazykovoy-politiki-v-respublike.pdf>)
4. (https://ru.wikipedia.org/wiki/Национальный_состав_Казахстана)\ (<https://informburo.kz/novosti/opros-talis-90-uchiteley-v-rk-dovolny-svoey-rabotoy-i-shkoloy-v-kotoroy-prepodayut92378.html#:~:text=B%20Казахстане%2076%25%20учителей%20составляют,стр анах%20ОЭСР%20-%2052%20года>)

ӘОЖ 159.9

БАЛАЛАРДЫҢ ҚОҒАМДЫҚ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ДАМУ П ҚАЛЫПТАСУЫНЫҢ АЛҒЫШАРТТАРЫ

Мамилина С. К., магистр, аға оқытушы

Ырымтай А. Ж., Педагогика және психология мамандығының 4 курс студенті

І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ.

E-mail: mamilina_samal@mail.ru

Бұл мақалада балалардың қоғамдық ұйымдарының әр түрлі тарихи кезеңдердегі даму жолдарына және оның мақсатына түсіну үшін кейбір ғылым мағлұматтар келтірілген.

Тірек сөздер: балалар, ұйым, скаут, тәрбие, балалар ұйымы.

В данной статье приведены некоторые научные материалы для понимания путей развития детских общественных организаций на различных исторических этапах и их цели.

Ключевые слова: дети, организация, скаут, воспитание, детская организация.

This article provides some scientific information to understand the ways of development of children's public organizations in different historical periods and their goals.

Key words: children, organization, Scout, education, children's organization.

Балалар және жасөспірімдер бірлестіктері (БЖӨБ) тәрбиеленушілердің қызығулары мен қажеттерін қанағаттандыру негізінде олардың мүмкіндіктерін дамыту мен іске асыруда көмегін тигізеді. Мұндай бірлестіктер әр балаға өз қалағанымен айналысуға, өз мүдделерін қорғауға, өзіндік басқару жұмыстарына араласуға мүмкіндік береді. БЖӨБ-де тәрбиеленушілер қоғамдық қатынастар тәжірибесін игереді, сонымен бірге өздеріне жаңалық болған әлеуметтік рольдерді атқаруға үйренеді.

Балалардың қоғамдық ұйымдарының әр түрлі тарихи. кезеңдердегі даму жолдарына және оның мақсатына түсіну үшін кейбір ғылым мағлұматтарды еске түсіріп, сөз етсек артық болмайды.

XX ғасырдың басталу кезеңінде балалардың және жасөспірімдердің скауттық ұйымдары пайда болды. Бұл ұйымдардың негізгі идеяларын жасаған ағылшын полковнигі Баден — Поуэлл (1857-1941)- Оның идеялары 1897 жылы баспадан шыққан «Инструкция для скаутов» атты кітапта толық жарияланған.

Скаутизм (англия тілінде scout — барлаушы деген мағынаны білдіреді) — бұл көп таралған мектептен тыс тәрбие жүйесі, балалардың, және жасөспірімдердің скауттық ұйымдарының негізгі іс-әрекеттері. Скаутизмнің негізгі мақсаты — жас жеткіншектерді буржуазия қоғамының идеалына берілгендік рухында тәрбиелеу.

1921 жылы скауттар ұйымдары Ұлыбританияда, Германияда, Италияда, Францияда, Индияда тағы да басқа елдерде де өркендей бастады. 1972 жылы скауттар ұйымдары 106 мемлекеттерде жастар арасында жұмыс істеді [1].

Ресейде скауттардың отрядтары алғашқы рет 1909 жылы Патша селосында (қазіргі Пушкин қаласы) ұйымдастырылды. 1914 жылы екінші Николайдың указы бойынша «Русский скаут» қоғамы құрылды. Бұл қоғамның негізгі мақсаты — жастарды ұлы державалық шовинизм және монархиялық құрылысқа берілгендік рухында тәрбиелеу болды.

1917 жылы Ресейде 50 мың скауттар болды. 1918-20 — жылдары комсомолдардың II, III және IV-ші съездерінің шешімдері бойынша скауттар топтары таратылды. Олардың орнына жаңа балалар ұйымдары құрылды. Скауттар ұйымдарының тәрбие жүйесіндегі негізгі мақсаты мен принциптері теріске шығарылды. Бірақ, скауттар жұмыстарының кейбір формаларын (ойын, спорт, туризм, техника, өзіне-өзі жұмыс істеу дағдыларын үйрету, жиын, жыл сайын лагерь ұйымдастыру, жорық, саяхат т. б.) коммунистік жастар ұйымдарының практикасында балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес қолданудың орынды екені көрсетілді. Өйткені, скауттар қозғалысы әр түрлі іс-әрекеттерін барлау, іздену және зерттеу арқылы тани білуге, оларды өмірде қолдана білуге үйретеді, тәрбиелейді [2].

1920-30 жылдарда бұрынғы КСРО-да және кейбір басқа мемлекеттерде жасөспірімдер мен балалардың коммунистік ұйымдарының өсуі, бұрынғы социалистік және көптеген капиталистік елдерде пионерлер мен балалардың демократиялық ұйымдардың шығуы және Азияда, Африкада, Латын Америкасында балалар мен жастардың демократиялық қозғалысы скауттар ұйымдарының ықпалының төмендеуіне әсер етті. Өйткені, скауттардың Заңы, анты, ұраны буржуазиялық моральді бейнелеп келді. Демек, скауттар мүшелерінен өз басшыларына, ата-аналарға, мемлекетке бағынуды, бой ұсынуды, керек десе табынуды да талап етті, міне, осылардың негізінде көп жылдар бойы КСРО-ғы жастар ұйымдары мен скауттар ұйымдарының арасында келешек ұрпақты тәрбиелеу мәселелеріне байланысты кейбір қарама-қарсы көзқарастар орын алып келді. Мұндай бір-біріне қарсы пікірлерді қарастырсақ, олардың түпкі мақсаттарының бір бағытты екендігі байқалады.

1990 жылдан бастап Бүкілодақтық пионер слетінің шешімі не сәйкес балалардың қоғамдық қозғалысының дамуында елеулі жаңа өзгерістер болды. В. И. Ленин атындағы Бүкілодақтық пионер ұйымының балалар қозғалысының жалғыз және бірыңғай формасы, демек, орталық басқару органы болудан уәкілдігі тоқтатылды. Бұл жөнінде ресейлік скауттардың ашық Мәлімдемесінде: «Біз, Біріккен Ұлттар Ұйымының Конвенциясына» балалар және жасөспірімдер қозғалысының қиын тәжірибесіне сүйене отырып, балалар мен жасөспірімдер ұйымдарының, бірлестіктерінің мақсаты — балалар мен жасөспірімдердің азамат болып қалыптасуына жағдай жасауды, олардың құқын қорғауды қажет деп мәлімдейміз» [3].

Осыған орай, балалар және жасөспірімдер ұйымдары, бірлестіктері саяси-экономикалық, білім және тәрбие жүйесінде өздерінің орнын тауып, жастарды мүддесіне және тілегіне сәйкес балалар мен жасөспірімдер қозғалысын дамытуда нақты үлес қосулары қажет. Ол үшін барлық мемлекеттік мекемелер, қоғамдық және басқа ұйымдар балалар және жасөспірімдер қозғалысының дамуына барынша жәрдемдеседі, қаржылай, практикалық және әдістемелік көмек көрсетеді.

Соңғы жылдары балалар қозғалысында скаутизм қайта оралды. 1990-1991 жылы бұрынғы КСРО-да 70-тен астам скауттар отрядтары жұмыс істеді. Бұған дейін скауттар бірлестіктері Балтық маңы елдерінде, Украинада, Белоруссияда және басқада Республикаларда пайда болды. Егер бұл жағдайды балалар қозғалысының дамуы тұрғысынан қарастырсақ әбден заңды деп айтуға болады. Скауттар қозғалысының тартымдылығы жақтаушыларының, ізбасарларының санының өсуіне және өмірге икемділігіне, тіршілікке қабілеттілігіне мүмкіндік туғызады.

1991 жылы бұрынғы КСРО-н құлауына байланысты оның құрамындағы барлық одақтас Республикалар егеменді мемлекеттерге айналды. Олар бостандық алып, жастардың қоғамдық ұйымдарын жаңа демократиялық талаптарға сай ұйымдастыруды қажет деп тапты.

Осындай қоғамның қозғалыс процесінің өзгеруіне байланысты жаңа жағдайда балалардың көптеген бірлестіктері, ұйымдарды, одақтары, құрыла бастады. Мысалы, Ресейде, «Пионерлер, балалар және жеткіншектер ұйымдарының Федерациясы», Қазақстанда «Пионерлер және балалар ұйымдарының одағы», Киевте (Украина) «Пионерлер, балалар мен жасөспірімдер ұйымдарының одағы», Мәскеуде «Пионерлер ұйымдарының одағы және балалар — жасөспірімдер бірлестігі «Ресейлік жастардың барлаушылар ұйымы». «Мәскеулік скауттар» одағы, Челябин облысы «Скаут отряды», «Орел-20» т. б. [4,5].

Балалар ұйымдары – балалар мен жасөспірімдердің ерікті ұйымдары. Бір мақсат пен қызығушылықтар негізінде құрылған. Практикада «Балалардың қоғамдық ұйымдары» және «Балалардың қоғамдық бірлестіктері» кейде синоним ретінде де қолданылады. Балалардың қоғамдық ұйымдарына ассоциациялар, федерациялар, кеңестер, лигалар, фондтар және басқа да ұйымдар жатады.

Балалардың қоғамдық ұйымдарының түрлері

Кез келген балалар ұйымының ерекшелігі оның қай білім мекемесінде, қоғамдық ұйымда құрылғанымен байланысты.

Солардың ішіндегі жиі кездесетін балалар ұйымдарын қарастырып көрелік:

Мектептік сынып – оқушылар ұжымы, білім мен тәрбие мақсатында құрылған ұжым. Бұл – формальды балалардың жас ерекшелігіне байланысты бір бағдарламамен оқыту ұжымы сынып жетекшісі оқушыларға мектептің талабымен, оқу жүктемесімен, тәртіп ережелерімен, т.с.с. таныстырады.

Клубтық ұйым – спорттық секция, үйірме жұмыстары, клубқа бала өз еркімен келеді. Белгілі бір нақты ұйымды таңдап алу себебі қызмет мазмұнының тартымды болуы («Футбол ойнауды үйрегім келеді»); ұжым жетекшісі («Соған ұқсағым келеді»); («Маған онымен қызықты»). Мұнда қатаң белгіленген бағдарлама жоқ. Клуб жалпы қызығушылықтар негізінде құрылады. Бұл «жан – жақты болу» ережесі сияқты.

Балалардың қоғамдық ұйымы – бұл ең алдымен ұйымдастырушы, өзін-өзі басқарушы адамдардың өз еріктерімен балалар мен үлкен адамдардың қалауы бойынша балалардың сұранысын, қажеттілігін, мұқтаждықтарын бейнелейтін белгілі бір мақсатқа жету үшін қатысушылардың көтерген бастамалары мен қалаулары бойынша құрылған қауымдастық.

Уақытша балалар ұжымы. Уақыты 10 күннен 45 күнге дейіншектелген. Ол лагердегі отряд, экспедиция, жорық, сапар, зерттеу тобы болу мүмкін. Балалардың мұндай ұжымына төмендегідей сипаттамалар тән:

автономдық – балалар жанұя мектеп тағы басқа ортаның әсерінен тыс, бұл баланың «басқа болуына» мүмкіндік береді.

жиынтылық – бір топта әртүрлі өмірлік тәжірибесі тәртібі, қарым – қатынасы бар балалардың болуы;

Бұл ұжымда жаңа талаптарға бағыну қажеттілігі туады. Бұл үлкен моральдық қысымға алып келеді.

Ұжым – ортақ бір мақсатты көздеген адамдар жиынтығы. Адамдардың ұжымға бірігуі көбінесе бірлесіп жұмыс істеп, қызметтес болу нәтижесінде асады.

Бүгінгі таңда ғылымда бұл түсініктердің әр түрлі баламалары бар. Мысалы Сорочинскаяның «Балалар қозғалысы – балалардың қоғамдық ұйымдары мен бірлестіктерінде жасөспірімдердің іс - әрекеттері мен қызметінің жиынтығы».

В.А. Луков «Балалар қозғалысы – бұл оқушылардың кластастары ортасында әлем және оған әсер ету ұжымдық әдісі».

Л.В. Кузнецов Ұйым – бұл ортақ бір мақсатты көздеген, белгілі бір анықталған қызметі, мүшелерінің нақты құқықтары мен міндеттері белгіленген, қатаң құрылымды ұжым.

Е.Н. Сорочинская «Балалар ұйымы – бұл нақты нормалары мен ережелері үкімде немесе басқа бекітілген құжатта белгілі бір құрылымы бар, әлеуметтік ойды жүзеге асыру үшін құрылған қоғамдық ұйым».

Д.Н. Лебедев «Балалардың қоғамдық ұйымы – бұл белгілі бір даму деңгейі бар өз қызметінде әлеуметтік бағыты сипаттайтын балалар ұжымы».

Е.В. Титова «Балалардың қоғамдық ұйымдарына әртүрлі клубтар, командалар, отрядтар, ассоциациялар федерациялар және басқа да құрылымдарды жатқызуға болады».

А.Г. Кирпичник «Балалардың қоғамдық ұйымы – бұл кәмілетке толмаған азаматтардың өздігінен немесе үлкен адамдармен бірігіп белгілі бір ортадағы қызметі» [3,4,5,6].

Федерацияның, одақтардың, бірлестіктің мақсаты — балалардың, пионерлердің жеткіншектердің ересек адамдардың қоғамдық пайдалы іс-әрекетіне қызығушылығын, бейімділігін, қабілетін дамыту, өзін-өзі басқару іскерлігіне үйрету, өмірді зор ықыласпен, ынтымақтастықпен өткізу, өз Отанына күш-жігермен көркейту үшін еңбектенуге үйрету.

Жастардың қоғамдық ұйымдарын өздерінің іс-әрекеттеріне байланысты бірнеше топқа ажыратуға болады.

Жастардың қоғамдарының ішінде өзінің құрамы бойынша сан жағынан көбірегі пионерлер мен балалар ұйымдарының топтары. Бұл ұйымдардың, іс-әрекеттерінің саяси партия мен қозғалыстарға тәуелсіздігі, барлық балалар бірлестіктерімен ынтымақтасуға талаптанды.

Басқа үлкен топтарға балалар бірлестіктері жатады. Бұлар саяси және қоғамдық-саяси бірлестіктер (Мәскеу, Санкт-Петербург қалаларындағы жас парламентарилердің одағы), Ресейлік жастар демократтарының Одағы (Мәскеу, Санкт-Петербург), Жасы толмаған азаматтар одағы (Харьков) т. б. Олардың іс әрекеттерінің мақсаты және мазмұны бала құқығы туралы Конвенцияның орындалуы, оқу мекемелерінің саясаттанбауына мүмкіндік туғызу, оқыпудың үдемелі әдістері» енгізу, шетел балалары және жасөспірімдер бірлестіктерімен, қозғалыстарымен байланысып бірігу.

Балалар қозғалысында айтарлықтай құбылыс скаутизмнің қайта оралуы. Қазірдің, өзінде Ресейде 70-тен астам скауттар отрядтары бар. Мұндай скауттар бірлестіктеріне Украинадағы Балтық жағасындағы елдердегі «Пластуны», сондай-ақ, басқа егеменді Республикалардағы отрядтарды жатқызуға болады.

Жастардың қоғамдық ұйымдарының танымдық және тәрбиелік іс-әрекеттерінің маңызы өте зор. Сондықтан, қоғамдық өмірдің барлық өрісінде болып жатқан өзгерістерді есепке алып, балалар қозғалысының одан әрі дамып жетілуіне жоғары, орта оқу орындары, спорттық ұжымдар, мемлекеттік, коммерциялық, мәдени-ағарту мекемелері, кәсіпорындары ауыл шаруашылық ұйымдары үнемі көмек көрсетіп отырулары тиіс [6,7].

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Волохов А.В. Поле самореализации как движущая сила организации ребенка в детской организации. Там же. С. 30.
2. Волохов А.В. Социализация ребенка в детских общественных организациях. - Ярославль, 1999.
3. Сорочинская Е.Н. Детское движение в современном обществе. - Ростов-на-Дону, 1993.
4. Сорочинская Е.Н. Детское движение в современном обществе.- Ростов-на-Дону, 1993.
5. Теория и методика пионерской работы: Учеб. пособие для учащихся пед. Училищ. В.В. Лебединский, А.К. Брунов и др. - 2-е изд., перераб. и доп. - М.: Просвещение, 1985. 239с.
6. Рожков М.И., Волохов А.В. Детские организации: возможности выбора. - М., 1996.
7. Сорочинская Е. Детское движение в современном обществе. - Ростов н/Д, 1993. 116 с.

УДК 347

АЙМАҚТЫҢ АЗЫҚТЫҚ ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК – ЭКОНОМИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Маратова А. А., магистрант

І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ.

E-mail: aitolkyn_maratova@mail.ru

Бұл мақалада біз нарықтың көлемі мен құрылымын қалыптастыруға әсер ететін аймақтық факторларды, сондай - ақ аймақ экономикасының даму деңгейі мен салалық құрылымын, халықтың географиясын, халықтың экономикалық және жыныстық-жас құрылымын, оның нақты кірісін, жан басына шаққандағы ақшалай табыстың деңгейін, бағаның бөлінуін, аймақтың табиғи-климаттық жағдайларын, тұтынудың ұлттық тарихи дәстүрлерін, сондай-ақ жеке қосалқы шаруашылықтың ролін талқылаймыз.

Тірек сөздер: азық-түлік, қауіпсіздік, әлеуметтік, экономика, аймақ, ауыл шаруашылығы.

В данной статье мы обсудим региональные факторы, влияющие на формирование объема и структуры рынка, а также уровень развития и отраслевую структуру экономики региона, географию населения, экономическую и половозрастную структуру населения, его реальные доходы, уровень среднедушевых денежных доходов, распределение цен, природно - климатические условия региона, национальные исторические традиции потребления, а также роль личного подсобного хозяйства.

Ключевые слова: продовольствие, безопасность, социальное, экономика, регион, сельское хозяйство.

In this article, we will discuss regional factors that influence the formation of the volume and structure of the market, as well as the level of development and industry structure of the region's economy, the geography of the population, the economic and gender - age structure of the population, its real income, the level of per capita monetary income, price distribution, natural and climatic conditions of the region, national historical traditions of consumption, as well as the role of personal subsidiary farming.

Keywords: food, security, social, economy, region, agriculture.

Егер ұлттық экономикалардың көпшілігі үшін азық-түлік қауіпсіздігі тұтастай АӨК жұмыс істеу тиімділігінің негізгі критерийлерінің бірі болып жарияланса және ауыл шаруашылығы өндірісін қолдау, ішкі нарықты қорғау, экспорттық субсидиялар және т.б.

бірқатар бағдарламаларда іске асырылса, осы күнге дейін осы проблеманың өңірлік аспектісі жеткілікті зерттелмеген күйінде қалып отыр [1].

Қазақстанның азық-түлік жағдайы тұтастай алғанда жекелеген өңірлердің азық-түлік жағдайын, халықты азық-түлікпен қамтамасыз ету жөніндегі олардың әрқайсысының алдында тұрған міндеттерді және осы міндеттерді шешу бағыттарын сипаттамайды. Ең алдымен, Қазақстан Республикасының өңірлері өздерінің табиғи, әлеуметтік және экономикалық жағдайлары бойынша өндірістің өз мүмкіндіктері мен азық-түлік қажеттіліктерін айқындайтын айтарлықтай ерекшеленеді.

Қазақстанда өңірлік азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің маңыздылығын жете бағаламаудың бірқатар айқын себептері бар. Олардың ең бастысы, тіпті ұлттық деңгейде (соңғы жылдары проблеманың бар екенін ресми түрде мойындағанына қарамастан) азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың және оны реттеу саласындағы мемлекеттік саясаттың басым бағыты болып табылмайды. Осылайша, Республика субъектілері деңгейінде мәселе қоюдың болмауы проблемаға жалпы мемлекеттік деңгейде тиісті назар аударудың қисынды жалғасы болып табылады. Жоғарыда аталған себеп азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету проблемасын халықтың өмір сүру сапасын арттырудың өзара байланысты проблемалары кешенінен, тұтастай АӨК-нің жұмыс істеу тиімділігінен, ауыл шаруашылығы табиғи ресурстарын пайдаланудан және ауылдық аудандардың орнықты өрістеуінен толық көлемде бөліп көрсетуге, оның өңірлер экономикасын мемлекеттік реттеу жүйесіндегі орнын айқындауға мүмкіндік бермейді.

Терминнің өзі аударма бола отырып, екіұшты түсіндіруге мүмкіндік береді: "азық-түлік қауіпсіздігі" (азық-түлік қауіпсіздігі) термині, сондай-ақ "азық-түлік қауіпсіздігі" (азық-түлік қауіпсіздігі) "азық-түлік қауіпсіздігі" деп аударылуы мүмкін. Бірақ кейбір жағдайларда пайдалану неғұрлым дұрыс болса да; орыс тіліндегі "азық - түлікпен қамтамасыз ету" термині ("азық-түлік қауіпсіздігі" - азық-түлікпен қамтамасыз етілмегендікке ұқсас), қауіпсіздіктің азық-түлікпен қамтамасыз етудегі ішкі және сыртқы қауіп-қатерлерден қорғалу жағдайы ретінде маңыздылығын атап өткен аталған аударма жалпы қабылданған. Аймақтық деңгейде көптеген ғалымдар "азық-түлікпен қамтамасыз ету" және "азық-түлікке тәуелділік"терминдерін қолдану орынды болатын көзқарасты ұстануды жалғастыруда. Олар "азық-түлік қауіпсіздігі" терминін тек жаһандық және ұлттық деңгейде қолдануға болады деп санайды, өйткені бұл жерде өзін-өзі оқшаулау және өзара қауіп-қатер сияқты категориялар кеңінен қолданылады. Бұл тәсілдің өз себептері бар, бірақ, жоғарыда айтып өткеніміздей, әсіресе Қазақстанда қабылданған биліктің қатаң иерархиясын ескере отырып, өңір халқын толыққанды сапалы азық-түлікпен қамтамасыз ету өңірлік деңгейде азық-түлік қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік саясаттың мақсаты болып табылады. Жеке азаматтың үстеліндегі азық - түліктің сапасы, қол жетімділігі және қауіпсіздігі-бұл елдің азық-түлік қауіпсіздігі қалыптасатын кірпіш [2].

Өңірлік деңгейдегі азық-түлік қауіпсіздігінің оңтайлы анықтамасы, біздің ойымызша, мыналар болуы мүмкін: ресурстармен, әлеуетпен, даму деңгейімен және кепілдіктермен қамтамасыз етілген аймақ экономикасының жағдайы, ішкі және сыртқы қауіптерге қарамастан, бүкіл халық үшін азық-түліктің экономикалық және физикалық қол жетімділігі сақталады. қалыпты жағдайда әр адамның сәтті дамуы үшін жеткілікті және төтенше азық-түлік жағдайларында денсаулығы мен денсаулығын сақтау үшін ең аз қажет.

Соңғы жылдары Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуді және Қазақстанды аймақтандыру белгілі бір дәрежеде сөзсіз процесс болып табылады және бірқатар сәттермен анықталады: федералды деңгейде қабылданатын азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету шараларының болмауы; аграрлық саясатты орталықсыздандыру және тұтастай алғанда аймақтардағы әлеуметтік-экономикалық процестерді басқару; өңіраралық сауда кедергілерінің пайда болуына, өңіраралық өзара іс - қимылдың әлсіреуіне әкелетін азық-түлік-капитал және т.б. бірыңғай ұлттық нарығын қалыптастыру

жөніндегі федералдық саясаттың болмауы; түрлі өңірлердің агроөнеркәсіптік әлеуетінің біркелкі дамымауы.

Өңірлік деңгейде шешілуге тиіс міндеттер ауыл шаруашылығы өнімдері мен азық-түліктерді өндіру жөніндегі субъектті және әлеуетті мүмкіндіктерге, сондай-ақ өзін-өзі қамтамасыз етуге қол жеткізудің және азық-түлікпен жабдықтаудағы мемлекеттің немесе өңірдің импорттық тәуелділігін төмендетудің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің негіз қалаушы талаптарына байланысты. Еңбек бөлінісі жүйесін құру және азық-түліктің нақты түрлерін өндіруде жекелеген өңірлердің тар мамандануы арқылы өңірлік деңгейде азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің қазіргі түсіндірмесі қазіргі заманның талаптарына толық жауап бермейді деп ойлаймыз. Қазіргі заманғы зерттеулер көрсеткендей, адам денсаулығына оның тұрғылықты жерлерінде өндірілген азық-түлікті тұтыну барынша қолайлы. Әрине, бұл адам тек өзі тұратын аймақта өндірілетін өнімдерді жеуі керек дегенді білдірмейді, бірақ әр аймақтың аумағында өндірісі орынды болатын түрлер бойынша өнімдермен өзін-өзі қамтамасыз етудің белгілі бір деңгейі біз үшін өте орынды болып көрінеді [3].

Осылайша, Қазақстанда азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйелерін өңірлендіру, ресурстары, тетіктері және бірыңғай ұлттық саясатты іске асыру тәжірибесі бар, жағдайдың ерекшелігімен объективті түрде негізделген көптеген шет елдерге қарағанда, процесс болып табылады. Сонымен қатар, халықты азық-түлікпен барабар және тұрақты қамтамасыз етудің өңірлік базасын қалыптастырудың оң сәттерімен қатар, ұлттық экономиканың құрылымын деформациялайтын көптеген өңірлердің азық-түлікпен өзін-өзі оқшаулаудың теріс үрдісі бар. Бірақ жергілікті және федералды биліктің ақылға қонымды саясатымен бұл деформациялық импульстар бейтараптандырылатын жағдай өте нақты.

Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелеріне өңірлік көзқарастың қажеттілігі мен заңдылығы сондай-ақ тұтастай алғанда өңірлік экономика, АӨК және азық-түлік нарығының жұмыс істеуінің өзіндік сипаттамаларына негізделеді. Өңірлік деңгейде экономикалық дамуға ықпал ететін факторлардың құрамы мен олардың арақатынасы жалпы қазақстандық деңгеймен салыстырғанда айтарлықтай өзгеруде. Айтпақшы, мұндай жағдай біркелкі дамымаған аумақтары бар кез-келген ірі елге тән. Бұл табиғи жағдайларға сәйкес өндіріс қарқындылығының деңгейінде неғұрлым бәсекеге қабілетті өнім алуды қамтамасыз ететін елдің белгілі бір аумақтарын мамандандыру қажеттілігін анықтайды. Сондықтан аймақтарды саралаудың көмекші принципі ретінде пайдалану өте орынды. Өңірлік азық-түлік нарығын дамыту факторларының бүкіл жиынтығын экономикалық, ғылыми-техникалық, әлеуметтік, табиғи-климаттық деп бөлуге болады [4].

Өңірлік азық-түлік нарығын дамытудың экономикалық факторларына ауыл шаруашылығы өндірісін және ауыл шаруашылығы шикізатын өнеркәсіптік қайта өңдеуді дамыту мен орналастыру деңгейі, азық-түлік кешені кәсіпорындары арасындағы шаруашылық байланыстардың даму деңгейі, тауар алмасуды қамтамасыз ету жөніндегі өңіраралық байланыстар, азық-түлік тауарларына бағалардың деңгейі мен құрылымы, сұраныстың деңгейі мен құрылымы жатады. Аймақтық шаруашылық, мәні бойынша кешенді болып табылады, яғни. белгілі бір жолмен бір-бірімен байланысты көптеген өндіріс салалары, әдетте, үйлесімді құрылымға ие емес. Тар мамандандырылған (іс жүзінде салааралық) аймақтардың болуы аймақтық экономиканың құрылымын ескере отырып, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік шаралардың қажеттілігін айқын көрсетеді. Өңіраралық экономикалық байланыстарды дамыту саласындағы мемлекеттің теңдестірілген саясаты [5].

Ғылыми-техникалық факторларға ауыл шаруашылығының, тамақ өнеркәсібінің материалдық-техникалық базасының даму деңгейі, инфрақұрылымның жай - күйі, көлік-қойма процестерін механикаландыру және автоматтандыру және ғылыми-техникалық прогреске қол жеткізуді енгізу деңгейі жатады. 1991/1993 жылдары Қазақстанда болған жаһандық өзгерістердің нәтижесінде ұзақ жылдар бойы қалыптасқан экономикалық

байланыстар, өндірістік кешендер, инфрақұрылым желісі түбегейлі бұзылды. 20 жылдық бөртпе реформаларында жойылған нәрсені азық-түлікпен қамтамасыз ету саласындағы бірнеше жылдық реформаларды қалпына келтіру қиын. Қазіргі шындықтар өз талаптарын талап етеді және жаңа инфрақұрылымды құру, ресурстарды үнемдейтін заманауи технологияларды пайдалану, шикізатты өңдеудің жаңа материалдары мен әдістерін қолдану қажет емес, бірақ жергілікті тауар өндірушілер үшін Қазақстан нарығында импорттық тауарлармен бәсекелесудің жалғыз жолы.

Әлеуметтік факторларға азық-түлік кешені кәсіпорнын еңбек ресурстарымен қамтамасыз етудің сандық және сапалық құрамы, халықтың саны мен әлеуметтік-демографиялық құрылымы және оның аумаққа орналасуы жатады. Жоғарыда аталған оқиғалар ауылдық жерлердегі өндірістік күштердің тепе-теңдігі айтарлықтай бұзылғанына себеп болды. Қазақстанның ауылдық аумақтарының халқы ұдайы қартайып келеді, бала туу көрсеткіші төмендеп келеді, бұл жұмыс күші тапшылығының нақты көрінісін береді. Басқаша айтқанда, қолда бар орасан зор Жер ресурстарын өңдейтін ешкім жоқ. Бала тууды қолдау саласындағы Үкіметтің шешімдерін іске асыру жағдайды аз ғана дәрежеде түзете алады - ауылдық аумақтарды жан-жақты дамыту қажет[6].

Қазақстан үшін ауыл шаруашылығы өнімін өндіру жағдайына және адамның тыныс - тіршілігіне әсер ететін орташа температура, ылғалдылық, шуақты күндер саны, жаздың, қыстың ұзақтығы және т.б. сияқты табиғи-климаттық сипаттамалар бойынша өңірлердің кең шашыраңқылығы тән. Бұл жағдай Азық-түлік қауіпсіздігі мәселелерін шешу міндеттерін қою кезінде де ескерілмейді. Қазақстан өзінің табиғи-географиялық жағдайына байланысты азық-түлік шикізатының барлық дерлік түрлерін өндіру үшін жағдайлардың өте кең спектріне және оны қайта өңдеудің, сақтаудың және түпкілікті тұтынушыларға жеткізудің экономикалық мүмкіндіктеріне ие. Алайда, бұл мүмкіндіктер аймақтар бойынша өте сараланған, сондықтан жергілікті атқарушы органдардың алдында тұрған маңызды міндеттердің бірі аймақтық ерекшеліктерді барынша толық ескеруге мүмкіндік беретін азық-түлік қауіпсіздігі саласындағы экономикалық стратегияны әзірлеу және іске асыру болып табылады. Азық-түлікке деген қажеттілікті қанағаттандыру оның нақты тұратын жеріндегі әрбір нақты адамға қатысты жүзеге асырылуға тиіс. Сондықтан, елдің азық-түлік қауіпсіздігімен қатар, оның субъектілерінің Азық-түлік қауіпсіздігі де қарастырылуы керек, ал оның құрылуындағы негізгі ауыртпалық оны сапалы азық-түлікпен жеткілікті қамтамасыз ету үшін халық алдында тікелей жауап беретін субъектілерге жүктеледі.

Осылайша, аймақтық басқару аймақтың ерекшелігін ескере отырып, Бүкілресейлік мүдделердің жетекшісі болуы керек. Сонымен қатар, басқарудың тиімділігі неғұрлым жоғары болса, Біртұтас экономикалық тетік аясында шаруашылық жүргізуші субъект өз ресурстарын басқара алады. Жұмыстың басты бағыты мен тиімділік өлшемі өңірдің кешенді дамуы негізінде осы аумақта тұратын халықтың әлеуметтік-экономикалық қажеттіліктерін қанағаттандыру дәрежесін арттыру болуы тиіс.

Өңірлер нақты дербестікке ие болған сайын (шаруашылық және қаржы құрылымдарын оқшаулау, басқаруды орталықсыздандыру) мүдделер мен жауапкершіліктің өңірлік саласы қалыптасуда. Аймақтың өмірлік белсенділігі тұрақты фактор болып табылады, оны тоқтату мүмкін емес. Сондықтан аймақтық мүдделер, ең алдымен, ұдайы өндіріс сипатының тұрақты болуы және аймақтың әлеуетін (оның ішінде агроөнеркәсіптік) үнемі сақтау және көбейту қажеттілігі болып табылады [7].

Сондықтан елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесін қалыптастыру жекелеген өңірлердің ерекшелігін, оның ішінде азық-түлік әлеуетін, өзін-өзі қамтамасыз ету деңгейін, нарық инфрақұрылымын дамытудың мамандануын ескере отырып жүргізілуіне тиіс.

Өңірлік азық-түлік кешенін дамыту перспективаларын айқындау кезінде өндірістің ассортименттік құрылымына да, тауар айналымын қалыптастыруға да әсер ететін өңірлік ерекшеліктер ескерілуге тиіс.

Азық-түлік тауарларын тұтыну деңгейін теңестіру елге, жалпы әлемге тән орташа көрсеткіштерге негізделе алмайды. Әрбір өңірде халықтың сұранысын қалыптастыруға әсер ететін жалпы факторлармен қатар осы аумаққа тән өңірлік сипаттағы факторлар да әрекет етеді.

Бұл бізге төлемге қабілетті сұранысқа және нарықтың қалыптасуына әсер ететін барлық факторларды жалпы және өңірлік факторларға бөлуге негіз береді.

Азық-түлік тауарларын тұтыну жағдайларын, сипатын анықтайтын негізгі ұлттық экономикалық жалпы факторларға мыналар жатады: өндірістік күштер мен өндірістік қатынастардың даму деңгейі, ұлттық кірісті бөлу және қайта бөлу сипаты, нақты кірістер деңгейі, азық-түлік кешеніне бағытталған инвестициялар көлемі, айналыстағы тауар массасының көлемі, азық-түлік тауарларына баға деңгейі.

ЛИТЕРАТУРА:

1. Ахметов, Р. Өңірлік АӨК басқару құрылымын жетілдіру / Ахметов Р. // АӨК: экономика, басқару. - 2013. - № 2. — бб. 12-19.
2. Алтухов, А. Өңірлік аграрлық саясатты қалыптастыру / Алтухов А. // АӨК: экономика, басқару. - 2015. - № 11. - бб. 28-35.
3. Алтухов, А. Елдің азық-түлікпен өзін-өзі қамтамасыз етуінің жай-күйі мен перспективалары / АӨК: экономика, басқару. - 1997. — №11.
4. Алтухов, А. Өңіраралық азық-түлік байланыстарын дамыту / Алтухов А. // Ауыл шаруашылығы экономикасы. — 2015. - № 11. — С. 16.
5. Афанасьев, В. Н. Статистическое обеспечение проблемы устойчивости сельскохозяйственного производства / В. Н. Афанасьев. - М. : Финансы и статистика, 1996.-318 с.
6. Балабанов, В. С. Продовольственная безопасность (международные и внутренние аспекты) / В. С. Балабанов. - М.: Экономика, 2002. - 544 с.
7. Борхунов, Н. Аграрная экономика и рынок / Н. Борхунов, М. Чихман // Экономика сельского хозяйства . - 2004. - № 5. — С. 20.

ӘОЖ 376

ҚАЗАҚСТАН МЕН ПОЛЬШАДАҒЫ ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНЕ САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ

Молбаева Н.Қ.

8D01901 – Дефектология білім беру бағдарламасының докторанты
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ.

E-mail: nursaule.kanatovna@mail.ru

Мақалада Қазақстан мен Польшадағы инклюзивті білім берудің қалыптасу жүйесіне салыстырмалы талдау жасалынып өзара ұқсастықтары мен айырмашылықтары қарастырылып, оның ішінде ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың жалпы білім беру мекемелерінде білім алуында оң нәтижелері баяндалады. Инклюзивті білім беру - ерекше қажеттіліктері бар балалардың білім алуын қамтамасыз ететін жалпы білім беру үрдісінің дамуы. Бұл оқытудың тиімділігі балалардың оқу үрдісіндегі қажеттіліктерін қанағаттандырып оқыту мен сабақ берудің жаңа бағытын өңдеуге талпынады және мүмкіндігі шектеулі баланың адамдармен қарым-қатынасына

қажетті қабілеттілікті дамытуға мүмкіндік береді, яғни өзін қоғамның толыққанды мүшесі сезуіне жол ашады, сенімділіктерін дамыта түседі.

Тірек сөздер: инклюзивті білім беру, интеграция, ерекше білімді қажет ететін балалар, арнайы психология.

В статье рассматривается сравнительный анализ системы становления инклюзивного образования в Казахстане и Польше, рассмотрены взаимные сходства и различия, в том числе положительные результаты обучения детей с особыми образовательными потребностями в общеобразовательных учреждениях. Инклюзивное обучение-развитие общеобразовательного процесса, обеспечивающее получение образования детьми с особыми потребностями. Эффективность этого обучения заключается в том, что дети стремятся выработать новое направление обучения и преподавания, удовлетворяя свои потребности в учебном процессе и позволяя ребенку с ограниченными возможностями развить необходимые способности к общению с людьми, то есть почувствовать себя полноценным членом общества, развить уверенность.

Ключевые слова: инклюзивное образование, интеграция, дети с психообразовательными потребностями, специальная психология.

The article provides a comparative analysis of the system for the formation of inclusive education in Kazakhstan and Poland, declassified places and types, including important conditions for the education of children with special educational needs. The effectiveness of this provision is established, among other things, to create new conditions of training and application, ensuring the possibility of use in accounting processes and development taking into account the new conditions of development.

Keywords: inclusive education, integration, children with special needs, special psychology.

Білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі принциптеріне сапалы білім алуға барлығының құқықтарының теңдігі, әр адамның интеллектуалды дамуын, психофизиологиялық және жеке-дара ерекшеліктерін ескере отырып, халықтың барлық деңгейі үшін білімге қолжетімділігі жатады. Сапалы білімнің барлығы үшін қолжетімді болу шартын қалыптастыруға бағытталған білім беру жүйесін түрлендіру процестерінің бірі инклюзивті білім беру болып табылады.

Инклюзивті білім беру дене бітіміне, психикалық, интеллектуалдық, мәдени, этникалық, тілдік және өзге ерекшеліктеріне қарамастан ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды жалпы білім беру кеңістігіне енгізуді, олардың сапалы білім беруде кедергілерді жоюды және әлеуметтік ортада бейімделуін, ықпалдасуын көздейді. Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларға ерекше білім беруге қажеттілігі бар балалар; мигранттар мен оралмандар отбасыларының, аз ұлттар балалары; қоғамға әлеуметтік бейімделуде қиындықтары бар балалар жатады. Яғни, кеңейтілген мағынада инклюзивті білім беру кедергілерді жою мен ерекше білім беруге қажеттілігі бар адамдарды оқыту процесінде енгізуге бағытталған білім беру процесі және олардың сапалы білімге тең қолжетімділігін қамтамасыз ету болып табылады.

Ерекше білімді қажет ететін балаларды (ЕБК) сапалы біліммен қамту қазіргі таңдағы ең өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Инклюзивті білім беру – ерекше мұқтаждықтары бар балалардың жалпы білім беретін мектептердегі оқыту үрдісін сипаттауда қолданылады. Демек, инклюзивті оқыту негізінде балалардың қандай да бір дискриминациясын жоққа шығару, барлық адамдарға деген теңдік қатынасты қамтамасыз ету, сонымен бірге оқытудың ерекше қажеттілігі бар балаларға арнайы жағдай қалыптастыру идеологиясы жатыр. Осы бағыт балаларды оқуда жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру жағдайын қалыптастырады. Сондай-ақ, барлық балаларға мектепке дейінгі оқу орындарында, мектепте және мектеп өміріне белсене қатысуға, адамдармен қарым - қатынасына қажетті қабілеттілікті дамытуға мүмкіндік береді.

Осыған байланысты мақаланың негізгі мақсаты Қазақстандағы инклюзивті білім беру жүйесі мен Польшадағы инклюзивті білім беру жүйесінің өзара ұқсастықтары мен айырмашылықтарын қарастырып, оның ішінде ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың жалпы білім беру мекемелерінде білім алуында қандай оң нәтижелері бар екендігін білуге мүмкіндік береді.

Қазақстан мен Польшадағы инклюзивті білім беру жүйесінің ерекшеліктері

Инклюзивті білім беру балалардың әр түрлі дене, психикалық, зияткерлік, мәдени-этникалық, тілдік және өзге де ерекшеліктеріне қарамастан, сапалы білім беру ортасына айрықша білім алу қажеттіліктері бар балаларды қосуды, барлық кедергілерді жоюды, олардың сапалы білім алуы үшін және олардың әлеуметтік бейімделуін, социумға кірігуін көздейтін оқыту түрі. Француз тілінен аударғанда «инклюзив» сөзі-өзімді қосқанда ал, латын тілінен аударғанда - қосамын деген мағынаны білдіреді.

Н. В. Борисова, С. А. Прушинский және М. Перфильева инклюзивті білім берудің негізгі ұғым түсініктерін қарастырушы ғалымдар болып табылады. Осы ғалымдардың редакциялауымен жарық көрген «Инклюзивное образование: ключевые понятие» оқу құралында ең негізгі ғылыми аппаратқа тоқтала отырып, ұғым түсініктердің мәнін ашты [1].

Шет елдерде инклюзивті білім беру мәселесі 1970 жылдан бастау алса, 90 жылға қарай АҚШ пен Еуропа өздерінің білім беру саясатына осы бағдарламаны толық енгізді. Ең алғаш АҚШ, Ұлыбритания, Дания, Испания, Финляндия, Германия, Италия және Австралия елдерінде инклюзивті білім беруді дамыту білім беру саясатының жетекші бағдарына айналды [2]. Осы елдерде балалардың дамуы мен әлеуметтік бейімделуі үшін тиісті психологиялық-педагогикалық жағдай жасалған жалпы білім беру ұйымдарында психикалық және дене бұзылыстары бар, дамуында артта қалушылығы бар балалар қалыпты дамыған құрдастарымен бірге білім алуда.

Польшада инклюзивті білім беру жүйесі бар және психикалық аурулары бар адамдардың қамқорлығы XIV ғасырдан бастап, алғашқы мекемелер ұйымдастырыла бастаған кезде зерттелуде. Мүмкіндігі шектеулі адамдармен діни рухани, монахтар қоғамы айналысты. Варшавада мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған алғашқы арнайы мектеп ашылды – бұл естімейтіндер институты. Дегенмен, кейбір дереккөздерде алғашқы поляк мектебі Романовтағы естімейтіндер институты екен. Соғыс аралық кезеңде елде арнайы мектептер саны күрт өсті. Мүмкіндігі шектеулі адамдарды оқытуда арнайы педагогиканың мемлекеттік институтын құру маңызды рөл атқарды-бұл физикалық, интеллектуалдық, психикалық жағынан қоғамда қабылданған нормадан ерекшеленетін адамдар үшін қиын кезең болды.

Конституцияға сәйкес Польшаның әрбір азаматы, ЕБҚ балалар оқуға және білім алуға құқылы. Алғаш рет ЕБҚ балаларды оқыту мәселесі соғыстан кейінгі кезеңде, бірқатар құжаттар қабылданған кезде туындады, атап айтқанда:

- Міндетті оқыту туралы жарлық, онда қалыпты мектепте оқуды бастай алмайтын балалар мұны арнайы мектепте жасай алады.

- Жүйені дамыту және тәрбиелеу туралы заң. Заңда: "ақыл-есі кем және дене кемістігі бар балалар мен жастардың арнаулы мектепке дейінгі мекемелерге баруға, бастауыш мектепте немесе оқу-тәрбие орталықтарында оқуға құқығы бар" делінген.

Мүгедектік туралы концепция - Дүниежүзілік Денсаулық сақтау ұйымы дайындаған және 1980 жылы жарияланған зақымданудың, мүгедектіктің және мертігудің халықаралық жіктемесі. Даму бұзылыстары бар адамдардың мәселелерінің әлеуметтік сипатын атап көрсетеді және мүгедектіктің әлеуметтік моделі деп аталады. Бұл концепцияның тенденциясы ретінде Польша Халық Ағарту министрлігінің ерекше қажеттіліктері бар балаларды сау балалармен бірге оқыту мен тәрбиелеуді ұйымдастыру мәселесіндегі әрекеттерді анықтады [3].

1991 жылы 7 қыркүйекте Польшаның білім беру жүйесінің жаңа жарғысы жарияланды. 6 жылдық бастауыш мектеп, 3 жылдық гимназия және 3 жылдық орта немесе

кәсіптік мектептер енгізілді. Сонымен қатар, ерекше білімді қажет ететін балалардың отбасының тұрақты тұратын жеріндегі ауданда орналасқан жалпы білім беретін мектепте оқуға құқығы бар екендігі анықталды.

Алайда, бірнеше жылдан кейін – 1993 жылғы 4 қазанда – жалпы білім беретін және интеграциялық мектептерде ерекше білімді қажет ететін балаларды оқыту мен тәрбиелеуді ұйымдастырудың шарттары мен принциптері туралы халықтық Білім Министрлігінің Жарлығы жарияланды. Бұл құжатта интеграциялық сыныптағы оқушылардың жалпы саны – 15-20 оқушы, сондай – ақ ерекше қажеттіліктері бар оқушылар саны – 3-5 оқушы екені анықталды. Сонымен қатар, мүгедек балалар тобында әр түрлі мүгедектігі бар балалар болуы керек. Жарлықта оқушылардың осы тобына арналған арнайы сабақтардың түрлері көрсетілген: сөйлеу терапиясы сабақтары, қозғалыс бұзылыстарын қалпына келтіруге арналған түзету гимнастикасы, түзету және компенсаторлық, дидактикалық және әлеуметтік терапия сабақтары.

Қазақстан мен Польшада инклюзивті білім беру жүйесінде балалардың мүдделерін қорғайтын нормативті құжаттар бірдей. Олар:

- ✓ Ақыл-есі кем адамдардың құқықтары туралы Декларация;
- ✓ Мүгедектердің құқықтары туралы Декларация;
- ✓ Біріккен Ұлттар ұйымының Мүгедектердің құқықтары туралы Конвенциясы;
- ✓ Мүгедектердің құқықтары туралы Мадрид декларациясы;
- ✓ Ерекше қажеттіліктері бар адамдарға білім беру саласындағы қағидаттар, саясат

және практикалық қызмет туралы Саламанка декларациясы.

Сондай-ақ Польшадағы Ұлттық Білім Министрлігінің бұйрығына сәйкес келесі оқу орындары Қазақстандағы оқу орындарынан өзгешелігі байқалынбайды:

- мектепке дейінгі арнайы мекемелер немесе әдеттегі мектепке дейінгі мекемелердегі арнайы топтар;
- барлық типтегі арнайы мектептер, оның ішінде қарапайым жалпы білім беретін мектептердегі арнайы сыныптар;
- жастар тәрбие орталықтары;
- әлеуметтік терапияның жастар тәрбие орталықтары;
- арнайы мектеп-тәрбие орталықтары;
- арнайы тәрбие орталықтары;
- ақыл-ой кемістігі бар балалар мен жастарға баруға мүмкіндік беретін орталықтар.

Польшада арнайы мектепке дейінгі мекемелер, арнайы бастауыш мектептер, арнайы гимназиялар жұмыс істейді. Сегрегация (арнайы мектептер) және сегрегациялық емес (интеграцияланған мектептер) [3]. Арнайы білім берудің 4 типі бар:

сегрегация түрі:

- сегрегациялық мекемелерде жүзеге асырылатын арнайы оқытудың кең спектрі;
- арнайы көмекке қол жеткізуде әкімшілік шектеулердің болмауы;

аралас түрі:

- сегрегациялық емес мекемелерде іске асырылатын арнайы оқытудың кең спектрі;
- арнайы көмекке қол жеткізуде әкімшілік шектеулердің болмауы;

ассимиляция түрі:

- сегрегациялық мекемелерде жүзеге асырылатын арнайы оқытудың шағын спектрі;
- арнайы көмекке қол жеткізуде әкімшілік шектеулердің болмауы;

инклюзивті түрі:

- сегрегациялық емес мекемелерде іске асырылатын арнайы оқытудың шағын спектрі;
- арнайы көмекке қол жеткізудегі әкімшілік шектеу.

Қазақстан мен Польшада мектепке дейінгі арнайы мекемелер, жалпы білім беретін мектептердегі арнайы сыныптар, жалпы білім беретін мектептердегі арнайы мектептер мен арнайы сыныптар балалардың мынадай санаттары үшін сабақтарды ұйымдастыруда инклюзивті білім беруді қатар қолданады: естімейтін; нашар еститін; көрмейтіндер; нашар

көретіндер; ақыл-ой кемістігінің жеңіл түрімен; ақыл-ой кемістігінің орташа немесе ауыр түрімен; аутизм; туа біткен аурулар; психикалық бұзылулары бар; қоғамға бейімделмеген; тәуелділіктің әртүрлі түрлерімен; мінез-құлықтың бұзылуы.

Арнайы мектептер мен сыныптар (сегрегация түрі) - бұл әр баланың тиісті жағдайлардың нормасынан ауытқуын жан-жақты дамуы үшін қамтамасыз етуге бағытталған мекемелер. Жалпы мақсаттарды жүзеге асыра отырып, мектеп оқушыларының тиісті дағдыларын қалыптастырады, қажетті білім береді. Ұлттық Білім Министрлігінің өкімі бойынша есту қабілеті бұзылған, көру қабілеті бұзылған, туа біткен аурулары бар балалар мен жастар үшін арнайы мектептер ұйымдастырылады. Арнайы мектептің құрылымы жалпы білім беретін мектептің құрылымынан ерекшеленбейді. Оның құрамына екі кезеңнен тұратын алты жылдық бастауыш мектеп кіреді, бірінші кезең - I-III сыныптар және екінші кезең - IV-VI сыныптар. Әрі қарай оқу 3 жылдық гимназияда жалғасады, ол үшінші кезең және соңғы; төртінші кезең - сыныптан кейінгі мектептер деп аталады. Оларға: үш жылдық мамандандырылған лицейлер, оқушыларды кәсіби қызметке дайындайтын екі жылдық кәсіптік мектептер жатады.

Арнайы мекемелерде оқу мерзімі қарапайым жалпы білім беретін мектептерден ерекшеленеді.

Білім беру реформасына сәйкес ақыл-ой кемістігі бар (ауыр түрі) адамдар міндетті түрде білім алады. Ақыл-ой кемістігі бар (жеңіл түрі) оқушылар арнайы мектептерге бара алады, арнайы бағдарламаны жүзеге асыра алады немесе жаппай мектепке бара алады. Қалыпты ақыл-ой кемістігі бар балалар оқу-терапиялық мекемелерде оқиды. Өз кезегінде, ақыл-ой кемістігі бар үшін оңалту орталықтарында оқыту қарастырылған, оның мақсаты оңалту, күнделікті дағдыларды қалыптастыру және коммуникациялық дағдыларды дамыту болып табылады. Арнайы мектеп сыныптарындағы оқушылардың саны бұзылыстарының түрі мен деңгейіне байланысты.

Интеграциялық мектептер мен сыныптар (интеграция түрі) - интеграция әртүрлі мүмкіндіктері бар балаларды бірлесіп тәрбиелеу және оқыту деп түсіндіріледі. Польшада интеграциялық оқытудың негізі-Гамбург моделі. Алғашқы интеграциялық мекеме Варшавада Денсаулық сақтау қызметін қалпына келтіру мекемесінде пайда болды [3]. Кейінгі жылдары мектепке дейінгі мекемелерде интеграциялық топтар және бүкіл астана аумағында интеграциялық мектептер пайда болды. Интеграция бүкіл Польшаны қамтыды, бірақ әр түрлі аймақтарда бірден емес. Оны енгізу жергілікті биліктің білім беру саясатына, жергілікті өзін-өзі басқаруға, аймақтың материалдық жағдайына және педагогикалық кадрлармен қамтамасыз етуге байланысты болды.

Интеграциялық оқытуды ұйымдастырудың принциптерін қамтитын маңызды құжат Ұлттық Білім Министрлігінің оқытуды интеграциялық деп тану үшін орындалатын шарттарды анықтайтын қаулысы болды. Гамбург моделінің ережелеріне сәйкес оқу процесін ұйымдастыру бірнеше шарттарға сәйкес келуі керек. Интеграциялық мекемелерге: интеграциялық мектепке дейінгі мекемелер, интеграциялық топтары бар мектепке дейінгі мекемелер, интеграциялық сыныптары бар интеграциялық мектептер жатады. Интеграциялық сыныптарда 15-тен 20 адамға дейін оқушылар оқиды, олардың ішінде 3-тен 5-ке дейін оқушы бұзылыстары бар. Сыныпта екі мұғалім жұмыс істейді, біреуі оқу процесін ұйымдастырады, екіншісі көмектеседі. Ол түрлі бұзылыстары бар оқушыларға жеке оқу бағдарламасын жүзеге асыруға көмектеседі және арнайы көмек көрсетеді. Қазақстан мен Польшаның интеграциялық сыныптарында оқушылар санынан айтарлықтай айырмашылық бар.

Жалпы білім беретін мектептер (инклюзивті тип). Инклюзия интеграцияның ең жоғары формасы немесе интеграцияның толық формасы болып саналады. Бұл ерекше қажеттіліктері бар балаларды белсенді қоғамдық өмірге нақты қосу процесі және қоғамның барлық мүшелері үшін бірдей қажет. Инклюзивті білім беру нәтижесі болуы үшін оны сәйкесінше ұйымдастырып, енгізу керек. Польшадағы инклюзивті білім беру жүйесі

бастауыш, гимназия, орта, кәсіптік және жоғары білім беру мекемелерін қамтиды. Оның мақсаты мүмкіндігі шектеулі жандарды оқыту мен кәсіби даярлауда кедергісіз орта құру болып табылады.

Бұл шаралар кешені білім беру мекемелерін техникалық жарақтандыруды, сондай-ақ педагогтер мен басқа да оқушылар үшін мүгедектермен өзара іс-қимылды дамытуға бағытталған арнайы оқу курстарын әзірлеуді көздейді. Сонымен қатар, жалпы білім беру мекемесінде мүмкіндігі шектеулі балалардың бейімделу процесін жеңілдетуге бағытталған арнайы бағдарламалар қажет. Осы тұжырымдамаға сүйене отырып, Польшаның инклюзия идеяларын қорғайтын жарлықтар мен құқықтық актілерді қарастырғанда ерекше қажеттіліктері бар балаларды инклюзивті оқыту екі құжатты реттейді:

- Білім министрінің 2010 жылғы 17 қарашадағы мемлекеттік балабақшаларда, мектептерде және басқа да мекемелерде психологиялық-педагогикалық көмекті ұйымдастыру принциптері туралы Жарлығы;

- Білім министрінің 2010 жылғы 17 қарашадағы жалпыға қолжетімді балабақшаларда, мектептерде және басқа да мекемелерде мүгедек оқушылар мен мінез-құлқы проблемалары бар оқушылар үшін оқытуды, тәрбиелеуді және қамқоршылықты ұйымдастыру шарттары туралы Жарлығы [4].

2010 жылғы 17 қарашадағы Жарлықта (2011 жылғы 1 қыркүйекте күшіне енді) есту (саңырау және нашар еститін) және көру (зағиптар және нашар көретіндер) бойынша мүгедектер үшін оқытуды, тәрбиелеуді және қамқорлықты ұйымдастыру шарттары ұсынылған:

- тірек-қимыл аппараты бұзылған, "оның ішінде афазиямен"; әртүрлі дәрежедегі ақыл-ой кемістігі бар;

- аутизммен (оның ішінде Аспергер синдромымен); дамуының күрделі бұзылыстарымен;

- мінез-құлқының бұзылуларымен немесе мінез-құлқының бұзылу қаупімен.

Бұл балалардың барлығы жалпыға қол жетімді балабақшалар мен мектептерде, интеграциялық балабақшалар мен мектептерде, жалпыға қол жетімді балабақшаларда және интеграциялық топтары немесе сыныптары бар мектептерде арнайы ұйымдастыру мен арнайы оқыту әдістерін қажет етеді. Оқушылардың бастауыш мектепте (18 жасқа дейін), гимназияда (21 жасқа дейін), орта немесе кәсіптік мектепте (23 жасқа дейін) оқуға болатын жасы сипатталған. Ғалымдар мен практиктер, негізінен арнайы мектептерде жұмыс істейтін мұғалімдер қатты сынға ұшыраған төрт құжаттың жобаларын дайындады.

Жеке оқыту (сабақтардың бір бөлігі) мектеп аумағында өткізіледі және жүйелі емес, баланың құрдастарымен жиі кездесуге мүмкіндігі жоқ, мысалы, интеграциялық оқыту жағдайында. Жеке бағдарлама бойынша оқитын бала психологиялық-педагогикалық орталық мамандарының ұсыныстарына сәйкес өз мүмкіндіктеріне бейімделе отырып, мектептің оқу бағдарламасын жүзеге асырады. Ұлттық Білім министрлігі арнайы оқыту жүйесін реформалаудың маңызды элементі барлық оқушыларға тең мүмкіндік беру және олардың даму қарқынына сәйкес келетін мектеп бағдарламасын іске асыруға тиісті жағдай жасау болып табылатынын мойындайды.

Оқушының қажеттіліктері оқыту мен тәрбие міндеттерін жүзеге асыру жолдарын анықтауы керек. Инклюзияны да енгізудің жақсы жақтары бар, бірақ бейсаналық енгізу теріс салдарға әкелуі мүмкін. Алдын ала дайындықсыз міндетті нысан ретінде инклюзивті білім беруді енгізу туралы шешім қабылдау жеткіліксіз. Күн сайын мектептерде жұмыс істейтін тәжірибешілер оқушылардың кездесетін мәселелерін білуі өте маңызды. Балалар да қолдау мен көмек алатынына сенімді болуы керек.

Ерекше білімді қажет ететін балаларды сапалы біліммен қамту - қазіргі таңдағы ең өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Соңғы жылдары арнайы білім жүйесінде (ЕБК) балалардың білім алуға қолжетімділігін кеңейтуге оң өзгерістер жасалып жатыр. (ЕБК) балалардың білім алу құқықтары «Қазақстан Республикасының балалардың құқықтары туралы», «Білім беру туралы»,

«Мүмкіндігі шектеулі балалардың әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзетуге ықпал ету туралы», «Қазақстан Республикасында кемтарларды әлеуметтік қорғау туралы», «Арнайы әлеуметтік қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарында, Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген [5], [6].

Инклюзивті білім беру немесе «білім баршаға» бағдарламасы - барлық балаларға мектепке дейінгі оқу орындарында, мектепте және мектеп өміріне белсене қатысуға мүмкіндік береді. Бұл бағдарламаны Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы мақұлдап, БҰҰ-ның Конвенциясына 2006 жылдың 13 желтоқсанында енгізді, сонымен қатар мүмкіндігі шектеулі балаларды жалпы білім беретін ортаға кіріктіру мақсатында 2009 жылғы ҚР инклюзивті білім беруді дамыту тұжырымдамасының жобасы әзірленген және 2010 жылдың 1 ақпанында бекітілген ҚР білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы бекітілген. [7] Бұл бағдарламалардың басты міндеттерінің бірі –еліміздегі инклюзивті оқытуды дамыту болып саналады.

Біздің мемлекетіміздің Конституциясында барлық балалардың тегін орта біліммен қамтылуына кепілдік берілген. Қазіргі таңда арнайы қажеттілігі бар балалардың осы құқықтарын толық іске асыруларына мүмкіндік беріліп, арнайы білім беру ұйымдарымен қоса, инклюзивті білім беру жүйесі қатар дамып келеді. Бірақ инклюзивті білім беруді ұйымдастырудың өзіндік ерекшеліктері мен қиындықтары бар.

Арнайы психологияның негізін салушы ғалым Л.С.Выготскийдің зерттеулері бойынша, «Дені сау бала мен мүмкіндігі шектеулі балалар бірдей заңдылықпен дамиды. Демек, олардың даму факторы бірдей. Ақыл-ой жағынан артта қалған бала дені сау бала өтетін даму деңгейінен өтіп жетіледі, бірақ баяу және өзінің жеке ерекшеліктері деңгейінде» [8]. Инклюзивті білім беруде біз ерекше балаларымыздың дені сау балалармен бірдей білім алуына жағдай жасай отырып, оларға қосымша мүмкіндік және қажетті маман көмегін ұйымдастыруымыз қажет. Білім беру жүйесіне оң өзгерістер, яғни осы мұқтаждықтарды қанағаттандыру мақсатында жаңалықтар енгізілуде. Осыған орай, жалпы білім беру мекемелерінде ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың білім алуында қандай қиындықтар болуы мүмкін?

Жалпы білім беру мекемелерінде ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың білім алуында басқа балаларды оқыту процесінде, басқа балалармен қарым-қатынаста психологиялық, оқу бағдарламасын меңгеруде қиындықтар болуы мүмкін. Себебі ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың психикалық дамуының негізгі бұзылыстары интеллектуалды даму деңгейі, яғни, зейіні, есте сақтауы, ойлауы, кеңістікті бағдарлауы төмен болып келеді. Осы себептерге байланысты психикасы дамуы тежелген (ПДТ) балалардың оқу үлгерімі төмен болады. Бұл балалардың оқуға үлгермеушілігі жеті-сегіз жастан анық байқалады. Ата-аналары көмекші не арнайы мектептер мен мектеп-интернаттарға, психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттері мен коррекциялық-түзету сыныптарына балаларын бергісі келмеген жағдайда жалпы білім алатын мектептерде ПМПК-ның ұсынысы бойынша жеңілдетілген бағдарламамен оқытуына толық құқылары бар.

Жалпы білім беретін мектептер ПМПК-ның қорытындысы бойынша көрсетілген, яғни, баланың деңгейіне қарай жеңілдетілген бағдарламамен мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеуге және инклюзивті оқытуға дайын болғандары жөн. Инклюзивті оқытуға жалпы білім беретін мектептерде арнайы психолог, әлеуметтік мұғалім, олигофрено мұғалім, логопед мамандар жұмыс жасайды. Егер бала көмекші бағдарламаны толық игерген болса, оған арнайы куәлік беріледі, ал игермесе, анықтама ғана алады. Егер ата-анасы баласын арнайы мектеп-интернатқа жібергісі келмесе, жергілікті жалпы мектепте мүмкіндігі шектеулі баланың мүмкіндігіне қарай, жеңілдетілген бағдарлама бойынша, инклюзивті оқытуға міндетті.

Инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс жүргізетін мектептерде білім мазмұнын үш түрлі бағдарлама бойынша реттелген. Олар жалпы мектептерге арналған типтік оқу бағдарламалары; мүмкіндігі шектеулі балалардың ақаулық типтеріне сәйкес арнаулы білім

беру бағытындағы оқу бағдарламалары; мүмкіндігі шектеулі балалардың психофизикалық ерекшеліктерін есепке ала отырып әзірленетін оқытудың жеке бағдарламасы.

Инклюзивті оқыту - ерекше қажеттіліктері бар балалардың білім алуын қамтамасыз ететін жалпы білім үрдісінің дамуы. Бұл оқытудың тиімділігі балалардың оқу үрдісіндегі қажеттіліктерін қанағаттандырып оқыту мен сабақ берудің жаңа бағытын өңдеуге талпынады және мүмкіндігі шектеулі баланың адамдармен қарым-қатынасына қажетті қабілеттілікті дамытуға мүмкіндік береді. Қазақстанда басқа санаттағы оқушылармен бірге білім алуды және тең қолжетімділікті көздейтін мүмкіндіктері шектеулі адамдарға қатысты.

	Қазақстан	Польша
Жалпы білім беру жүйесі	Қазақстанда білім жалпы және кәсіптік білім болып бөлінеді. Ал білім деңгейлері: мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, бастауыш, орта білім, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім болып бөлінеді.	Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу -1 жыл Бастауыш мектеп- 6 жыл Гимназия - 3 жыл Кәсіби мектеп – 2 жыл КМ кейінгі лицей- 2 жыл Лицей-3 жыл Техникум - 4 жыл ЖОО-5 –жыл Доктор дәрежесін алу - 3 жыл
Арнайы білімді қажет ететін тұлғалар	Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды 3 топқа бөледі: <i>1. психофизикалық дамуының әртүрлі бұзылулары бар балалар:</i> есту, көру, интеллект, сөйлеу, тірек-қимыл аппаратының бұзылуы, психикалық дамуының тежелуі және эмоциялық-еріктік бұзылулары; <i>2. оқу қиындықтары, мінез-құлық және эмоционалды проблемалары бар балалар.</i> <i>3. әлеуметтік - психологиялық, экономикалық, тілдік, мәдени</i> себептерге байланысты.	-естімейтін, нашар еститін; -көрмейтіндер, нашар көретіндер; -ақыл-ой кемістігінің жеңіл түрімен; -ақыл-ой кемістігінің орташа немесе ауыр түрімен; -аутизм; -туа біткен аурулар; -психикалық бұзылулары бар; -қоғамға бейімделмеген; -тәуелділіктің әртүрлі түрлерімен; -мінез-құлықтың бұзылуымен.
Инклюзивті сыныптағы оқушы саны	Жай сыныпта 2 ерекше баладан артық емес (ерекше қажеттілігі бар бала санынай қарай сынып оқушыларының саны 3-есе аз); Жалпы білім беретін мектептің арнайы сыныбында 10-12 оқушы.	Интеграциялық сыныптарда 15-20 адамға дейін оқушылар оқиды, олардың ішінде 3-5-ке дейін оқушы кемшілікке ие. Арнайы мектеп сыныптарындағы оқушылар саны мүгедектіктің түрі мен деңгейіне байланысты.
Ерекше білімді қажет ететін балаларға арналған оқу жоспарлары	Мектептерде ЕБҚбалаларға арналған жұмыс жоспарлары олардың ерекшеліктерін ескере отырып әзірленеді және бекітіледі. Ерекше білімді қажет ететін оқушыларға арналған журнал жүргізіледі, онда барлық қажетті ақпарат қамтылады Жалпы сыныпта ақыл-ойы кем оқушы болса, онда оған жеке оқу бағдарламалары жасалады.	Толық қамтылған
Психологиялық - Педагогикалық көмек беру формасы	ПМПК, ТПҰҒПО, Психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттері мен оңалту орталықтары, арнайы мектеп-тәрбие орталықтары; жалпы білім беретін мектептердегі арнайы сыныптар, логопедиялық орталықтар	ППМО (Психология-педагогикалық медициналық орталықтар) арнайы терапевтік сыныптар, ерекше қабілеттерді дамыту бойынша сабақтар,

		дидактикалық, түзету-компенсациялық, логопедиялық, әлеуметтік терапиялық, кеңестер;
Психологиялық - педагогикалық қолдау	Педагог-дефектолог Педагог-логопед Педагог-психолог	мұғалім, психолог, педагог, логопед, кәсіби бағдар бойынша маман, ата-аналар;

Қазақстан мен Польшадағы инклюзивті білім беру жүйесін салыстыру барысында ерекше білімді қажет ететін балалардың мүдделерін қорғайтын халықаралық құжаттар және оларды түзету-педагогикалық орталықтар, жалпы білім беретін арнайы оқу орындары мен арнайы топтар, сыныптардың болуында біршама ұқсастықтар анықталды. Польша елінің тәжірибесін қарастыра отырып, шет елдерде инклюзивті білім беру мәселесі біздің елге қарағанда едәуір жолға қойылған. Бұл елде инклюзивті білім беру XX ғасырдың 70 жылдарынан басталған, ал біздің елде екінші мыңжылдықтың басында қолға алына бастады. Еуропа елдерін алатын болсақ, инклюзивті білім беру көптеген мәселелерді шешкен. Бұл елдерде ерекше білімді қажет ететін балаларға жалпы білім беретін мектептерде қосымша көмек жолдары ұсынылған.

Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың жалпы білім беру мекемелерінде білім алуында әлеуметтік ортаға бейімделу мүмкіндіктері басымдығын және қарым-қатынас жасаудың оң нәтиже беретіндігін көрсетеді. Біріншіден жалпы білім беру мекемелерінде инклюзивті оқыту – барлық балаларға мектеп өміріне белсене қатысуға мүмкіндік береді. Екіншіден оқушылардың тең құқығын анықтайды және ұжым іс-әрекетіне қатысуға мүмкіндік береді. Үшіншіден адамдармен қарым-қатынасына қажетті қабілеттілікті дамытуға мүмкіндік береді. Даму мүмкіндігі шектеулі балаларға білім беруді ұйымдастыру мақсатында, типтік арнайы білім бағдарламасы жасалды. Онда балалардың мұқтаждықтары ескеріліп, білім алуларын қамтамасыз ететін жалпы білім үрдістері қарастырылған.

Инклюзивті оқыту балалардың оқу үрдісіндегі қажеттіліктерін қанағаттандырып, оқыту мен сабақ берудің жаңа бағытын өңдеуге талпынады. Егер инклюзивті оқытудың оқыту мен сабақ беруге енгізілген өзгерістері тиімді болса, онда ерекше қажеттіліктері бар балалардың жағдайлары да өзгереді. Инклюзивті оқытуды ашқан мектептерде оқыған балалар адам құқығы туралы білім алуға мүмкіншілік алады. Өйткені, олар әлеуметтік ортаға бейімделіп бір-бірімен қарым-қатынас жасауға, танып-білуге, қабылдауға үйренеді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Перфильева, М. Ю. Участие общественных организаций инвалидов в развитии инклюзивного образования: (рабочая версия) / М. Ю. Перфильева, Ю. П. Симонова, С. А. Прушинский; под ред. Т. Г. Туркиной. – Москва: Перспектива, 2012. – 57 с. – Режим доступа: <https://perspektivainva.ru/userfiles/education/publication/uchastie-ooi-v-razvitii-io.pdf> (дата обращения: 02.10.2017)
2. <https://perspektivainva.ru/userfiles/education/publication/uchastie-ooi-v-razvitii-io.pdf> (дата обращения: 02.10.2017)
3. Қазақстандағы Республикасындағы инклюзивті білім беру жүйесі / Ж. С. Кушекбаева, Айнур Бакытбайқызы, И. Н. Абилхан // Молодой ученый. — 2017. — № 51.1 (185.1). — С. 16-18.
4. Грозная Н. С. Инклюзивное образование за рубежом. От мечты к реальности 2011. №1
5. Журнал «Клиническая и специальная психология» No1 2012 www.psyjournals.ru/psyclin
6. Қазақстан Республикасының Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарына арналған мемлекеттік бағдарламасы. - Астана, 2010. Әлеуметтік педагог. – 2010. - №4.
7. Концептуальные подходы к развитию инклюзивного образования в Республике Казахстан. Приказ МОН РКот 01.06.2015 № 348

8. Бердиева Г.К. «Мектепке дейінгі мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған оңалту орталығындағы дамыту-түзету жұмыстарын ұйымдастыру» Әдістемелік көмекші құрал, Қызылорда, 2011. 3,8 беттер.

9. А.А. Байтұрсынова «Арнайы педагогика: проблемалары мен даму болашағы» Алматы, 2008 ж

ӘОЖ 14.07.07

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА ТАБИҒАТ ҚҰБЫЛЫСТАРЫН ТАНЫСТЫРУ

Мырзабекова Ш. У.

Алакөл ауданы Көктұма қазақ орта мектебі МДШО КММ бастауыш сынып мұғалімі

E-mail: myrzabekova1902@mail.ru

Мақалада бастауыш сынып оқушыларына табиғат құбылыстарын таныстыру ерекшеліктері қарастырылған. Авторлар бастауыш сынып оқушыларына табиғат құбылыстарын таныстырудың ең тиімді және ғылыми негізделген тәсілдерін, формалары мен әдістерін ұсынады.

Тірек сөздер: бастауыш сынып, табиғат құбылыстары, құзыреттілік, педагогикалық іс-әрекет, қоршаған орта.

В статье рассмотрены особенности ознакомления младших школьников с явлениями природы. Авторы предлагают наиболее эффективные и научно обоснованные способы, формы и методы ознакомления младших школьников с явлениями природы.

Ключевые слова: начальная школа, явления природы, компетентность, педагогическая деятельность, окружающая среда.

The article deals with the peculiarities of familiarization of primary school students with the phenomena of nature. The authors propose the most effective and scientifically based ways, forms and methods of familiarizing younger students with the phenomena of nature.

Keywords: primary school, natural phenomena, competence, pedagogical activity, environment.

Табиғи құбылыстар - жер бетінде ежелгі құдайлардың пайда болуының түпкі себебі. Алғаш рет найзағай, цунами, орман өрті, күн тұтылуын адам табиғат құбылыстары деп ойлай алмады. Табиғи құбылыстарды зерттеу қызықты, бірақ қиын. Көбінесе табиғи құбылыстар деп салыстырмалы түрде сирек кездесетін кемпіркосақ, найзағай, түсініксіз батпақты шамдар, атқылайтын жанартаулар мен жер сілкіністері т.с.с құбылыстар түсініледі. Табиғат қатал, ол адамдар жасаған барлық нәрсені аяусыз бұзады, бірақ бұл бізді барлық табиғи құбылыстарды (атмосфералық, жер қойнауында, тереңдікте, басқа планеталарда, галактикадан тыс жерде) түсінуге тырысудан тоқтатпайды.

Жалпы білім беретін мектептің бастауыш деңгейінде «Жаратылыстану», «Дүниетану» пәні табиғат құбылыстарын барынша таныстыруға бағытталған [1,2]. Мәселен, бастауыш сынып оқушыларын өлі табиғат заттарымен: сумен, оның күйінің игеруімен (қату, қар және мұздың еруі, буға айналуы); қатты денелермен (құм, мұз, тас); олардың қасиеттерімен таныстыруда физикалық құбылыстармен; ауамен, оның қозғалысымен таныстыруда метеорологиялық ұғымдармен; желдің бағытымен және күшімен таныстыруда математикалық есептеу әдістері; тау жыныстары, жер қыртысының топырақ қабатымен таныстыруда география; өсімдіктер, жануарлар, жәндіктер, құстар

дүниесімен таныстыруда биология; электрлік және жарықтық құбылыстармен (электр шамының, кемпірқосақтың жасалуы, түрлі-түсті жолақтардың үлгісі мен орналасуы), магнитпен және оның қасиеттерімен таныстыруда физика пәндеріне қатысты ұғым атаулары меңгертіледі. Оқушыларға осы пәндер бойынша әдістемелік мақсаттарда көрнекілік үшін бейнелеу өнерін (сурет, портрет, иллюстрация, мүсін т.б.), эмоциялық әсерді күшейту үшін түрлі музыкалық шығармалар пайдаланылады.

Аталған пәндерді оқу барысында бастауыш мектеп білім алушылары биология, экология, география пәндерінің қарапайым ұғымдарымен танысады. Мұғалімге зілзалалардың, экологиялық апаттардың қауіп-қатері жағдайында қауіпсіз іс-әрекет ету мәселелерін талқылау ұсынылады.

Пән бойынша білім мен дағдыларды бақылау мен бағалау үшін ауызша тексеру, бақылау, жазбаша жұмыстар (мысалы, тест, диктант), сондай-ақ өздігінен карталармен, құралдармен, үлгілермен, аспаптармен, зертханалық құрал-жабдықтармен практикалық жұмыстар қолданылады.

Экскурсия жүргізу оқытудың бір түрі болып табылады. Экскурсияларда білім алушылар көптеген теориялық білімдерін практикада тексереді және жергілікті жерде бағдарлану, бақылау, салыстыру, ағзалардың бір-бірімен, табиғат құбылыстарымен, қоршаған ортаның жағдайларымен өзара байланысына мысалдар табу дағдыларын үйренеді. Сабактың тақырыбына және жергілікті жерген сәйкес (жаңа тақырыпты меңгергенге дейін немесе кейін) экскурсия жүргізу ұсынылады.

Жергілікті жерлерге байланысты экскурсиялар өткізу:

- 1) мұражайлар;
- 2) ауыл-аймақтың маңайы;
- 3) пайдалы қазбаларды шығаратын не қайта өңдейтін орындар не кәсіпорындар;
- 4) саябақтар, хайуанаттар бақтары;
- 5) өнеркәсіптік, өндірістік немесе ауыл шаруашылығы кәсіпорындары.

Білім алушылардың жүйелі талдау, зерттеу дағдыларын қалыптастыру үшін «Бақылау күнделігінде» ұсынылаған тапсырмаларды жүйелі түрде орындау керек.

Кеңістік, географиялық заңдылықтар туралы түсініктерді дамыту үшін карталар (физикалық және әкімшілік картасы, контурлы карталар, тарихи карталар, жартышар карталары) және глобус қолданылады.

Олармен жұмыс жаңа тақырыпты түсіну, өткен материалды қайталау, үй тапсырмасын тексеру кезінде жүргізіледі.

Бастауыш мектеп кезеңінде бала қоршаған ортаны танып біледі. Баланың табиғатты танып білуге деген қызығушылығын оята отырып, педагог оны табиғатпен таныстырып қана қоймай, оны түсінуге, өсімдіктер мен жануарларды қамқорлыққа алуға, табиғаттың сұлулығын сезіне білуге үйретеді.

Сабак барысында қарапайым түсініктерді меңгерту баланың қоршаған орта нысандарына танымдық қызығушылығын арттырумен тығыз байланысты. Баланың танымдық дамуы ойын барысында, табиғи нысандар мен құбылыстарға бақылау жасау, заттарды қарап, зерттеу кезінде, табиғат пен табиғат күнтізбесіндегі ауа - райы жағдайына бақылау нәтижелерін айта білу, еңбек және басқа да әрекеттер барысында жүзеге асады. Қоршаған дүниемен таныстыру бастауыш мектеп оқушысының сезіміне әсер етіп, оның тілін дамытуға жағдай жасап, айналадағы өмірді, табиғат құбылыстарын бағдарлап сінуге мүмкіндік туғызады. Төменгі сынып оқушысының өмірдегі нақты заттар мен құбылыстар жөнінде, ол заттардың өсу, даму ерекшелігі, өзара «айналасы жөнінде өздігінен ой қорытындыларын жасап, басқаларға түсіндіруге әрекеттенушілігі басым болады. 6-7 жастағы баланың көрнекті, образды ойлау қабілеттілігі басым болатыны белгілі.

Мұғалімнің мақсат қоя ұйымдастырылған іс-әрекеттері (ойын, топсаяхат, бақылау, серуен, көрнекілік, әңгіме әдісі т.б.) арқылы оқушыға қоршаған орта жайында алғашқы

мағлұматтар алып, айналасындағыны байқап, қызығушылықпен қарап, оны әңгімелеп айтып беруге талпынады.

Бастауыш мектеп кезеңінде баланың танымдық дамуы эмоционалдық қарым - қатынастар арқылы қалыптасады [3,4]. Әрбір жеке бала - қоршаған ортаны қызығушылықпен қабылдайтын кішкентай зерттеуші. Бала белсенді әрекеттерге талпынады. Сондықтан да бақылау мен зерттеу сияқты әдістер балаға неғұрлым жақын болып табылады.

Серуен кезінде бақылау жұмысын дұрыс ұйымдастыру біріншіден жоспарлау кезінде жеңілдік туғызса, екіншіден, бақылауды жүргізуге қойылатын талаптар сақталады. Балалардың танымдық күзиреттілікті меңгеруі, бақылау нәтижесі педагогтың қолданатын әдіс - тәсілдері мен бақылауды ұйымдастыруына тікелей байланысты.

Педагогикалық жұмысымызда байқағанымыздай, серуен кезінде ұйымдастырылатын бақылау үлгілері мұғалімге баланы қоршаған ортамен таныстыруға, серуенді дұрыс ұйымдастыруға көмектеседі.

Бастауыш мектеп бағдарламасында дүниетану сабағынан ұйымдастырылатын серуен негізгі бес бөлімнен тұрады: бақылау, жеке жұмыс, қимылды ойын, табиғаттағы еңбек және дербес (еркін) ойындар. Бес бөлім бірін-бірі толықтырады. Серуен арқылы балаға айнала қоршаған орта туралы толық мағлұмат беруге болады. Бала ауа райын, табиғатты, күнді, желді, топырақты, ағаштар мен жануарларды, құстарды бақылай отырып білімін жетілдіреді, өзі үшін жаңалық ашады. Ол шегірткенің, торғайдың шырылын естіп, қардың ұсақ ұлпалардан, таңғажайып суреттен тұратындығын өзі ғана бірінші сезгендей, ал бұлбұл құс тек өзіне ән салып тұрғандай қабылдайды. Табиғатпен таныса жүріп, бала байқампаз, сақ, аңғарымпаз болуға үйренеді. Балалармен жануарлар мен өсімдіктер туралы, машиналар мен адамдар туралы, ауа-райы құбылыстары туралы сөйлесе жүру керек.

Серуен дайындықсыз өткізілмеуі тиіс. Олар танымдық мақсатқа құрылып, қызықты өткізілуі керек. Кез-келген серуен балалардың түрлі іс- әрекеттерінен, атап айтқанда бақылау, жеке жұмыс, қимыл-қозғалыс және дидактикалық ойындар, еңбек, дербес ойыннан (немесе әрекеттен) тұрады.

Табиғат аясында өткізілетін сабақтар балаларға қатты ұнайды. «Жүз рет естігеннен де , бір рет көрген артық» деген сөз бар, ол тегін айтылмаса керек. Объектілерді немесе басқа да құбылыстарды байқау, тікелей қадағалау мен табиғатты аялаудың мәні зор. Көз алдарыңызға елестетіп көріңіздерші, балалардың орман ішіне серуенге шығуы, құстардың шикылдаған дауыстары, самал желдің дауысы естіледі. Сиқырлы серуенде ойламаған жерден қиын жағдайлар болып қалады да, табиғатқа көмек көрсету керек болады. Ондайда балалар ойланбастан көмек беруге асығады.

Күнделікті өмірдегі тәжірибеде балалармен мына жұмыстың түрлерін кеңінен қолданамыз: күнтізбе бойынша табиғатты байқау, тірі табиғат бұрышына кезекшілікті ұйымдастыру, театрланған көріністі көрсету, тақырыптар бойынша альбомдар құрастыру.

Бақылау – бастауыш мектеп оқушыларын табиғат құбылыстарымен таныстырудың жетекші әдісі, сонымен бірге мұғалім басшылық жасайтын табиғатты танудың негізгі құралы.

Бақылау - мақсатты қабылдау, ол сезім және ақыл-ой тұтастығын табатын күрделі танымдық үрдіс. Ол оқушының қабылдауы, көру, есту, иіскеу, тыңдау, сезу сияқты танымдық процестер көмегімен жүзеге асады. Бақылау арқылы қабылдау сөзді белсенді пайдалануға негіз болып, оның ойлау, ой қорыту үрдісімен жалғасады.

Мұғалімнің табиғат құбылыстарын бақылауды ұйымдастыруы бастауыш мектеп оқушысын табиғатпен таныстырудың негізгі түрі болып табылады. Объектіге және оқушылардың жас ерекшелігіне байланысты бақылау қысқа (ұзақтығы бірнеше минут) және ұзақ (бірнеше күн немесе тіпті апта бойына) болуы мүмкін. Мектепте өткізілген бақылауларда оқушыларды табиғат құбылыстарымен таныстыру кезінде әңгіменің өзегі жекелеген құбылыстар емес, бүтіндей табиғаттың тұтастығын оның маусымдық өзгерістерін, байланысын саналы түсінуге жетелейтіндей деңгейде жүргізіледі.

Табиғат құбылыстарына бақылаулар жасау кезінде әсіресе табиғатта болып және байқап көруге мүмкіндік туғызатын құбылыстарды бақылауды таңдадық (сүңгі, көктайғақ, нажағай, т.б.). Осы арқылы бірінші кезекте баланың танымдық қабылдауын жүзеге асыру қарастырылды. "Көктайғақ қалай пайда болды?", "Оның адам өмірінде қандай қауіпі бар?" т.б. сұрақтар арқылы олардың дұрыс қабылдауы жүзеге асырылды. Бақылау ізденістік сипатқа ие болды, балалар құбылыстың себебін табуға тырысуды, салыстыруға, қорытынды жасауға төселеді.

Балалар зерттеушілік, ой пайымдау, салыстыру әрекеттеріне төселіп, сөз қолдануға тырысады. Кейде бақыланатын құбылыс суреттегі бейнемен салыстырылды. Сондықтан балалардың назары олардың айырмашылықтарын белгілеумен бірге (қарлы боран, құмды боран) бірнеше құбылыстың ортақ белгілеріне (боран кезінде негізгі құбылыс желмен байланыс екендігі), әсіресе, олардың елеулі жақтарына (жел) назар аударылып отырылды. Бақыланып отырған құбылысты салыстыруға тапсырма берілді. Сондай-ақ, тек қиналған жағдайда ғана көмек көрсетіліп, салыстырылатын белгілерді анықтауда балаларға еркіндік берілді.

Бақылаудың ерекше түрі - эксперимент. Ол арнайы жасалған жағдайларда ұйымдастырылады. Сабактарда, серуен кезінде немесе табиғат бұрышында және мектептің жер үлескісінде балаларды жеңіл-желпі тәжірибелер жүргізуге тарту олардың бақылағыштығын дамытып, объектілерге және табиғат құбылыстарына белсенді де дұрыс қарым-қатынасын тәрбиелеуде зор мәні бар. Қарапайым тәжірибелердің көмегімен балаларға судың қатуын, қар мен мұздың суға айналуын, кемпірқосақтың жасалуын және басқаларды көрсетуге болады. Мысалы: "Толқынның жасалуы". Легенге суды құйып, балаларға қолды суға салып, онымен жан-жаққа қозғауды ұсыну керек. Олардың назарын су толқынының қалай пайда болатынына аудару керек. Егер қолмен қаттырақ қозғалтса, толқынның қозғалысы жылдамдайды.

Кемпірқосақтың жасалуы. Арқаны күн жаққа қаратып тұру және пульверизатордан немесе шлангтан суды шашырата себу.

Көктайғақ секілді құбылыстармен таныстыру кезінде көшедегі машиналардың жүрісіне бақылау жасалады. Мұз үстінде машинаны бірден тоқтатудың қиындығын балалар бақылау кезінде көріп білді. Мектептің жер үлескісіндегі жолдың бір бөлігіне су құйдық, ол мұз болып қатты. Содан соң балалар оның үстімен жүрудің қиын екенін, аяқ тайғанап, жығылып қалуға болатынын бақылады.

Жер үлескіде немесе жақын жердегі табиғат қоршауында бақылау жасау үшін барынша оңтайлы жер таңдап алдық. Балаларды бәрінің де бақылауына қолайлы болатындай етіп орналастырдық.

Бақылаудың алдында, әсіресе, ол бірінші рет жүргізіліп отырғанда, сұрақ қоюға немесе тапсырма беруге асықпадық. Балалардың өздігінен қарап алуына (1-2 минут) мүмкіндік бердік, табиғи қызығушылығын қанағаттандырдық бақылауды белгілі бір жүйемен жүргіздік. Табиғаттың найзағай секілді құбылысына бақылауларға жетекшілік жасай отырып, назарды бүкіл қоршаған табиғатқа аудардық.

Содан соң аспанның түсін, найзағай мен күн күркіреуінің жүйелілігін, адамдар мен малдардың сақтануын айқындадық. Мұндай жүйелілік, оның себебі төменгі сынып оқушыларының бір нәрсеге назар аударуының орнықтылығы әлі жеткіліксіз, көп жағдайда еркінен тыс болады. Алайда бақылаудың соңында бақылау барысында қалыптасқан ұғымдарды ретке келтіруге тырыстық.

Тапсырмалар беруде алуан түрлі тәсілдерді пайдаланумен ("Ойлан", «Салыстыр», "Айтып бер", "Есінде сақта", т.б.) бастауыш мектеп оқушыларын бақылағаны туралы жүйелі түрде байланыстырып айтып беруге үйреттік.

Табиғаттың бір құбылысына бақылау ұйымдастыру және (мұз сүңгісінің және олардың еріп кетуі) соған тән өзгешеліктерді белгілеуді, салыстыруды, өзгерулерді анықтайтын жаңа белгілерді бөліп алуды, өлі табиғаттың бұл құбылысының не себепті адам

өміріне қауіпті (сүмеленген мұз тұрған жерден жүруге болмайды) екенін жан-жақты қарап алуды ұсындық.

Бастауыш сынып оқушысы қоршаған дүниені оларға мұғалім жетекшілік жасаған кезде ғана емес, сондай-ақ, өзіндік жұмыс барысында белсенді түрде тани алады. Олар көп нәрсені көреді, бірақ бәрін бірдей дұрыс түсіне бермейді. Сондықтан, оқушының кез келген уақыттағы сұрағына дәйекті түрде жауап беріп, табиғат туралы бастауыш мектеп оқушысының білім деңгейін арттыру қажет.

Табиғаттың құбылыстарымен таныстыру барысындағы сабақтарды өткізгенде зерттелетін заттар мен құбылыстардың оқушыларға көрінетін және оның сезілетін болуы, мектеп жасына дейінгі баланыңлар зерттелініп отырған әрекетте болуы немесе зерттелініп отырған құбылысты бақылауы керек. Сонымен бірге бастауыш мектеп оқушысының байқап көру әрекеті өріс алады, бұл әрекеттерге жасалынатын талдау жетілдіріледі, оқушының өзіндік қызметі, тілі дамиды.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы. ҚР БҒМ 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы.
2. ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 15 шілдедегі № 453 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарлары;
3. Цукерман, Г.А. Как младшие школьники учатся учиться / Г.А. Цукерман. – Москва : Педагогический центр "Эксперимент", 2010. – 211 с.
4. Щукина, Г.И. Активизация познавательной деятельности в учебном процессе / Г.И. Щукина. – Москва : Просвещение, 2016. – 273 с.

УДК 372.8

ИНТЕГРИРОВАННЫЕ УРОКИ ХИМИИ С АНГЛИЙСКИМ ЯЗЫКОМ

Мухитова С. Ш., студент 4 курса по специальности 5В011200 Химия
Казахский национальный женский педагогический университет, г. Алматы

E-mail: Sagdiana.mukhitova@mail.ru

Современный этап развития высшей школы характеризуется возрастающим вниманием к языковому образованию, которое справедливо считается инструментом модернизации вуза. Сегодняшнему специалисту необходимо быть в курсе достижений мировой науки, читать специализированную литературу на иностранных языках, уметь общаться с зарубежными специалистами, поэтому изучение иностранного языка – необходимая часть химического образования.

Ключевые слова: межкультурно-коммуникативная компетенция, культура, коммуникация, компетентность, интегрированный урок, методы преподавания, мышление.

Жоғары мектептің қазіргі даму кезеңі тілдік білімге деген назардың артуымен сипатталады, ол университетті модернизациялаудың құралы болып саналады. Бүгінгі маман әлемдік ғылымның жетістіктерін біліп, шет тілдеріндегі мамандандырылған әдебиеттерді оқып, шетелдік мамандармен сөйлесе білуі керек, сондықтан шет тілін үйрену химиялық білім берудің қажетті бөлігі болып табылады.

Тірек сөздер: мәдениетаралық-коммуникативтік құзыреттілік, мәдениет, коммуникация, құзыреттілік, біріктірілген сабақ, оқыту әдістері, ойлау.

The current stage of the development of higher education is characterized by increasing attention to language education, which is rightly considered a tool for the modernization of the university. Today's specialist needs to be aware of the achievements of world science, read

specialized literature in foreign languages, be able to communicate with foreign specialists, so learning a foreign language is a necessary part of chemical education.

Keywords: *intercultural and communicative competence, culture, communication, competence, integrated lesson, teaching methods, thinking.*

Введение. Как отмечают многие исследователи, в настоящее время в обществе все большую силу набирают тенденции интеграции и глобализации. Современный человек вынужден жить и работать в условиях полиязыкового пространства, где огромную роль играет общение, в том числе межкультурное, межнациональное общение.

Цель исследования повышение эффективности процесса межкультурно коммуникативного общения учащихся в изучении химии на английском языке.

Задача – разработать модель формирования МКК у учащихся в изучении химии на английском языке.

На первом этапе было проведено констатирующее исследование, включавшее в себя анализ литературы по проблеме педагогической интеграции в средней школе.

На втором этапе результаты исследования позволили выработать соответствующий интегративный подход, суть которого была сформулирована в форме концепции построения учебной работы по химии с использованием коммуникативных возможностей иностранного языка. На этом этапе были спроектированы варианты педагогического эксперимента и последовательность их проведения, позволившие выявить эффективность применения в средней школе разработанной нами концепции.

На третьем этапе был проведен поисковый педагогический эксперимент, обоснованы критерии эффективности разработанной модели учебной работы по химии в школе в условиях интеграции с английским языком, проведена непосредственная оценка эффективности и корректировка разработанной нами модели.

На четвертом, заключительном этапе, был проведен формирующий эксперимент, подведены итоги исследования, оформлены результаты и сформулированы выводы.

Дистанционное обучение в школе. Сейчас плюсы дистанционного обучения в школе для тысяч учителей вовсе не очевидны. Кажется, что дистанционное обучение — это сплошные неудобства, угроза дисциплине и успеваемости. Но это не так: удаленное образование обладает массой преимуществ. Вот некоторые из них:

- *Возможность работать с каждым учеником индивидуально*
- *Автоматизация рутинных процессов*
- *Шанс освоить новые технологии*
- *Игровые задания*
- *Более размеренный темп работы*
- *Возможность работать в комфортной обстановке*
- *Актуальность знаний*
- *Доступность учебных материалов*

Минусы дистанционного обучения в школе совсем не так многочисленны, как может показаться. Однако они есть, и школьный учитель должен знать, с какими сложностями и ограничениями он может столкнуться.

- *Необходимость разбираться в цифровых технологиях*
- *Недостаток личного общения*
- *Необходимость работать с мотивацией учеников*
- *Отсутствие границы между рабочим и свободным временем*

МЕТОДЫ ИНТЕГРАЦИИ ХИМИИ С АНГЛИЙСКИМ ЯЗЫКОМ

Интегрированный урок

Интегрированный урок - это особый тип урока, объединяющего в себе обучение одновременно по нескольким дисциплинам при изучении одного понятия, темы или явления.

Чтобы интегрировать, т. е. правильно соединить объединяемые компоненты учебного процесса, надо совершить определенные действия, которые изначально носят творческий характер. В ходе этой подготовительной деятельности учитель определяет:

- свои мотивы проведения интегрированного урока и его цель;
- состав интегрирования, т.е совокупность объединяемых компонентов;
- ведущий системообразующих и вспомогательных компоненты;
- форму интегрирования;
- характер связей между соединяемым материалом;
- структуру (последовательность) расположения материала; []

Метод CLIL

CLIL (Content and Language Integrated Learning или предметно-языковое интегрированное обучение) условно делят на hard CLIL и soft CLIL. Hard CLIL означает, что любой школьный предмет может проходить на английском языке (при условии, что он является L2 для учащихся). В ходе такого урока ученики исследуют географию, литературу, биологию, физику или даже спортивные игры посредством иностранного языка. Преподаватели английского языка используют soft CLIL, их задача состоит в обратном: изучить иностранный язык используя темы и материалы из других предметов. []




Рисунок-1

Данное исследование проводилось опираясь на модель межкультурной коммуникативной компетентности Канале и Свейна (1980), Бахмана и Пальмера (1995), рис-1.

Эксперимент проводился на базе школ «КГУ №14, г. Туркестан», «КГУ общеобразовательная средняя школа №113 имени аль-Фараби, г. Шымкент», «КГУ №6 имени Сыпатаева г. Жаркент». Экспериментальная работа проводилась в течении с I-III четверти 2020-2021гг. В качестве экспериментального класса были выбраны два 8 класса со школ в городе Туркестан и Шымкент, и контрольный 8 класс в городе Жаркент. Экспериментальная работа состояла из трех этапов: *констатирующий; формирующий; контрольный.*

Примеры материалов в исследовании: Brainstorming session

Ten elements

The list of chemical elements is given: tin, phosphorus, hydrogen, ruthenium, mercury, selenium, oxygen, calcium, arsenic, chlorine

Read the following statements carefully and

cross out one item from the list after each statement. Which one will remain?

If everything is done correctly, then the answer will be the most common element in space, which forms the lightest gas – hydrogen

How many groups will there be?

The list is given

1. names of chemical elements: hydrogen, mendelevium, plutonium, uranium, selenium, oxygen, tantalum, einsteinium, ruthenium, phosphorus, scandium, curium.

2. Symbols of chemical elements: N, Al, H, Fe, K, Ca, O, Si, Mg, Cu, Na, S, Ag, C, P, Cl, Zn

Make groups of names of elements or chemical symbols that are similar to each other in one or more ways, and give them names. How many groups did you get?

Add by analogy

1. Continue the series of chemical elements:

A) Be Mg Ca (elements of the same group)

B) N Not In C (nonmetal elements in the order of increasing ordinal number)

B) At Br C Dy (elements in the Latin alphabet of their signs)

D) Pu Np Se U (elements named after astronomical objects)

E) Po Os (elements, in chemical symbols where the letter “O” occurs)

Chemical Alphabet

1. Arrange the symbols of the chemical elements in alphabetical order of their Russian names:

N, C, Zn, Ba, Fe, Na, K, Cu, Ag, Ca, S

2. Arrange the symbols of the chemical elements in alphabetical order of their Latin names.


Результаты и обсуждения

Проведенное исследование наметило ряд проблем, требующих дальнейшего изучения - решение проблемы интеграции в школьном обучении происходило в зависимости от конкретно-исторических условий его развития; - создания новых интегрированных курсов требовала пересмотра учебного плана. Поэтому нужна основательная экспериментальная и опытная проверка разных вариантов решения проблемы.


Решение проблемы интеграции в школьном обучении при условии дистанционного обучения происходило в зависимости от конкретно-исторических условий его развития.

Создание новых интегрированных курсов требовала пересмотра учебного плана. Поэтому нужна основательная экспериментальная опытная проверка разных вариантов решения проблемы.

Диаграмма-1, результаты учащихся в проведенном эксперименте с 15.10.2020г. по 15.03.2021г.



Модель МКК в средней школе



Заключение. На основе разработанных теоретических положений и полученных в ходе опытно-экспериментальной работы данными нами сделаны следующие выводы:

Определены теоретические основы формирования межкультурно – коммуникативной компетенции.

В связи с модернизацией общего образования одной из актуальных задач учебной работы по химии становится формирование межкультурно-коммуникативной

компетентности учащихся, то есть их способности и готовности общаться и использовать информацию по химической тематике.

Сформирована концепция, и на ее основе разработана теоретическая модель учебной работы по химии в школе в условиях интеграции с иностранным языком.

Доказано, что методика изучения химии в условиях интеграции с иностранным языком обеспечивает повышение уровня сформированности двуязычной коммуникативной компетентности учащихся,

Показано, что использование разработанной методики стимулирует учащихся к изучению химии при помощи коммуникативных возможностей английского языка, и, таким образом, способствует усилению интереса и мотивации школьников к изучению химии.

ЛИТЕРАТУРА:

1. Асимов М.С., Турсунов А. Современные тенденции наук // Вопросы философии. –1981 – №3. – С. 57-59
2. Балахметов К.Ж. на пути обновления. – А.-А: Казахстан – 138с.
3. Батурина Г. И., Кузина Т. Ф. Введение в педагогическую профессию: Учеб. для . сред. пед. - М.: Издательский « », 1998. - 176 с.
4. Белянкова Н.М. Интегрированный урок в обучении школьников: методическое пособие для учителя . – М: Просвещение, 2015. – 400 с.

ӘОЖ 371.315.7:004.4:512

3D ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ, ОЛАРДЫ ҚОЛДАНУ САЛАЛАРЫ ЖӘНЕ ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

Нұрбосынова А. А., Керейбаева Д. А., Керімжан А. А.,

«Информатика» мамандығының 3 курс студенттері

Ғылыми жетекші: **Алдабергенова А.О.**, п.ғ.к., қауымдастырылған профессор (доцент) м.а.

І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ.-сы.

E-mail: nurbosynova.aktolkyn1994@mail.ru, kereibaeva2011@mail.ru,
aydos.kermzhan@bk.ru, Aigul_ao@mail.ru

Мақалада қазіргі әлемдегі ең дамып келе жатқан саларының бірі-3D технологиясы жайлы және қолданылатын салалары мен 3D басып шығарудың артықшылықтары мен кемшіліктері туралы баяндалады.

Тірек сөздер: *Жаңа технология, 3D технология, қолдану саласы, 3D принтерб модель, модельдеу.*

В статье рассматриваются вопросы одной из наиболее развивающихся отраслей в современном мире-3D-технологий, а также применимые области, преимущества и недостатки 3D-печати.

Ключевые слова: *Новая технология, 3D технология, область применения, 3D принтер, модель, моделирование.*

The article examines the issues of one of the most developing industries in the modern world-3D technologies, as well as the applicable areas, advantages and disadvantages of 3D printing.

Key words: *New technology, 3D technology, application area, 3D printer, model, modeling.*

Жаңа технологиялар дамуының белсенділігінің артуы мен олардың қоғам салаларына тереңінен енуі дайын өнімдерді, интеллектуалды міндеттерді жеңілдетудің

сапалы дамуын талап етеді. Жаңа технологиялардың оқыту процесіне енгізілуін оқушылардың шығармашылық, интеллектуалды дамуын арттыру деп түсінеміз.

Жақсылыққа ұмтылу адамзаттың дамуына, жаңа технологияларды ойлап табуға, сондай-ақ бар технологияны жетілдіруге мәжбүр етеді. Прогресс үнемі өзгеріп отырады, жыл сайын күнделікті өмірді жеңілдетіп қана қоймай, әлемді едәуір жақсартатын жаңа, таңғажайып өнертабыстар пайда болады. Қазіргі әлемнің ең дамып келе жатқан салаларының бірі-3D технологиясы.

Көптеген адамдар 3D технологиялары туралы айтқанда, стерео көзілдірікті, виртуалды шындықты және кескінге қатысты барлық нәрсені – 3D фильмдерін және т.б. түсінеді. 3D технологиялары ұғыну үшін алдымен үш өлшемді графиканың не екенін түсіну керек. Алайда, үш өлшемді графика жазықтықтағы «көлемді» суреттермен шектелмейді. Сондай-ақ, үш өлшемді басып шығару және сканерлеу технологиялары осы санатқа жатады. Басқаша айтқанда, бүгінде көлемді заттарды сканерлеуге және басып шығаруға мүмкіндік беретін 3D құрылғылары бар. Сондай-ақ, арнайы бағдарламалық жасақтаманың көмегімен виртуалды модельдер жасауға болады.

Бүгінгі таңда 3D-технологияларды қолдану ғылымның, техниканың және ойын-сауық индустриясының әртүрлі салаларында көрініс табады. Үш өлшемді әлем-бұл тез дамып келе жатқан және бүгінде қол жетімді болашақ әлемі болып табылады. Үш өлшемді басып шығару құралдарын кеңінен пайдалану қаражат пен уақытты үнемдейді, сонымен қатар өнімділікті арттырады. 3D басып шығару – бұл мүмкіндіктерді кеңейту құралы болып табылады. Болашақта мұндай технологиялар адамдардың өмірін сақтап қалуға, сондай-ақ рекордтық мерзімде ғимараттар салуға және үлкен өндірістік жабдықтарды ауыстыруға мүмкіндік береді [1].

Алайда, ақпараттың қол жетімділігіне қарамастан, көптеген адамдар 3D технологиясының ерекшеліктерін, олардың қолдану салаларын және даму перспективалары бар екені туралы аз біледі.

Біз мақаламызда осы мәселелерге тоқталып өтпекшіміз. Алдымен 3D баспа технологияларын қолдану салаларына тоқталып өтейік:

✓ **Білім.** Неғұрлым тиімді оқыту үшін және жаңадан шыққан «робот техникасы» үшін де барлық оқытылатын пәндерге арналған үлгілер, көрнекі құралдар. 3D баспа экологиялық тұрғыдан таза өндіріс болып табылады және сенімді материалдарды пайдаланады, сондықтан зияны жоқ және балаларды оқытуда пайдалы.

✓ **Қаптама дизайны.** Қаптамаларды, құтыларды, сондай-ақ түпнұсқалық нысандағы бөтелкелерді өндіру кезінде 3D принтерлерде жасалған прототиптер пайдаланылады;

✓ **Кәдесый өнімдері, ойыншықтар.** Кез-келген күрделіліктегі эксклюзивті кәдесыйларды дайындау, тираждық ойыншықтардың түпнұсқаларының өндірісі. Функционалдық тестілеу және түпнұсқаларды дайындау. Өзірленген механизмді тестілеуге арналған бөлшектер өндірісіндегі мінсіз талдап тексеру. Үлкен партияны шығару алдында таныстыру, тестілеу және бекіту үшін буып-түйілетін өнімдердің түпнұсқаларын дайындау.

✓ **Сәулет және декор.** Сәулет пен декордағы 3D басып шығару ғимараттардың сәулеттік макеттерін және интерьерді безендірудің түпнұсқа дизайнын жасауға көмектеседі. Заманауи технологияның арқасында сіз жақсы егжей-тегжейлі толыққанды жоба ала аласыз;

✓ **Зергерлік.** Зергерлерге арналған балауыздық түпнұсқалар Зергерлердің жұмысын жеңілдету үшін кез-келген күрделіліктегі зергерлік әшекейлердің балауыз үлгілерін әзірлеу;

✓ **Медициналық сала.** 3D басып шығару медицинада, әсіресе хирургияда жетекші рөл атқарады. Бұл күрделі операцияларды сәтті орындау үшін қажет. Адамның жеке бөліктерінің, тіпті бүкіл қаңқаның дәл көшірмесін жасауға мүмкіндік береді. Биологиялық материалдардан органдарды басып шығару саласында әзірлемелер белсенді жүргізілуде;

✓ **Аспаздық.** Азық-түлік 3D принтерлер шоколад, жемістер мен жаңғақтардан эксклюзивті тәттілерді жасау үшін қолданылады. Аспаздықта 3D басып шығарудың арқасында сіз эстетика мен дәмдік қасиеттерімен таң қалдыратын түпнұсқа дизайндағы әртүрлі комбинацияларды жасай аласыз;

✓ **Киім, аяқ киім – Фэшн индустрия.** Топтамаға киімдердің, аяқ киімдердің креативті үлгілерін өндіру үшін және күрделі нысандарды орындау үшін аса берік материал қажет болған жағдайда көмекке үшөлшемді өндіріс келеді;

✓ **Геоақпараттық жүйелер.** Озық технологияларды пайдалану ландшафтты барынша дәл көрсетуге және әртүрлі тұқымдардың пайда болу деңгейін көрсетуге көмектесетін көлемді түсті карталарды жасауға мүмкіндік береді.

3D технологиясын қолдану кез- келген нысандағы ғимараттарды салуға мүмкіндік береді, ең бастысы дизайнерлер мен сәулетшілерге өздерінің белгілі бір жұмыстарын еркін ойлауға мүмкіндік береді. 3D технологиясын қолдану арқылы ашылатын келесі мүмкіндік- ол жылдамдық. Мысалы, Шанхайда тәулігіне 200 шаршы метр аумағы бар он 3D баспа үйі салынды. Бір қызығы, компания жаңа құрылыс материалдарының орнына құрылыс және өнеркәсіптік қалдықтар мен үйінділер қолданған. Компьютерлік модельдеуді қолдана отырып, үйлердің дизайнын оқшауларын, құбыр, электр сымдары және терезе блоктарының коннекторларын салуға болады.

Енді 3D басып шығарудың артықшылықтары мен кемшіліктеріне тоқталып өтейік. Бірден технологияның пайдалылығы туралы мәселеге көшейік. 3D принтерлердің дәстүрлі өндіріс әдістерінен *артықшылығы* кәсіби қолдануда айқын көрінеді. Егер құю, фрезерлеу, штамптау, кесу және т. б. сияқты дәстүрлі өндіріс технологияларымен салыстыру туралы айтатын болсақ, онда айырмашылықтардың келесі санаттарын бөлуге болады:

- Өндіріс жылдамдығы- модельдеуден бастап бөлшектерді өндеуден кейінгі уақытты көрсетеді;
- Өндіріс құны - әрбір нақты бөлшекті өндіруге арналған қаржылық шығындар;
- Өнімнің сапасы-өндеуден кейінгі соңғы өнімге сәйкестігіне қатысты өндірістің дәлдігі туралы айтады;
- Көшірмелердің нақтылығы – бір бұйымның шығарылатын көшірмелерінің сәйкестілік деңгейін көрсетеді;
- Өндірістің икемділігі – жаңа өнімді шығаруға көшу немесе өндіріске енгізілген дизайнға өзгерістер енгізу үшін уақыт пен қаржы шығындары;
- Қол жетімділік – әртүрлі деңгейдегі өндірістік қуаттарды сатып алу үшін қаржылық шығындардың қажеттілігі.

3D принтерлердің тағы бір артықшылығы – оның басып шығару аймағының көлеміне сәйкес келетін кез келген нәрсені басып шығару мүмкіндігіне ие. Басқа өндірістік процестер (фрезерлеуден басқа) жаңа құралды, қалыптарды, матрицаларды жасауды немесе қолданыстағы өнімнің дизайнын өзгертуді талап етеді [2].

3D принтерлердің дәстүрлі өндіріс әдістерінен артықшылығы, жылжымалы бөліктер мен механизмдерді жиналған күйде басып шығару мүмкіндігінде айқын көрінеді. Дәл осындай тұжырым жасырын қуыстары бар бөлшектерді өндірудің қарапайымдылығына және материалды толтырудың күрделі құрылымына қатысты болып келеді.

Скептиктер көбінесе өндіріс үшін материалдарды таңдаудағы шектеулер сияқты технологияның жетіспеушілігін көрсетеді. Бұл мәлімдеме дұрыс, бірақ бүгінгі күні 3D принтерлер жұмыс істей алатын жүздеген түрлі материалдар бар және бұл тізім тұрақты түрде кеңеюде. Бұл материалдардың ассортименті тек түс немесе механикалық қасиеттердегі айырмашылықтармен шектелмейді, хош иістендірілген, магниттік, өткізгіш, түсті өзгертетін және 3D басып шығаруға арналған филаменттер, ұнтақтар мен фотополимерлердің көптеген басқа түрлері бар.

3D принтерлерінің айта кететін кемшіліктерінің бірі-қолдауды қажет етеді. 3D принтер модельді қабаттарда жасайды, ал деформация мүмкін болатын немесе ауырлық

центрінің ығысуы бар жерлерде басып шығару кезінде модельдің құлап кетуіне немесе бұзылуына жол бермеу үшін тіректерді қолдану қажет. Алайда, бұл әдісті қолдану үшін бір уақытта бірнеше материалды басып шығара алатын принтер қажет, ал PVA қарапайым PLA немесе ABS пластиктеріне қарағанда біршама қымбат.

3D принтерлердің кемшіліктері:

- Штамптау және CNC фрезерлеуге қарағанда берілген өлшемдерді сақтаудағы дәлдік аз;

- Принтерлердің көптеген модельдері үшін басып шығарылатын өнімдердің шектеулі өлшемдері (1 м немесе одан да көп шеті бар текше өлшемді баспа камерасы бар 3D принтерлер бар, олардың құны әдеттегіден әлдеқайда жоғары);

- Пайдаланылған материалдардағы шектеулер, тіпті жаңаларын үнемі енгізу аясында - кейбір табиғи материалдарды барлық пайдалы қасиеттерін сақтай отырып, 3D басып шығаруда пайдалану мүмкін емес;

- Өнеркәсіптік 3D басып шығару жоғары біліктілікті қажет ететін жағдайда, осы саладағы мамандардың еңбек нарығы аз дамыған [3].

3D басып шығаруда жұмыс бастамас бұрын ескеретін көптеген жағдайлар бар. Жалпы алғанда, көптеген өндірістік кәсіпорындар мен жеке шеберханалар үшін бұл технология пайдалы болатынын атап өткен жөн.

3D баспа құрылғысы идеяны бұрынғыдан тезірек жүзеге асырудың көптеген мүмкіндіктерін ұсынады, шикізатты, уақытты және ақшаны үнемдейді, кез-келген өндіріс процесін тиімді және жылдам етуге мүмкіндік береді

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Кудаев Д.В. Использование «3D технологии» – на уроке технологии // Совушка. 2020. N1 (19).

2. Обзор технологий 3D-печати: <http://www.orgprint.com/ru/wiki/obzor-tehnologij-3D-pechat>

3. Токарев Б.Е. Анализ рынка 3D принтеров: состояние и перспективы // Практический маркетинг, №3, 2014.-с.3-9

УДК 372.857

ЭФФЕКТИВНОСТЬ ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ИНТЕРАКТИВНОГО ПРОГРАММНОГО ОБЕСПЕЧЕНИЯ ДЛЯ ЛАБОРАТОРНЫХ ИССЛЕДОВАНИЙ В ПЕРИОД ДИСТАНЦИОННОГО ОБУЧЕНИЯ В ШКОЛАХ

Оксикбаев Б.Қ., к.б.н., ассоциированный профессор

Сердалин А.Н., магистрант 1 курса спец. «Биология»

Жетысуский университет им. И. Жансугурова, г.Талдықорган

E-mail: biaosn@mail.ru, berikjan-kil@mail.ru

Целью данной работы является изучения эффективности использование интерактивного программного обеспечения для лабораторных исследований в период дистанционного обучения в школах

Ключевые слова: дистанционное обучение, интерактивное программное обеспечения, удаленный доступ, виртуальная лаборатория

Жұмыстың мақсаты мектептерде қашықтықтан оқыту кезеңінде зертханалық жұмыстарды жүргізуде интерактивті бағдарламаны пайдалану тиімділігін анықтау

Тірек сөздер: қашықтықтан оқыту, интерактивті бағдарламалық қамтамасыз ету, қашықтан қол жеткізу, виртуалды зертхана

The purpose of this work is to study the effectiveness of using interactive software for laboratory research during distance learning in schools

Key words: *distance learning, interactive software, remote access, virtual laboratory*

2020 год был непростым для сферы образования, Казахстан как и многие другие страны мира столкнулся с главной проблемой, коронавирусной инфекций. Дистанционное обучение новизна, которую привнесла в нашу жизнь пандемия. Школы были вынуждены экстренно переводить свои программы в онлайн-формат и оказалось, что многие из них к этому не готовы. В этот период времени самое главное препятствие недостаточная материально-техническая база для дистанционных занятий как и университетов, так и у школ. Дистанционное обучение не дало возможности расслабиться ни учителям, ни детям, ни их родителям.

Переход в дистанционную форму обучения показал, что современные технологии позволяют перевести почти все этапы учебного процесса, отдельные темы из курсов учебного плана в которых происходит закрепление, обобщение, повторение изученного материала, и факультативные курсы. Но к этому должны быть хорошо подготовлены все участники образовательного процесса и техническая система обеспечения такой формы обучения. Один из проблем это нехватка образовательных онлайн-платформ и интерактивного программного обеспечения, которые специально созданы для взаимодействия педагогов и обучающихся[1].

При организации учебного процесса должен быть минимальный уровень взаимодействия обучающегося с педагогом, т.е. - организация самостоятельного обучения обучающегося. Основной проблемой было проведение практических и лабораторных занятий, которые требуют тесного контакта с физическими предметами с использованием лабораторных приборов и химических растворов. Решение этой проблемы остается до сих пор актуальным. Для этого превосходно подходит интерактивного программного обеспечения для лабораторных исследований, которые восполнит пробелы в образовательном процессе[2].

В дистанционном формате обучающиеся выполняет задания в обычных тетрадях, при необходимости фотографирует и отправляет педагогу сделанное, педагог проверяет, делает пометки, также при необходимости фотографирует и возвращает обучающемуся. На основе анализа результатов учитель может внести необходимые коррективы в план-конспект последующих уроков, предназначенных для конкретного ученика. Но вышеперечисленные методы обучения требуют больших временных ресурсов, занимает место в памяти устройства, сложные этапы взаимодействие утомляет учащихся и теряется мотивация и интерес. Интерактивные анимированные модели помогают сформировать в сознании учащегося полную картину процесса обучения, которые дают возможность самостоятельно конструировать процесс, самообучаться, исправлять собственные ошибки[3]. Приемлемый уровень качества преподавания в дистанционном формате может быть достигнут интерактивным программным обеспечением для лабораторных исследований, если педагог использует асинхронный режим обучения и готовые пакетные цифровые решения. В такой модели педагог работает на образовательной платформе и назначает задания, которые проверяются автоматически.

В то же время большая вовлеченность обучающихся в работу достигается при условии, если учитель ведет онлайн-уроки на базе доступных образовательных платформ с интерактивным программным обеспечением для лабораторных исследований. В этом случае используется технологию смешанного обучения в формате "перевернутого класса", когда основной упор на онлайн-занятиях делается на отработке умений и навыков, новый материал отдается на самостоятельное освоение. "Технология "перевернутый класс" подходит дистанционному обучению гораздо больше, чем традиционный урок с объяснением нового материала[4]. Педагог может оптимизировать рутинные задачи и

использованием готовых онлайн лабораторных платформ. В этом случае ученики самостоятельно читают, выполняют эксперимент и все это закрепляется формативными заданиями, которые предусмотрены в виртуальной лаборатории.

По определению В.В. Трухина, виртуальная лаборатория «представляет собой программно-аппаратный комплекс, позволяющий проводить опыты без непосредственного контакта с реальной установкой или при полном отсутствии таковой. В первом случае мы имеем дело с так называемой лабораторной установкой с удаленным доступом, в состав которой входит реальная лаборатория, программно-аппаратное обеспечение для управления установкой и оцифровки полученных данных, а также средства коммуникации. Во втором случае все процессы моделируются при помощи компьютера».

Итак, под виртуальными лабораториями понимается два типа программно-аппаратных комплексов:

1. лабораторная установка с удаленным доступом – такие комплексы называются дистанционные лаборатории
2. программное обеспечение, позволяющее моделировать лабораторные опыты – виртуальные лаборатории (в узком смысле)

Создание данной виртуальной лаборатории для обучающихся было актуально по следующим причинам:

- 1) отсутствие пригодного лабораторного оборудования;
- 2) необходимо обучать детей умению пользоваться различными информационными технологиями, что позволит им идти в ногу с постоянно и неуклонно развивающимся техническим прогрессом;
- 3) использование старых и отсутствие современных учебных обучающих комплексов не позволяет получить практические навыки для закрепления изученного теоретического материала в необходимом объеме, что отрицательно отражается на качестве процесса обучения. Виртуальная лаборатория помогает, не используя сложное оборудование, обучать детей[5].
- 4) виртуальные лаборатории вызывают интерес у учащихся к предмету, расширяя их кругозор.

В чём состоят преимущества виртуальных лабораторий перед реальными

- Отсутствие необходимости приобретения дорогостоящего оборудования и реактивов.
- Возможность моделирования процессов, протекание которых принципиально невозможно в лабораторных условиях.
- Возможность проникновения в тонкости процессов и наблюдения происходящего в другом масштабе времени, что актуально для процессов, протекающих за доли секунды или, напротив, длящихся в течение нескольких лет.
- Безопасность. Безопасность является немаловажным плюсом использования виртуальных лабораторий в случаях, где идет работа, например, с высокими напряжениями или химическими веществами.
- В связи с тем, что управлением виртуального процесса занимается компьютер, появляется возможность быстрого проведения серии опытов с различными значениями входных параметров
- Экономия времени и ресурсов для ввода результатов в электронный формат.
- Отдельное и важное преимущество заключается в возможности использования виртуальной лаборатории в дистанционном обучении, когда в принципе отсутствует возможность работы в лабораториях университета.

Примером виртуальных лабораторий является виртуальные лаборатории «STAR (Software Tools for Academics and Researchers)» – программа Массачусетского технологического института по разработке виртуальных лабораторий для исследований и обучения. Деятельность программы заключается в разработке обучающих и

исследовательских приложений по общей биологии, биохимии, генетике, гидрологии, в области распределенных вычислений[6].

Вторым примером которым пользуется многие ученые это « VirtualLab» проект по разработке виртуальных лабораторных работ для учащихся по физике, химии, биологии, экологии. Виртуальные лабораторные работы реализованы при помощи технологии Flash. Отличаются узкой специализацией, в большинстве случаев линейностью опыта (вся последовательность действий и результаты опыта заданы заранее).

Каталог виртуальных лабораторий можно разделить на 11 основных разделов, которые относятся к различным отраслям знаний. Одни из основных разделов посвященные биологическим, физическим, химическим, математическим и социальным наукам[7].

Таким образом, использование разработанной виртуальной учебной лаборатории в процессе изучения предмета значительно улучшает полезность процесса обучения, делает его более показательным, глубоким, способствует развитию у школьников различных навыков и умений, повышает качество образования, упрощает работу на уроке. Конечно, компьютер не сможет полностью заменить живую речь преподавателя, но информационные ресурсы облегчают труд современного учителя, позволяют повысить профессионализм, расширить кругозор и, самое главное, позволяют укрепить мотивационную составляющую обучения путем активного диалога ученика с компьютером, путем ориентации ученика на успех и усвоение базовых знаний по предметам систематизируя их.

На рынке образовательных услуг существует большое количество разработок по естественным наукам, работающих в автономном режиме. В тоже время практически не предпринято усилий по их интеграции в единые системы, хотя современные информационные технологии и компьютерные телекоммуникации открывают принципиально новые возможности формирования единого информационного пространства, обеспечивая поддержку научного сопровождения и решения сложных научно-технических задач математического моделирования.

Особенность интерактивного программного обеспечения это простота в использовании, доступность, особенность применение в дистанционных практических уроках, в онлайн и оффлайн лабораторных занятиях. Быстрое получение обратной связи. Оценивание каждого этапа работы с интерактивным программным обеспечением. Нужно только использовать интернет. Будет ли обучающиеся получать задания от преподавателя и работать с материалом сам, или же обучение будет проводиться на онлайн-платформе? Все зависит от развития интерактивного программного обеспечения виртуальной лабораторий. Работы над созданием интерактивного программного обеспечения для лабораторных исследований все ещё продолжаются. Создание виртуальных лабораторий является актуальной темой для образования Казахстана, дополняет материально-техническую базу учреждений, расширяет круг пользователей оборудованием, обеспечивает освоение компетенций образовательного стандарта.

ЛИТЕРАТУРА:

1. Бабинцева Е. И., Декунова Н. А., Гавронская Ю. Ю. Виртуальные лаборатории для обучения химии // Новые образовательные стратегии в современном информационном пространстве: Сб. научных статей. СПб.: Ленма, 2014. С. 195-201.
2. Дозоров В. А., Дозоров Е. В. Виртуальный лабораторный практикум как одна из эффективных форм урока в инновационной школе: сборник материалов III Международной научно-практической конференции «Организация довузовской подготовки в условиях проведения Единого государственного экзамена». Омск, 2012. С. 27-31.
3. Virtual Lab, Simulations of Science, Praxilab. URL: <https://praxilabs.com/> (дата обращения: 9.05.2021).
4. Юдина Н. А. Информационно-технологическое обеспечение учебного процесса в высшем образовании // Междунар. журн. гуманитар. и естеств. наук. 2018. № 3. С. 1-3.

5. Единая коллекция цифровых образовательных ресурсов URL: www.school-collection.edu.ru (дата обращения: 13.03.2021)

6. Овакимян Ю. О. Насс О. В. Место электронных образовательных ресурсов в образовательном процессе на примере кредитной технологии обучения // Преподаватель XXI век. 2010. № 4. С. 19-25.

7. Васильева Ю.В., Шуралева С.В., Браун Е.А. Правовое регулирование дистанционной работы: проблемы теории и практики: монография / науч. ред. Ю.В. Васильева. Пермь: ПГНИУ, 2016.

ӘОЖ-373.1.02:372.8:514.

МАТЕМАТИКА САБАҚТАРЫНДА ПӘНАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫСТАРДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ

Тасболатова Р. Б. - п.ғ.к., доцент

Өмірхан С., Мадетұлы А., Сұлтанова А.,

«Математика-информатика» мамандығының 2 курс білімгерлері

І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ.

E-mail: aiym_261295@mail.ru

Мақалада орта мектептегі математика сабақтарында пәнаралық байланыстарды жүзеге асырудың тиімді жолдары келтірілген.

Тірек сөздер: оқу үрдісі, пәнаралық байланыс, оқушылардың белсенділігін дамыту, ғылыми дүниетаным, жаратылыстану ғылымдары, жалпылау және жүйелеу, танымдық қабілет, қызығушылық.

В статье приведены эффективные способы реализации межпредметных связей на уроках математики в средней школе.

Ключевые слова: учебный процесс, межпредметные связи, развитие активности учащихся, научное мировоззрение, естественные науки, обобщение и систематизация, познавательные способности, интерес.

The article presents effective ways to implement interdisciplinary connections in mathematics lessons in secondary school.

Keywords: educational process, interdisciplinary communication, development of students' activity, scientific worldview, Natural Sciences, generalization and systematization, cognitive abilities, interest.

«Ақырын жүріп, анық бас,
Еңбегің кетпес далаға.
Ұстаздық еткен жалықпас,
Үйретуден балаға.»
Абай Құнанбайұлы

Білім сапасын арттыру мәселесі нормативті құжаттар мен Елбасының Жолдауларында көрініс тауып отырады. Елбасымыздың «Қазақстан-2030» атты Қазақстан халқына жолдаған жолдауында айқындалған негізгі басым бағыттар мен міндеттерді жүзеге асыру үшін білім мазмұнын жаңартумен қатар қазіргі кезеңде республиканың білім беру жүйесінің ең басты мәселесі — қазақ мектебі түлегінің білім сапасының деңгейін халықаралық дәрежеге көтеру. Сондықтан математика сабақтарында оқушылардың белсенділігін арттыру пәнаралық байланыстарды жүзеге асырудың тиімді құралы болып

табылады. Математика сабақтарындағы пәнаралық байланыстарды физикалық, химиялық, географиялық, жаратылыстану және гуманитарлық бағыттары бойынша мәселелерді шешу арқылы жүзеге асыру керек.

Сондықтан да оқушылардың бойында жан-жақты білімді дамыта отырып, алған білімдерін өмірде қолдана алатын ұрпақ тәрбиелейтін білікті де, білімді құзырлы ұстаздардың болуы заманауи талаптардың бірі.

Пәнаралық байланыс – педагогика ғылымының негізгі мәселесінің бірі. Әрбір пәнді басқа пәнмен байланыстыра отырып өткізудің үлкен мәні бар. Негізінен, оқу пәндері әр ғылымның логикасына сүйенетіндіктен, олар бір-бірінен өз алдына оқшауланып, бөлектенбейді. Сондықтан ғылымның міндеті дара байланыстылықты танып білу. Бұл міндет бір пәннің шеңберінде шешілмейді. Сондықтан әрбір мұғалім жеке деректерді нақтылы жағдайларды, оқиғаларды түсіндіріп қана қоймай, пәнаралық байланыс негізінде білім беруді көздеуді жолға қою қажет.

Егер орта мектептегі математика сабақтарында пәнаралық байланыс негізінде оқушылардың белсенділігін қалыптастырудың педагогикалық шарттары айқындалып, «Математика» пәнін оқыту оқушылардың танымдық белсенділігін дамытуға бағытталса, пәнаралық байланыс негізінде құрылған тапсырмалар жүйелі жүргізілсе, онда бұл оқушылардың оқу үрдісіне белсенді араласуына, қызығушылығының артуына жағдай жасайды, танымдық белсенділікті жоғары дәрежеге жеткізуге септігін тигізеді.

Пәнаралық байланыстар-бұл белгілі бір пәнді оқыту процесінде интегративті және сараланған функцияларды орындайтын және пәндік білімді оның сапалық ерекшеліктерін жоғалтпай, осы пәннің шекарасын кеңейтетін тұтас жүйеге біріктірудің құралы ретінде әрекет ететін дидактика принципі.

Келешек ұрпаққа білім берудегі күрделі мәселелердің бірі – оқу үрдісінде пәнаралық байланыстарды жүзеге асыру. Пәнаралық байланыстың ең негізгі дидактикалық міндеті – оқыту үрдісінде білім беру, тәрбиелеу тәрізді, дамытушылық сипаттарының арасындағы байланысты құру.

Жалпы білім беретін орта мектептегі пән мұғалімдерінің пәнаралық білімдер мен іскерліктерді игеруі – оқу үрдісін пәнаралық байланыс негізінде ұйымдастырудың алғы шарты болып табылады.

Математика саласында оқушыларға пәнаралық байланыс материалдарын кеңінен пайдалануды жан-жақты дамыту – біртұтас оқыту үрдісін жаңаша тұрғыдан ұйымдастырудың ұтымды, әрі табысты педагогикалық шарттарының бірі.

Пәнаралық байланыстар-үздіксіз байланысқан біртұтас тұтастықты құру процесі мен нәтижесі. Кез-келген оқу пәнінің мазмұнын жетекші идеялар орындайтын функцияны байланыстыратын дидактикалық жүйе ретінде қарастыруға болады. Пәнаралық негізде оқытылатын оқу материалы оқушылардың танымдық іс-әрекетінің жалпыланған сипатына ықпал етеді. Пәнаралық байланыстарды пәндік оқыту жүйесінің қажетті элементі ретінде қарастыруға болады. Жүйелі оқыту-бұл оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес оларды сапалы білімге қол жеткізулеріне мүмкіндік беретін педагогикалық принцип. Бұл принципті іске асыру-табысты оқытудың қажетті шарты. Пәнаралық байланыстардың дидактикалық теориясында Максимова В. Н. үш негізгі топты анықтайды:

- 1) мазмұнды-ақпараттық - білім түрлері бойынша (теориялық, философиялық, идеологиялық);
- 2) операциялық-белсенді-шеберлік түрлері бойынша (танымдық, практикалық, құндылық-бағдарлау);
- 3) ұйымдастыру-әдістемелік — оқу процесінде пәнаралық байланыстарды іске асыру тәсілдері бойынша (меңгеру тәсілі бойынша).

Осыған сүйене отырып, пәндік байланыстар әртүрлі деңгейлерде жүзеге асырылатынын атап өтуге болады: – әртүрлі циклдарға жататын пәндер деңгейінде (жалпы пәндік немесе цикларалық байланыстар); – бір топқа немесе әртүрлі пәндер топтарына

жататын бір цикл деңгейінде (циклішілік байланыстар); – пәнішілік деңгейде. Пәнаралық байланыстар жоғары деңгейде де (интегративті, жалпы пәндер арасындағы, олардың топтары, циклдері арасындағы байланыстар) жүзеге асырылады. Пәнаралық байланыстар-көп қырлы, әр түрлі сипаттағы, әр түрлі функционалды құбылыс. Пәнаралық байланыстар, ең алдымен, олардың құрылымымен сипатталады.

Пәнаралық байланыстың құрылымын іске асыру барысында педагогика ғылымындағы көптеген қозғаушы факторларды ескеру керек. Оқыту үрдісінде пәнаралық байланысты іске асырудың құрылымдық белгілері мынадай:

- пәнаралық байланысты анықтау мақсаты;
- өзара байланысқа түсетін оқу пәндерін саралап, іріктеп алу;
- байланыс бөлігі немесе бөлігі болған оқу пәндерінің әрқайсысының ерекшелігі;
- пәнаралық байланыстарды жүзеге асыру жолдары.

Сабақ беруде пәнаралық байланысқа мән бермеу оқу пәндері материалдарының бірін-бірі қайталауға, оқушылардың көптеген ұғымдар мен заңдылықтарды тар шеңберде түсінулеріне әкеп соғады. Білім мазмұнын меңгеру, пәнаралық байланысты ескермейінше мүмкін емес. Өйткені ол - өзара жақын пәндердің бағдарламасындағы оқу материалын үйлестірудің және іріктеудің маңызды көрсеткіштердің бірі.

Математикалық, оның ішінде геометриялық ұғымдар мен түсініктер, заңдылықтар мен сызба есептердің бейнелеу өнері сабақтарында өте көптеп кездесуі - пәнаралық байланыстар үшін қажет оқу материалдары.

«Математика ғылымы – барлық ғылымдардың патшасы» деген тарихи-ғылыми тұжырымды ескере және ол ғылымның оқушының ойлау, қайта жаңғырту үрдістерін дамытуда ерекше маңызы барын анықтай отырып, оның бейнелеу өнерімен байланысына тереңірек мән берген абзал. Қарапайым геометриялық фигураларды салу мен күрделі пропорция, симметрия сияқты заңдылықтарды біліп, оларды игеру математика мен геометрияның көмегінен мүмкін емес.

Қазіргі кезде пәнаралық байланысты педагогика ғылымының басты мәселесі болып отырған жағдайда оны жан-жақты қарастыру барысында біздер көрнекі философ, психолог, педагог еңбектерінде талқылау жасадық. Мұнда философ Б.М. Кедров адамның дүниетанымын қалыптастыруға әр түрлі пәндердің өзара әсерінің мәнін көз жеткізе баяндаған. М.Б.Кедров өзінің еңбектерінде ғылымда пәнаралық байланыс мәселесіне жаңа әдістемелік тұрғыдан қарауды талап етеді. Пәнаралық байланыс проблемасы бүгінгі күнге дейін бір ғылымға бір пән, керісінше бір пәнге бір ғылым ғана бір-бірімен өзара байланысты болып шектеліп тәрбиеде қолданып келгенін көрсетіп, ол қазіргі кезде бір пәнді бірнеше ғылым өзара әрекеттесіп жан-жақты қарастыра бастағанын дәлелдейді. Сонымен ғылымның зерттеуінде бір ғылым тек «өзіне тиісті пәнмен ғана емес, қайта көптеген басқа пәндермен бірлікте болуы қажеттігі айқындалған.

Сонымен пәнаралық байланыстың маңызына мыналар жатады:

1. Оқу пәндер арасындағы өзара байланыстың болуы – ғылымдар негізін меңгерудің және білім жүйесінің дамуының қажетті шарты.

2. Диалектикалық көзқарастың қалыптасуы білім мазмұнының барлық құрамдас бөліктерінің байланысын талап етеді.

3. Пәнаралық байланыс жан-жақты тәрбие беру жүйесінің барлық салаларын комплексті жүзеге асыруға ықпал жасайды.

4. Пәнаралық байланыс педагогикалық еңбектің ғылыми негізінде тиімді ұйымдастырылуына көмектеседі.

5. Педагогикалық ұжымның барлық іс-әрекетінің бір-бірімен келісімді және демократиялық негізде жүзеге асырылуына әсер етеді.

Пәнаралық байланысты жүзеге асырудың жолдары. Әр нақтылы міндетті оқу-тәрбие процесі арқылы жүзеге асырылады. Пәнаралық байланыс оқытудың мазмұны, әдістері,

оқытудың ұйымдастыру түрлерімен ғана шектелмейді. Ол оқушы мен мұғалімнің оқу-таным іс-әрекетінің бір бөлігі болып саналады.

Оқушылардың тілін дамыту – математиканы оқытудың негізгі мәселесінің бірі болып табылады. Осы мәселенің табысты шешілуінен оқушылардың оқу материалды түсіндіру ептіліктерінің қалыптасуымен байланысты математикалық қабілеттерінің дамуына әсер ететін жұмысты төменгі сыныптардан-ақ бастау керек.

Математика және қазақ тілі, біз математика сабақтарында ауызша және жазбаша тіл дамыту жұмыстарын жүргіземіз, сонымен оларға мынадай талаптар қойылады: мазмұндық, куәлілік, анықтылық, дәлдік, логикалық. Мынандай жаттығуларды ауызша сұрау кезеңінде ұсынуға болады:

- Екпіндерін сақтап, сөздерді оқындар: километр, миллиметр, есептеу, қосу, шешу т.б.
- Оқындар: 36-дан шегеру, 56-ға қосу, 425-ті қосу.

Егер оқушылар септіктерді дұрыс қолданбаған болса, онда мұғалім оларға көмектесіп, өзі оқып немесе оқушылардың біреуіне оқытуына болады. Осылайша оқушылар математикалық ұғымдарды, сөз тіркестерін, математикалық терминдердің мәнін түсінікті етіп айтып беруге, дұрыс жазылуын терең меңгеруге қазақ тілі сабақтарында дұрыс оқуды үйренеді.

Физика сабақтарында мұғалім математикалық тәсілдерді жиі қолданады:

- заңдарды жалпы және дәл формада өрнектеу үшін;
- кейбір теориялық алғышарттардың заңдылықтарын қорытындылау үшін;
- шығарып алынған формулаларды басқаша түрлендіру үшін;
- тікелей өлшеуге мүмкін болмайтын шамаларды табу үшін;
- әр түрлі есептеулер және есептерді шығару үшін.

Физикалық есептерді шығарғанда мұғалім математиканы жиі қолданады. Физика курсы оқытудың басында оқушылар математикалық символдарды және әріптік формулаларды қолдануға әдеттенеді. Математиканың белгілі бір курсы оқығаннан кейін оқушылар физикалық шамалардың арасындағы қатынастарды қысқа, ықшамдалған түрде жазу, ал содан кейін есептеулерді жүргізу үшін қызмет атқаратынын түсінеді.

Еліміздің болашағы жастар десек, жастардың болашағы оларды саналы тәрбиемен, сапалы біліммен қаруландырып, білімі озық елдердің әлемдік озық үлгісін өнегесін, тәжірибесін үйрететін ұстаздар қауымына жүктелген еңбегіне байланысты болмақ. Осы тұста В. Г. Белинскийдің: «...ұстаздың қолында адам өмірінің келешектегі тұтас тағдыры тұр», – деген сөзі еріксіз еске түседі. Өйткені, ұстаз – болашақтың тұтқасы, жас ұрпақты тәрбиелеу және терең де жан-жақты білім беру ісіндегі қоғамның жұрт сенген өкілі. Ол жас ұрпақ бойына білімді, әдетті, дүниетанымдылықты, өмірлік ұстанымдарын қалыптастырушы басты тұлға.

Жоғарыда айтылғандарды және баспасөз беттерінде жарияланған материалдарға сүйене отырып, бүгін әсіресе ертеңгі күні пәнаралық байланыстар негізінде мектептерде оқу - тәрбие жұмыстарының дұрыс жолға қойылуына өз үлесімізді қосу басты міндеттеріміздің бірі болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан – 2030» атты Қазақстан Халқына Жолдауы. Егемен Қазақстан, №11 (28235) 18 қаңтар сенбі 2014. - 34 б.
2. Бейсенбаева А. «Пәнаралық байланыс негізінде оқу процесін ұйымдастыру». Алматы – 1995 ж.
3. Кедров Б.М. Предмет и взаимосвязь естественных наук. – М.: Наука, 1967.
4. Мұсабеков О. «Пәнаралық байланысты жүзеге асыру» Қазақстан мектебі, 1989 ж. №13 49 – 50 бет.

ӘОЖ 539.42:620.

САЛЫСТЫРУ ТЕОРИЯСЫНЫҢ МЕКТЕП МАТЕМАТИКАСЫНДАҒЫ ҚОЛДАНЫСТАРЫ ТУРАЛЫ

Смакова М. Р., математика–информатика мамандығының білімгері

Ғылыми жетекші: **Кожашева Г. О.**, п.ғ.к., қауым. профессор

І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ.

E-mail: kozhasheva_gulnar@mail.ru

Мақала салыстыру теориясының ұғымдарының математиканың мектептегі курсындағы қолданыстарын зерттеуге арналған. Мектеп математикасындағы салыстыру теориясының негізгі ұғымдарының орны түсіндіріледі, олардың қолданыстарын жүйелеуге көңіл бөлінеді.

Тірек сөздер. *Салыстырулар, салыстырулардың қасиеттері, салыстырулардың мектеп математикасындағы қолданыстары.*

Статья посвящена исследованию приложений понятий теории сравнений имеющих отношение к школьному курсу математики. В частности освещается место основных понятий теории сравнений в школьном курсе математики, уделено внимание систематизации их приложений.

Ключевые слова. *Сравнения, свойства сравнений, приложения сравнений в школьном курсе математики.*

The article is devoted to the study of the applications of the concepts of the theory of comparisons related to the school course of mathematics. In particular, the place of the basic concepts of the theory of comparisons in the school course of mathematics is highlighted, attention is paid to the systematization of their applications.

Keywords: *Comparisons, properties of comparisons, applications of comparisons in the school course of mathematics.*

Сандар теориясының маңызды мәселелерінің бірі болып табылатын салыстырулар теориясының негізіне тоқталайық. Салыстыру жөніндегі ұғым, мұны ең алғаш рет қолданған Гаусс, бір санның екінші санға бөлінгіштігі ұғымымен тығыз байланысты. Бұл ұғым бізге әсіресе берілген сандардың бірі екіншісіне бөлінетін-бөлінбейтінін және де қандай қалдық қалатынын білу керек болғанда аса қажет болмақ. Мысалы, n -натурал сан болғанда, i^n мәнін табу үшін біз дәреже n -ді әдетте 4-ке бөлеміз де, тек қалдыққа ғана назар аударамыз.

Егер де $n = 4q + r$, $0 \leq r < 4$, болса, онда $i^n = i^r$ болады.

Ал енді $\sin T^\circ$ мәнін табу керек болғанда да T° -тың 360° -қа еселігін ескермей, тек қалдықты ғана аламыз.

Бұл сияқты есептерді шешкенде салыстырулар теориясының көптеген жеңілдік туғызатынын байқаймыз.

Айталық m -алдын ала белгіленген бүтін оң сан делік. Былайғы жерде мұны біз *салыстыру модулы* деп атайтын боламыз. Егер $a - b$ (не $b - a$) айырмасы k санына бөлінетін болса, онда бүтін a мен b екі сан m модулы бойынша *өзара салыстырымды делінеді* [5,6,7].

Гаусс қолданған белгілеу бойынша a саны b санымен салыстырымды. a мен b сандары *салыстыру мүшелері* деп аталады. Мысалы, 27 мен 48 сандары 7 модулы бойынша өз ара салыстырымды

$37 \not\equiv 11(\text{mod } 7)$, $27 \equiv 48(\text{mod } 7)$, өйткені $27 - 48 = -21$ саны 7-ге бөлінеді. Алайда 37 мен 11 сандары 7 модулы бойынша өз ара салыстырымды емес өйткені $37 - 11 = 26$ саны 7-ге бөлінбейді.

Анықтама 1. a және b бүтін сандарын m санына бөлгенде қалдықтары тең болса, онда a және b сандарын m модулы бойынша салыстырымды (немесе тең қалдықты) дейді және $a \equiv b \pmod{m}$ деп жазады.

Мектеп математикасының бүтін сандарды қалдықпен бөлу, екі санның ең үлкен ортақ бөлгіші, ең кіші ортақ еселігі, жай сандар, бүтін санды жай сандардың көбейтіндісіне жіктеу, тағы басқа сұрақтары алгебра және сандар теориясын, оның ішінде салыстырулар теориясын оқу барысында толық қарастырылған. Бұл сұрақтар 4-5 сынып математикасында оқылады, сондықтан мектеп мұғалімі үшін бірден-бір керек. Мектеп математикасында салыстыру теориясының элементтерін көп жерде қолданады. Мысалы, екі айнымалылы бірінші дәрежелі теңдеуді шешуде, санды санға бөлгенде қалдықты табу, арифметикалық амалдың дұрыс орындалғандығын тексеру, жәй бөлшекті ондық бөлшекке айналдырғандағы период ұзындығын табу, тағы сол сияқты мәселелерде. Мектепте қолданылатын бөлінгіштіктің белгілері дәлелденді, жай бөлшекті ондық бөлшекке аударғандағы период ұзындығын табу жолы көрсетіледі.

Салыстырулардың қолданылуына мысал ретінде алдымен бөлінгіштік белгілері жөніндегі мәселені қарастырайық.

Мынандай есептің шешуінің практикалық және теориялық мәнісі зор: бөлу амалын орындамай тұрып, берілген санның бірі екінші санға бүтіндей бөліне ме, егер бөлінбесе, қандай қалдықтың қалатынын тағайындау керек. Бұл жерде кез келген бүтін санның басқа бір санға бөлінуі үшін қажетті және жеткілікті шарттарды көрсету өте маңызды.

Бұл мәселені жалпы түрде шешу қиынға соғады, кейбір жағдайлар үшін тек жеткілікті шарттарды ғана, яғни сандардың бөлінгіштік белгілерін ғана, көрсетуге болады. Біз енді сандардың 2-ге, 3 пен 9-ға, 4-ке, 5-ке, 7-ге, 11-ге, 13-ке бөлінгіштік белгілерін түгел қарастырмай, кейбіреуін ғана дәлелдейік. Дәлелдеу Паскаль теоремасына негізделген, Q санау жүйесіндегі a санының түрі

$$a = a_n q^n + a_{n-1} q^{n-1} + \dots + a_2 q^2 + a_1 q + a_0 q^0 \text{ болсын,} \quad \text{бұнда}$$

$a_n, a_{n-1}, \dots, a_2, a_1, a_0$ Q санау ситемасының цифрлары және $0 \leq a_k \leq q-1$ q^k санын модуль m бөлгендегі қалдық r_k болсын.

$$R = a_n r_n + a_{n-1} r_{n-1} + \dots + a_2 r_2 + a_1 r_1 + a_0 \text{ белгілейік.}$$

$$q^k = r_k \pmod{m}, \text{ болғандықтан } a \equiv R \pmod{m}$$

Бұдан бөлінгіштіктің Паскаль белгісі шығады: a саны m бөлінеді сонда, тек сонда егер R m -ге бөлінсе.

Дербес жағдай ондық санау жүйесінде $q = 10$

$$A = a_n \cdot 10^n + a_{n-1} \cdot 10^{n-1} + \dots + a_2 \cdot 10^2 + a_1 \cdot 10 + a_0 \quad (1)$$

демек, ондық санау жүйесінде $(a_n a_{n-1} \dots a_2 a_1 a_0)_{10}$ деп жазылады.

$$a_n, a_{n-1}, \dots, a_2, a_1, a_0$$

$$10^{n-1} = r_{n-1} \pmod{m} \quad 10^2 = r_2 \pmod{m}$$

11-ге бөлінгіштік белгісі.

$m = 11$ болса,

$$10 \equiv -1 \pmod{11}, \quad 10^2 \equiv 1 \pmod{11},$$

$$10^3 \equiv -1 \pmod{11}, \dots, 10^{2k-1} \equiv -1 \pmod{11}, 10^{2k} \equiv 1 \pmod{11}, \quad \text{яғни}$$

$$r_{2k} = 1, r_{2k-1} = -1. \quad R = a_0 - a_1 + a_2 - a_3 + \dots = (a_0 + a_2 + a_4 + \dots) - (a_1 + a_3 + a_5 + \dots)$$

Онда Паскаль белгісінен қорытынды жасаймыз: Берілген a саны 11-ге бөліну үшін жұп орындағы цифрлардың қосындысы мен тақ орындағы цифрлардың қосындысының айырымы 11-ге бөлінсе болғаны.

2^n және 5^n бөлінгіштік белгілері.

Берілген a санын 10^n санына қалдықпен бөлейік. $a = 10^n \cdot b + c$ (2)

Бұндағы c саны a -ның соңғы n цифрларынан тұратын сан. Егер $a : 2^n$ (сәйкес $a : 5^n$), онда $c : 2^n$ (сәйкес $c : 5^n$) және керісінше де дұрыс. Бұдан төмендегі белгі шығады:

Берілген a саны 2^n -ге (5^n -ге) бөлінуі үшін, a -ның соңғы n цифрынан тұратын сан 2^n -ге (5^n -ге) бөлінсе болғаны.

7-ге және 13-ке бөлінгіштік белгісі.

$$1001 = 7 \cdot 11 \cdot 13 \text{ _____ екендігін тексеру оңай.}$$

$$10^3 \equiv -1 \pmod{7}, \pmod{13}, \quad \text{Сондықтан}$$

$$10^6 \equiv 1 \pmod{7}, \pmod{13},$$

$$10^9 \equiv -1 \pmod{7}, \pmod{13},$$

... ..

болады. Егер m санындағы барлық цифрларды оң жақтан бастап 3 цифрдан бөліп тастасақ,

$$m = (a_0 + a_1 \cdot 10 + a_2 \cdot 10^2) + 10^3(a_3 + a_4 \cdot 10 + a_5 \cdot 10^2) + \\ + 10^6(a_6 + a_7 \cdot 10 + a_8 \cdot 10^2) + 10^9(a_9 + a_{10} \cdot 10 + a_{11} \cdot 10^2) + \dots,$$

енді алдыңғы салыстыруларға негізделініп, былай жазамыз:

$$m \equiv (a_0 + a_1 \cdot 10 + a_2 \cdot 10^2) + 10^3(a_3 + a_4 \cdot 10 + a_5 \cdot 10^2) + \\ + 10^6(a_6 + a_7 \cdot 10 + a_8 \cdot 10^2) + 10^9(a_9 + a_{10} \cdot 10 + a_{11} \cdot 10^2) + \dots \pmod{7}, \pmod{13}.$$

Мұнда әрбір жақша $a_\mu + a_{\mu+1} + 10a_{\mu+2} \cdot 10^2$ өзіміз білетін үш таңбалы санды

$$\overline{a_{\mu+2} a_{\mu+1} a_\mu}$$

өрнектейді, сондықтан жоғарыдағы салыстыруды былай көшіріп жазуға болады:

$$m \equiv \overline{a_2 a_1 a_0} - \overline{a_5 a_4 a_3} + \overline{a_8 a_7 a_6} - \overline{a_{11} a_{10} a_9} + \dots \pmod{7}, \pmod{13}.$$

Егер

$$m \equiv \overline{a_2 a_1 a_0} - \overline{a_5 a_4 a_3} + \overline{a_8 a_7 a_6} - \overline{a_{11} a_{10} a_9} + \dots \pmod{7}, \pmod{13} \equiv 0 \pmod{7}, \pmod{13}$$

болса, онда m саны не 7-ге, не 13-ке бөлінеді.

1мысал. $a = 73746$, берілген сан 3-ке (9-ға) бөліне ме?

$$R = 7 + 3 + 7 + 4 + 6 = 27, \quad R : 3, \quad R : 9, \text{ ендеше } 73746 \text{ 3-ке (9-ға) бөлінеді.}$$

Салыстыру арқылы бүтін сандарды қосу, көбейту, алудан шыққан нәтижелердің дұрыс, бұрыстығын тексеруге болады. Тең сандар модуль бойынша салыстырымды деген қасиетін пайдаланады.

Модуль ретінде қалдығы оңай есептелетін 9, 11, 5 сандар алынады. Модуль 9 болған кезде ең кіші оң қалдық орнына, цифрларының қосындысын алуға болады. Модуль 11 болса, жұп орындағы цифрлардың қосындысы мен тақ орындағы цифрлар қосындысының айырымын алуға болады.

Егер құрылған салыстырулар дұрыс болмаса, онда арифметикалық амалды орындағаннан шыққан нәтиже де дұрыс емес.

Жіберген қате 9 немесе 11-ге еселі сан болса, онда 9 немесе 11 арқылы тексеру кезінде қате байқалмай қалады. Сондықтан тексеруді 9 және 11 екі модульмен қатар тексереді. Бұл жағдайда қате 99-ға еселі болса ғана балқаймайды.

Жоғарыда баяндалған 9 және 11 модульдары бойынша арифметикалық амалдар нәтижелерін тексеру тәсілдері орындалған амалдардың дұрыстығының тек қана қажетті, жеткілікті емес, шарттары болып табылатынын атап өткен жөн.

9 және 11 арқылы амалдардың дұрыс орындалғандығын тексеру керек.

Мысал 2. $8740297 - 561245 = 8179052$

а) 9-бен тексеру. Сандарды олардың цифрларының қосындысымен алмастырайық.
Сонда:

$$37 - 23 \equiv 32 \pmod{9}, \quad 14 \equiv 32 \pmod{9}$$

Бұл салыстыру дұрыс. Бірақ арифметикалық амалдар дұрыс орындалғандығына әлі сенбейміз.

Сондықтан 11 арқылы тексереміз.

б) 11- мен тексеру.

$$8740297 \equiv (7 + 2 + 4 + 8) - (9 + 0 + 7) \equiv 5 \pmod{11}$$

$$561245 \equiv (5 + 2 + 6) - (4 + 1 + 5) \equiv 3 \pmod{11}$$

$$8179052 \equiv (2 + 0 + 7 + 8) - (5 + 9 + 1) \equiv 2 \pmod{11}$$

$$\text{Ендеше, } 5 - 3 \equiv 2 \pmod{11} \rightarrow 2 \equiv 2 \pmod{11}$$

Сонымен, ақиқат салыстыру шықты.

Демек, 11 модуль де арифметикалық амалдың дұрыс орындалғандығын көрсетеді.

Үлкен сандардың бөлгендегі қалдығын табу үшін ұзақ есептеуге тура келеді. Көп жағдайда салыстыруды пайдаланып оңай есептеуге болады.

Мысал 3. $a = (5622 + 179 - 346) \cdot 923$ санын 23-ке бөлгендегі шығатын теріс емес ең кіші қалдықты табу керек.

$5622 + 179 - 346 = 5455$ және 923 сандарын 23-ке бөлгендегі қалдықтарын табайық. Бөлгенде қалдықтар 4 және 3 екенін көреміз, онда салыстырудың (2) және (3) қасиетінен $a \equiv 4 \cdot 3 \equiv 12 \pmod{23}$ шығады. Демек, іздеп отырған қалдық 12-ге тең.

Мысал 4. 7^8 санының соңғы екі цифрын тап.

Шешуі: Берілген санды 10, 100, 1000 бөлсек, онда олардың қалдықтары берілген санның соңғы санына сәйкес 1, 2, 3 цифрлардан тұратын сан болады. Демек, берілген санның соңғы екі цифрын табу керек, ол үшін ол санның 100-ге бөлгендегі қалдығын тапса болғаны.

Ең кіші оң қалдық r — ді табайық $(7, 100) = 1$

$\varphi(100) = 40$. Онда Эйлер теоремасы бойынша

$$7^{40} \equiv 1 \pmod{100}$$

Дәрежесі 8^9 санының 40-қа бөлгендегі оң қалдығын табайық.

$$8^9 \equiv r_1 \pmod{40}$$

$$(8,40) = 8 \quad 8^9 \equiv 8 \quad 8^8 \equiv r_1 \pmod{40} \rightarrow 8^8 \equiv r_2 \pmod{5}$$

$$\text{мұндағы } r_1 = 8 \cdot r_2$$

$$r_2 \equiv 8^8 \equiv 3^8 \equiv 3^{(4)^2} \equiv 1^2 \equiv 1 \pmod{5} \rightarrow r_2 \equiv 1$$

$$r_1 = 8 \cdot r_2 = 8 \cdot 1 = 8$$

Сонымен, $8^9 \equiv 8 \pmod{40}$ немесе $8^9 = 8 + 40 \cdot t, t$ – бүтін сан.

$$7^8 \equiv 7^{8+40t} \equiv (7^{40})^t \cdot 7^8 \equiv 1^t \cdot 7^8 \equiv 7^4 \cdot 7^4 = 2401 \cdot 2401 \equiv 1 \cdot 1 \equiv 1 \pmod{100}$$

Ендеше, 7^8 санының соңғы екі цифры 0,1

Көп таңбалы сандарды көп таңбалы сандарға бөлгендегі қалдығын табу, арифметикалық амалдардың дұрыс немесе қате орындалғандығын тексеру, мектеп математика курсына қолданылатын бөлінгіштің белгілерін дәлелдеу, жай бөлшекті ондық бөлшекке айналдырғандағы период ұзындығын анықтау жолдарын көрсету және тағы сол сияқты мәселелерін келешекте факультатив курсын жүргізуде оқушылар білімін жетілдіруге және пәнге қызығушыларын арттыруда тиімді пайдалануға болады. Қабылдау деңгейі жоғары оқушыларға да салыстыру теориясының арифметикалық қолданылуларын меңгертсек білімдерін кеңейту, тереңдету бағытында дұрыс нәтижеге қол жеткізеріміз анық.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Нұрымбетов, Ә. Алгебра және сандар теориясы. Оқу құралы, 2009
2. Вейль Г. Основы теории чисел. -М., 2004.
3. Гусманова, Ф. Р. Амалдарды зерттеудің негіздері 2011
4. Т.Б. Ділман, Ә.Ж. Мәделханова, М.С. Серікбол Амалдарды зерттеу [Мәтін] /.- Қызылорда, 2013
5. Банникова Т.М., Баранова Н.А. Основы теории чисел (учебно- методическое пособие). - Ижевск, 2009.

ӘОЖ 373

ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ КЕЗІНДЕ БІЛІМ БЕРУ ПЛАТФОРМАЛАР АРҚЫЛЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУШЫ БАҒАЛАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ТЕТІКТЕРІ

Солтанбек А., магистр

ШҚО білім басқармасы Курчатова қаласы бойынша білім бөлімінің «№1 жалпы білім беретін орта мектебі» КММ, ШҚО, Курчатова қаласы

E-mail: aygerim-95vko@mail.ru

Аталған баяндамада мұғалімдердің қашықтықтан оқытуды ұйымдастыра отырып, қолданылатын платформалар арқылы оқушыны бағалау яғни қалыптастырушы бағалау туралы жазылды.

Тірек сөздер: Қашықтықтан оқыту, вебинар, асинхронды, синхронды

В этом отчете описывается оценка учащихся через платформы, используемые учителями при организации дистанционного обучения.

Ключевые слова: Дистанционное обучение, вебинар, асинхронный, синхронный

The report describes the assessment of students through the platforms used by teachers in the organization of distance learning, ie formative assessment.

Keywords: Distance learning, webinar, asynchronous, synchronous

Кіріспе. Қазіргі уақытта ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың заманауи талаптарға сай келуі үшін білімді бағалау және пайдалану жүйесін уақытында өзгертіп отыруды талап етеді. Осыған сәйкес оқытуда қолданылатын әдіс-тәсілдер жалпы технологияларда білім беру талаптарына сай болып жаңартылып отыр және оқытуда қолданылатын әдіс-тәсілдер, әдістемелер, технологиялар білім беру талаптарына байланысты жаңартылып отырады. Сапалы әрі терең білімді меңгеруге талпынған өскелең ұрпақтың жеткілікті дәрежеде сандық сауаттылығы бар, себебі олар өмір жағдайлары барысында жаңа технологияның барлық мүмкіндіктерін пайдаланады. Сол мүмкіндіктерді нәтижелі қолдану мұғалімнің біліктілігіне, біліміне, тәжірибесіне байланысты екені барлығымызға аян. Оқу үдерісін ұйымдастырудың жаңа формасының бірі – қашықтықтан оқыту технологиялары арқылы оқыту. Жалпы қашықтықтан оқыту дегеніміз не?

Қашықтықтан оқыту дегеніміз — мұғалім мен оқушы арасында қандай да қашықтықта интернет ресурстарының сүйемелдеуімен өтілетін оқытудың формасы яғни интернет желілерінің көмегімен белгілі бір арақашықтықта оқыту. Қашықтықтан оқыту тәсілі бойынша жұмыс істейтін мұғалім оқытудың жаңа технологиясын, оқытудың компьютерлі және тораптық жүйелерін жетік біліп, олармен іс жүргізу ісін орындау шарт. Қашықтықтан оқыту тәсілімен оқытатын оқытушыларға және осы істе мүдделі басқа да адамдарға бірнеше талаптар қойылады. Оқытушы компьютермен жоғары дәрежеде сауатты жұмыс істей білуі қажет. Қашықтықтан оқыту сияқты онлайн білім беру әлемінде сыныптар асинхронды немесе синхронды болуы мүмкін. Терминдерге тоқтала өтсек:

- синхронды оқыту – виртуалды сыныпқа ұқсас, бір уақытта оқумен айналысатын оқушылар тобын қамтиды. Оқытудың бұл түрінде оқушы мен оқытушы бір уақытта бір жерде болады. Ол үшін топтық сөйлесулер, веб-семинарлар, бейне конференциялар сияқты мультимедиялық компоненттер қолданылады.

- асинхронды оқыту – қажетті онлайн-ресурстармен өздігінен оқуға негізделген оқушыға бағытталған оқытуды қамтиды. Бұл жағдайда электронды пошта, электронды курстар, онлайн форумдар, аудио-бейне жазбалар сияқты технологиялар қолданылады.

Қашықтықтан оқытудағы мақсаттары мен міндеттері, оның алдағы уақытта ақпараттық технология және коммуникация құралдарының негізінде дамуы туралы білуі қажет.

- Оқытушының ақпараттық құралдармен жұмыс істеуге іс жүзінде дағдылануы қажет.
- Оқытудың телекоммуникациялық құралдарын қолдану ісіне дағдылануын қалыптастыру, атап айтқанда: тұтынушылар арасында ақпараттар алмастыру және ақпараттық жүйелердегі ресурстарды пайдалануға дағдылануын қалыптастыруы қажет.
- Оқу үрдісін қашықтықтан оқыту шеңберінде жүргізу ісіне жан-жақты даярлау, қашықтықтан оқыту жүйесі бойынша сабақ өткізу үрдісінде үйлестіруші болуы қажет.

Негізгі бөлім

Күнделікті сабақтың өн бойында жүретін бағалау қалыптастырушы бағалау. Бұл бағалаудың түрі оқу үдерісінің ажырамас бөлігі болып табылады және оқушылардың дағдыларының қалыптасу және білімді меңгеру деңгейін байқатады, оқудағы қиындықтарды анықтауға, оқу бағдарламасындағы белгіленген оқу мақсаттарына қол жеткізуге көмектеседі. Сонымен қатар оқушылар мен мұғалім арасындағы кері байланысты қамтамасыз етеді, балл не баға қоймастан оқу үдерісін түзетіп отыруға мүмкіндік береді.

Қалыптастырушы бағалаудың негізгі функциялары:

- қалыптастыру – тәжірибе жүзінде құндылықтар жүйесін белгілеу, қалыптастыру және бекіту;
- ынталандыру – оқушының күтілетін нәтижеге қол жеткізуі, тиімді түрде алға ілгерілеуі үшін қолайлы жағдай жасау;
- уәждеу – оқушылардың бойында оқуға және нәтижеге қол жеткізуге деген ынтаны ояту. Олай болатын болса, қазіргі таңда қашықтықтан оқыту барысында оқушыларымызды бағалау тиімді болды ма? Біріншіден мұғалім тарапынан әр баланың орындаған тапсырмасын көре отырып, жеке кері байланыс, түзетімдер енгізу кеңінен

қолданылды деуге болады, себебі онлайн режимінде асинхронды қатынас жүзеге асырылады. Бұл дегеніміз баланың қаншалықты білімді игерді немесе бойында құндылық пен қажетті дағдының қалыптасқаны диалогтық қатынаста көрініс табады. Оқушы өзінің әлі де түзетімдер енгізуді қажет ететін тұстарын, тез арада өзгертуге мүмкіндік алады. Бұдан шығатын қорытынды қалыптастырушы бағалаудың бірінші функциясының орындалғанын байқатады. Сонымен қатар оқушыны алға жетелеу мақсатында үнемі сындарлы және тиімді пікір білдіру қажет немесе қолайлы жағдай туғызған жөн. Мысалы, онлайн режимінде отбасында оқушыға ата-ана тарапынан қолдау, мадақтау берілсе немесе мұғалім тарапынан позитивті көңіл-күй сыйлай отырып, ашық пікір айтылып, жазылып және тапсырманың орындалуына қажетті дәрежедегі уақыт берілсе... Нәтижесінде қалыптастырушы бағалаудың екінші функциясы, яғни оқушыны ынталандыру жүзеге асырылғандығы байқалады және оқушыда алға қарай жылжу көрсеткішін көруге болады.

Мұғалімдердің карантин кезіндегі жұмысы көптеген мәселелер мен сұрақтарды шешуден тұрады – бөлімшенің чатын құрып, сол жерде шешу орынды болады. Мұғалімдер өздерінің тиімді жұмысы күнделікті стандартты жұмыс форматында қолданатын құралдарына байланысты екенін есте ұстауы керек. Сондықтан тек қана өзіңіздің біліміңіз бен дағдыларыңызды қашықтықтан қолдансаңыз жетіп жатыр. Қашықтықтан оқытуда оқу процесін дұрыс ұйымдастыру жеке істерге уақыт табуға мүмкіндік береді. Қашықтықтан білім беру саласында жұмыс істейтін «Bilimland», «Daryn.online», «Күнделік», «Zoom» бағдарламалар ұсынылды. Мұғалім ретінде барлық бағдарламаларға талдау жүргіздім және ыңғайлы әрі қолайлы болғаны «GOOGLE», «Learningapps» бағдарламасы. Өзімнің жеке жұмыс жасап үйренуіме ұтымды болған: «онлайн.мектеп» және «padlet» бағдарламасы. Оқушылар тек тапсырмаларды ғана емес, бейнежазбаларға сілтемені де қоса алады. Сонымен қатар оқушылар үй тапсырмасын бұрынғы әдетпен дәптерге жазып, жасаған жұмысын суретке түсіреді де, электронды пошта немесе WhatsApp желісі арқылы жібереді. Оқу материалын қашықтан үйрену қаншалықты ыңғайлы болатынын балалардың көбі ойлап жатқан жоқ. Оқушылар қашықтан оқытуды карантин кезіндегі қызықты жаңа тәжірибе ретінде қабылдады. Қашықтықтан оқыту жүйесінің басты артықшылығының бірі – уақытты үнемдей алатын болдым. Осы үнемдеген уақытымды өзімнің кәсіби деңгейім мен шеберлігімді арттыруға жұмсаймын. Сабақтың қызықты болуына көңіл аударамын. Сабақтың тақырыбына қарай қосымша тың мәліметтерді таныстырып, оқушылардың қызығушылығын оятуға және пікір алмасу, пікірталастар ұйымдастыру арқылы олардың белсенділігін арттыруға тырысамын. Кез келген адамзаттың бойында қандай да бір іс-әрекетке ынта болмаса, нәтиже болмайтындығы немесе сапасыз нәтиже болатындығы анық. Осы тұрғыда оқушыларымызда тапсырманы орындауда немесе жаңа білімді, дағдыны игеруде ынтасын оятуымыз қажет, яғни уәжін өсіре алуымыз қажет. Педагог оқушының ішкі уәжін өсіруге мүмкіндік беретіні белгілі. Яғни педагог әсер етуші сыртқы фактор ретінде десем, артық емес. Яғни мұғалім дайын білімді бермей, керісінше оқушы ізденетіндей білім беруі қажет. Айталық, онлайн режимі кезінде бала ақпараттық құралдарды қолдана отырып, берілген тапсырманы өз бетімен іздене отырып, жұмыс жасаса, оның сабаққа деген ішкі уәжі өсе бастайды. Сонымен қатар педагог сабақты тек қана қашықтықтан оқытудың ватсап желісін қолданып қоймай, бейнечат, zoom т.с.с. қатынас бағдарламаларын қолданып өтетін болса, оқушыда ынта, ізденіс пайда болады. Бұл қалыптастырушы бағалаудың үшінші функциясының орындалуының бір мысалы деуге болады. Осылайша бағалау ынталандырушы, қалыптастырушы және уәждемелік қызмет атқарады.

Қорытынды. Әрбір жаңа дүниенің тиімді және тиімсіз тұстары болады. Қиын кезең кемел адамдарды қалыптастырады. Қашықтықтан оқытуда оқушылардың кең ауқымда жауап беруіне мүмкіндік аз болып тұр. Қорытындылай келе, жалпы бағалау үдерісінің кезеңдерін еске түсірсек. Мұғалімнің іс-әрекетіндегі қалыптастырушы бағалау үдерісі төмендегі кезеңдерді жүзеге асыруды талап етіледі:

- қалыптастырушы бағалауды ұйымдастыру және жоспарлау;
- қалыптастырушы бағалау әдістерін тандау;
- оқыту мен оқу үдерісінің бөлігіретінде қалыптастырушы бағалау жүргізу;
- қалыптастырушы бағалау нәтижелерін талдау;
- кері байланыс ұсыну;
- қалыптастырушы бағалау нәтижелерін талдау негізінде оқу мен оқытуды түзету.

